



Ермек
Қонарбаев

ЖОЛ БАСЫ

ЕРМЕК
ҚОНАРБАЕВ

ЖОЛ БАСЫ

ӘНГІМЕЛЕР

«ЖАЛЫН»
БАСПАСЫ,
АЛМАТЫ —
1977

Қонарбаев Ермек.

Қ 64 Жол басы. Әңгімелер.

Алматы, «Жалын», 1977.

88 бет.

Ермек Қонарбаев — мерзімді баспасөз бетінде өзінің тәуір туындыларымен көзге түсіп жүрген жастардың бірі.

Бұл кітап жас автордың екінші жинағы. Жинаққа бір топ тартымды деген әзіл-сықақ өңгімелері енгізілді.

Қаз 2

К $\frac{70303-250}{408(07)77}$ 186—78

ИБ № 575

© «Жалын» баспасы, Алматы — 1977



ЖОЛ БАСЫ

Бұл екеуі егіндік басына келгенмен, жұмысқа бірден қызу кірісіп кете қойған жоқ. Соқаның о жер, бұ жерін бір айналып көріп шыққан соң, Омаш еңкек біткен денесін сол икемден жазды да:

— Міне, бала, біздің жұмыс орнымыз осы,— деді Сабыржанға.

Дала деп аталатын байтақ дүние адамға қашан да таңсық. Жүрген сайын, көрген сайын мың құбылып, сан түрленіп, әрқилы сырлы тоса береді. Көре беруге, қызықтауға жалықпайсың да тоймайсың. Қайта құныға, құмарта түсесің! Топырақ түсі, ой-қыраты, дөң-дөнес, бел-белесі, ең аяғы қайнау-қойнау орналасқан ағаштардың бітісі де көз үйретуді, ой жүгірте түсіпуді керексінеді ғой. Сабыржан мұнда келгеннен-ақ егістік бетіне көз салып, барлауда.

Кәдімгі егістік. Орылған егіннің орны. Шегі көрінбейді. Өткен 1956 жылғы күзгі орақта миллиард пұт астықты кеудесінде пісіріп шығарып, Қазақстан даңқын шартарапқа көтере түскен жерің осы. Бір ақын сол жылы тіпті сабан екеш сабанды да жырға тек етіп, миллиардты барша тұрқымен көтеріп тұрған осы емес пе деп те шалқыпты-ау. Мүмкін, ол рас та болар. Ал қазіргі күндері тасылып үлгермей, егістік бетінде бедер-бедер боп, томарша жапырлаған сабан үйінділері келесі миллиардтың қойнауын тыңайта түсейін дегендей, түйдек-түйдек бұйраланған түтінге еркімен беріліп, ду-ду өртеніп те жатыр. Нәр беріп, күн көзіне шығарып, қуат берген жер қойнына күл боп қайта енбекші.

Соқа тісі денесіне бойлаған сайын жер тынысы кеңейіп, мейірлене түсерліктей. Бұл күнгі міндет — осы тегістікті қайта қопарып, қыртысын аударып, келесі егіске әзірлеу. Әр тұстан бір жол бастап, қаз-қатар қалқыған соқалы тракторлар сол мақсаттың қызметінде. Асықпай-саспай, байсалды да маңғаз бір қалыпта тартады. «Ақырын

жүріп, анық басатын» нағыз ецбеккер пейіл бар қимылдарында. Сенімді күш селтендемей, тұғжындамай, еркін жұмылуда.

— Иә, бар екен біраз жұмыс! — деді Сабыржан.

— Жететін! — деп Омаш оны қостады, — көрге кіргеніңше таусылар ма бұл митың!

Сабыржан Омашқа шұқшыя қарап қалды. «Қалай-қалай сөйлейді мына кісі?»

— Несіне қарайсың, жігітім? Мойныца түскен жармадап екі нығың қажалып, қызылмай болғанда көрерсің әлі. Қазір қылшылдап тұрған жас кезінде бәрі таң той саған... Ал, жүр, кірісейік, ырымға болса да бірдене істейік. Әуелі бұл шіркінді бастау қиын деп... Тым құрығанда көз болсын... Анау жүргендер, құдай біледі, біздің әр секундымызды бағып отыр, қай сағатта жұмысқа кірісіп, қай сағатта тоқтай қалар екен деп. Қаттап, шоттап, аттағаның бәрі есепте, шырағым. Ейхай, өмір дегенің осы, міне, ит пен мысықтай аңдысқан. Иә-ә. Ал жүр.

Осылай аз-мұз «сыр шертісуден» кейін Омаш тракторына, Сабыржан соқасына отырып, жұмыстарына кірісіп кетті. Трактор да несінің көңіл күйіне қарай құбылатын сияқты — дар-дұр еткен дауысы біркелкі емес, кейде қақалып-шашалып, тығылып қалады да, артында демігіп барып, жана түзелгендей, мықшын-мықшын етіп тырбаңдан, жер бауырлап та қалады. Қақалып-шашалып үздік-үздік бытырлаған даусы жағымсыз, құлақты тесіп жіберерлік. Иесі Омаштай бұл трактор да өмірге өкпелі сияқты, арындап-арындап, бұлдана жұлқынады.

Темір орындықта сескіріп қойып отырған Сабыржан әлсәтте ұйтқыған шанның астында қалды. Өткен жылдары қопарылып, ұнта болған жұмсақ жердің май топырағы шолжаң желмен қосылып ап ерігіп, жігіттің ашық кеудесін әлемештеп, онан сайын майлаңқырай түседі. Қалтасында қол айнасы болмаса да, көзі, кірпігі, қабағы, тамағы қара жолақпен теңбілдесе бастағанын сезіп отыр Сабыржан, «Ім, тіркеушінің көрген күні мынау болса... Біраз сыбағамды алады екенмін!» — деп өзін-өзі кекетеді ішінен. Көз тұсын анда-санда жеңімен сүртіп қояды.

Қылқып-қылқың етіп қабинада отырған Омаш бұған ара-тұра бір сәт бұрылып қап, самарқаулау көз тастайды. «Ә, отырсың ба?! Отыр! Отыр! Шаңдана түс», — дегендей.

Осылай бір сарынды жүріспен бірнеше айналып, әжептәуір уақыт өтті-ау дегенде, Сабыржан Омашқа:

— Өлтіремісің, сен, кішкене тыныстатсаңшы? — деп айқайлайын деп бірнеше оқталды да, іле өзіне-өзі тыным салып, үндемей отыра берді. Намыс қысты.

Сабыржанның тілегін бергісі келгендей, айналымның бергі басына жетер-жетпесте трактордың өзі бық-бық етіп тұрып алды. Омаш жерге секіріп түсіп:

— Құрып қана қалғырдың радиаторынан су аға беретін пәлесі бар еді, сонысынан ба, әлде қай жерінен кәкір келді бұл салдамаға,— деп трактордың о жағына бір, бұ жағына бір шығып зырылдап жүр.

Сонын қолын бір сілтеп, мотор дыбысын ақырын ғана бұлкілдеген бір қалыпқа келтіріп қойды да, кабинадап аузы жиырмалы ала дорбашықты алып шөптесінге беттеді:

— Жігітім, осы трактордың тоқтауы теріс те емес, өзек жалғап алайық. Былтырдан қалған жұмыс жоқ, басқалар нетіп... істеп жатыр ғой. Біз де солар құрлы қалыспаспыз. Уақыт жетеді. Кел, отыр.

Омаш дорбашықтың ішінен газет суырды. Оны екі қабаттап бүктеп жерге төседі. Сонысін газет бетіне жұмыртқа, бауырсақ, тауық еті қойылды да, бұл тағамдардың ортасына бір бөтелке сары қымыз орнады. Қымызды жиналмалы буылтық стаканға толтыра құйып, Омаш алдымен Сабыржанға ұсынды:

— Ал, кәсе, жігіт, атыңды Сабыржан деп пе едің? Ал, Сабыржан, тартып жібер. Аш қарыңға ішсең арақ жарықтық бойға ерекше дариды, құр атқа мінгендей боласың.

Сабыржан салғыннан қол соза қоймай, сыпайылық сақтап:

— Ішіңіз, өліңіз ішіңіз, — деп стаканды кейін ысырып еді:

— Жо, жоқ, қонақ кәдесі... Жол сенікі,— деп Омаш қайта ұсынды.

Сабыржанмен ілесе қымызды тамсана отырып, ұрттап-ұрттап ішкен Омаш етің үлкен бір кесегін аузына тастап жіберіп, саусақтарын сытырлата рахаттана керілді:

— Шіркін, бұл өмірдің рахаты қымыз бен тамақ қой. Қазіргі бір арманым— қарым шығыңқыраса деймін. Итііп жүргеннен де сүтке тойған қозыдай боп бұлтнып, толысқан шиедей қызара бөртін жүрсең ғой. Онша үлкен мес қарын емес, шағындау ғана қозы қарындай бір жуандығың болса жетеді. Басқасы артық. Қымыз семіртеді дегенге күнде осындай бір жарты бөтелкені сілтеп жүрмін қазір. Сірә, жаман емес...

Қабығынан аршып алып, аузына апара берген жұмыртқаны Сабыржан кейін тартып алды:

— Қысы-жазы бірдей... — деп таңдана қалды. — Оған ақша қайда?

— Ә-ә, білерсің, әлі,— деп Омаш сиқырлы бір күлкімен қылмың-қылмың етті. Бірақ ашылып ештеңе демеді,—

Шіркін, енді бірер сағат мызғып алса,— деп, шалқалай көсіліп жата кетті.

— Бастықтардан біреу-міреу көріп қап бірдеңе деп жүрмей ме? — деп Сабыржан қорқыныш білдіріп еді:

— Ә, қойшы,— деп Омаш қолын бір-ақ сілтеді.

Омаштың созыла түсер әңгімесі әлде де мол сияқты. Бірақ ол сағатына қарап жіберіп орнынан тұрды.

— Қой, түскі тамақ мезгілі таяп қапты. Барып, ыстық шай ішін келейік. Тракторды содан келген соң айналдырармыз.

Сабыржан онша қарсылық білдірген жоқ. Уытты шарап пен Омаштың анда бір, мында бір соқтырған майда әңгімесі бойын үйіріп алған сияқты.

Түп біраз ауған кез. Қараңғылық қою. Алыста жылтыраған трактор шамдарынан басқа тіршілік белгісін берер қимыл жоқ. Тіпті үрей аларлық үнсіздік.

Шағын ғана дөңгелек қамысты көлдің жиегінде Сабыржан отыр. Жалғыз. Оның қазіргі халінде де соңынан қалмай жүрген бір сұрақ ойып мендеп басып алған: қайда сүйрейді, қайда апарарды бұл өмір?

Лайымда өмір сәтсіз басталмасын! Салғаннан қисая тартқан өмір ізін бұрып әкеп түзей салу оңай машахат емес. Қанша ғұмыр, қаншама тер кетеді бұл үшін. Артына айналып қарағанда, жаз дидарлы жақсы бір кезеңдер бұлдыр сағымша өтіп кетіп, енді ғана алаңдатқанын бір-ақ сезең-ау!

Сабыржан өз өмірін сәтсіз бір қадамнан басталған құртырбаң деп бағалайды.

Не қызық көрді ол?

Әкесін түстеп нақты білмейді. Оралмапты соғыстан. Шешесі өкпе ауруынан қайтыс болды.

Әлі есінде... Төсекте сарғайып, қу сүйек боп жатқан шешесі әлсірегеннен бе қалай, мұны ымдап жанына шақырып алды. Қасыма отыр деп белгі берді. Шашынан сипап, жүзіне телміре қарап біраз жатты.

— Көйлегінді берші! — деді.

Сабыржан жамаулы көйлегін шешіп бергенде, шешесі шалқалап жатқан күйі көйлекті айналдырып қарап, тігіс-тігісін әлсіз қолдарымен ашып, әбден болдым-ау дегенде Сабыржанға қарай созған қолы көйлекті ұстаған қалпы сылқ етіп төсекке түсті. Бір кезде сұлу да сұңғақты келіншектің әлуатті қолдары кішкентай ұлының қабыршықтай ғана жеңіл көйлегін қайтып көтере алмады. Келесі күні ол дүние салды. Сабыржан интернатқа алынды. Бірақ алақ-жұлақ боп өскен ол оқуды мандыта алмады. Ақыры жетінші класты бітірер-бітірместен оқуын тастап, өз бетімен

өмір сүруге ел кезіп, қолайлы орын іздеп жылысыл берді. Соған бергі жеткені осы.

Жұрт бір жерде, бір жұмыста тұрақтап, үй құрап күнелту қамында. Бұл болса, күннің жүніне сіңіп кетіп, анда-санда қылтып бір жерден көрінетін суыртпақ жіп сияқты, бір тұста сіңісіп жүреді де, енді біршама уақыттан соң соған етіп басқа жақтан шыға келеді. Сонда осы Сабыржан не іздейді?

Бұған нақты жауабы жоқ. Өмір өзіне үнемі қырын қарап қалғандай болады да тұрады. Қай жағына бұлтарса да, асып өтпес, өре жетпес бір асқарын алдына тосып қоя салатындай. Бұл бөгесуден үркін қалған Сабыржан тайқып кейін серпіледі де, ылданып алып тағы жөнеледі. Сонда аңсары не? Білмейді.

Мана түс мезгілде, Шынар жұмысшылар сүртінетін орамалдарды топтап алып, көл шетіне жуып әкеле жатыр екен. Жас қыздың бұл қылығын жақсылыққа жори қойған тракторшылар сонда ризашылықпен өзара жымыңдасып қалып еді. Неге екені өзіне де бұлдыр, сол сәтте кенеттен шешесінің әлсіз қолымен мұның көйлегін қарағаны тап кешегідей ғана бір анық суретпен Сабыржанның көз алдына келді. Шынар өзіне әлде бір жақын адамындай ыстық көрініп кетті. Төңкеріле қарайтын қой көзі ме, кейде шолжандай басатын ерке жүрісі ме, әйтеуір, Шынарға деген бір жақындық сезімі ішін жылытады.

Тап-таза орамалға сүртініп жатқанда:

— Туһ, рахмет жауғырға біреу ескертті ме екен. Қолға майлы шүберек емес, кәдімгі орамал ұстағандай болды-ау,— деді біреулері мана.

— Ишараты жаман емес баланың,— деді мосқалдаулары.

Әлде осыдан ба, «мен түскен соқпақтың жөні қайсы?» деген сұрақпен қабаттаса Шынардың келбеті қатар тұра қалады.

Сабыржан да үнсіз, әшейінде судырлақ қамысы тыныш қана мүлгіген көл де үнсіз, іштей әлденеше қайталанған сұрақ та жауапсыз, көп нүктемен жалғасқан қалпы көңілден шығар емес.

Сезімге сиқыр боп кіргендей, дәл сол түні Шынар келбеті Омашты да ойландырып, маза бермеді. Сусылдаған атлас көрпе жамылып, солқылдақ кереуеттің үстінде төргі үйде онаша мүлгіген сұр бойдақ тынымсыз дөнбекшіді. «Өзі, тегі, шаруашыл қатын болар-ақ еді-ау! Келе сала орамалдарға жабысуын көрмейсің бе? Соған жуа қой деген ешкім жоқ. Шаруақорлығы ғой шыдатпай бара жатқан. Солай, солай! Қолға бір қондырсам, шіркін! Үйдің іші-

сыртын жалап-жұқтағандай үйрілтіп-ақ әктер еді. Мен сырттан тапсам, ол үйде ұқсатса. Ермен пара-пар қатын сол ғой! Айналдырып көру керек. Менен артық кім керек оған? Өзінде ата-апа деген жоқ-ау, тегі. Әйтпесе осынша еркектің арасында жіберер ме олар. Үрім-бұтағы болмағаны тіпті жақсы. Әйтпесе, бірі кеп бірі, екісі кеп екі, жиған-тергенімді тісімен-ақ құртар. Оның үстіне туыс-туғансыз жалғыз қыз ыңсыз-шыңсыз жеңіл-желпі бір тоймен-ақ кіре салмай ма үйге... Қой, осы жөн болар. Реті келіп тұрғанда қаны қалмау керек».

Осы оймен тынымсыз тыпыршыған жүрегін қайта-қайта сипалап, қайта-қайта аунақшыған Омаш осы қыз қайтсе де өзімдікі болады дегенге шынымен сенді білем, артынша рахат бір сезіммен маужырап, ұйқыға бас қойды.

Шаруашылық басшыларының түйген пікірі бойынша, Жарас тындырымды, жас та болса, бас білетін жігіт. Қатқабат қарбаласы мол, сағатпен мөлшерленіп, шектелмейтін сан-алуан міндет-мүддеге толған қауырт пауқан кездерге Ережептің мұны қалап алатын әдеті. Бастығының алдын-ала сөйлеп, төрге бұрын шыға келтіп шоферлар да болады ғой. Ондайларға іс басындағы адамдардың жолдай қоймайтыны бар. Ал Жарасқа келгенде, талас көп те, кашан да жеңіс осы бригада жағында. Бұған ол мойымайды да. Орталай тартқан жүкке көңілі орнықпайды. Не болса да молынап сүйрегенге жаны құмар.

Тынымсыз жүріс бұрынғыдан да көбейген. Тың дабылмен басқа республикалардан келген механизаторлар бригада басын мекен етсе, жергіліктілерді ауылдан тасымалдап отыру керек. Машина болған соң, сыпбай қоймайды, бұзылған, бөлшектерді тиісті жеріне табыс етіп, жаңасын мерзімінде жеткізу де міндетті. Механик келеді деп қарап отыруға Жарастың дәті шыдап көрген емес.

Енді Шынардың ұсынуымен, түскі тамаққа жұртты станция басына жинамай, тура сол жұмыс орнына апарып, үлестіретін болды.

Бұлармен қабат комсомолдық тапсырмасы тағы бар. Қалай дегенмен, бөлімше комсоргы емес пе...

Комсорг болдың екен — жастарды ерте біл соныңнан! Үйрілтіп әкет. Қолыңнан келмесе, арызыңды бер де шық,.. Әйтпесе дәл жүректің өзі сияқты тынымсыз бола біл. Тындыра біл істі!

Үйіне түнделете қайтып келе жатқан Жарас әр түрлі ойға беріліп, комсорг болып сайланғаннан бергі кезеңін өзінше осылай саралап келеді.

Бригададан шығатын жол дөң үстімен шұбалып келіп-келіп, кенет сылқ етіп, ылдига қарай ентелеп, бауырлай

жөпелгенде, төменде оттары жылтыраған ауыл көрінеді. Ауыл мен бригада арасы бес шақырым. Бір күн ішінде осы екі ортада бірнеше келіп, бірнеше кетіп жүрсе де, күндіз үйіне соға кетуге мүршілсі кейде келеді, кейде келмейді.

Қазір ауыл оты төменнен тосып, бері, өзіне қарай, жақындап жылжыған сабын Жарас машинаның жүрісін баяулата бастады.

Ауылдың шет жағында оның үйі бар. «Үй деген үйе бер дегенмен тең» депті біреу. «Шаңырақ», «шырақ» деседі жұрт, «Шаңырағың берік болсын, түтінің таусылмасын, шырағың сөнбесін» десіп жатады. Жарас та сондай бір шаңырақтың тірегі, түтіні түтетіп отыр. Оның өз үйі бар. Өмір жолы тұтамдан, қысқырып келіп-келіп, көз жұмар шағын тыныш бір сибырлықпен тосып жүрген кәрі әжесі бар. Ақ тілеуін арнып, ақ битасын бағыштаған ақ шашты қарня. Жарастың көзіне Шынар елестеді.

Бригада басында аспазшы болмай қалып, бұл да жеңіл желпі шешіле салмайтын мәселе болғандықтан, Жарас Ережелтің тапсыруымен орталыққа тартқан. Ондағы бір ойы үй шаруасындағы жеңгелердің біріне қолқа салу болатын. Жігітке кесіе алдынан Шынар кездесе кеткен. Төңірекке елсдей қарап тұрған жобасынан бұл маңға бейтаныс адам екенін аңғары қойған Жарас:

— Сіз мені тосып тұрған жоқсыз ба? — деп қалжыңды кейіппен сөз тартты.

— Қайдам. Жолымыз бір түссе, тосқанымыз сіз болуыңыз ғажап емес, — деп қыз да ойнақы жауап қайтарды.

Одан әрі жалғасқан әңгімеден аңғарылған: бухгалтерлік техникум бітіріп келген қыз, алтыншы бригадаға есепші бола тұруға жолдама алып тұрған беті екен. Совхоз бухгалтериясының алқа-қотан столдарының бірі тимеді деп бұртию жоқ, қайта қызметтің алғашқы кезеңін тікелей шаруашылықпен қоян-қолтық бастағанына қуанатын да сияқты.

Сынайынан паңкөңіл, еркетотайлық байқалмағанын жақсылыққа жорыған Жарас өз бригадасындағы жігіттердің жағдайын айтып жабыса кетті. Ыстық тағамсыз қалатын халдерін ескертті. Халықта «ас — адамның арқауы» деген сөз де барын еске салып өтті.

— Мына бұйрық жазылып қалды ғой, — деді Шынар тілдей қағазды көрсетіп.

— Оны реттеудің түк қиындығы жоқ. Есепші табылады, ал аспазшы табу оңай кәсіп емес, — деп Жарас шиыршық атты.

— Ендеше, біздің тұрақ сіздің бригада болады, — деп Шынар кесімін айтты.

Қыз жайлы ойланған Жарас: «Дала қосының гүлі — айнасы болды-ау» — деп түйді. Бұл кезде машина кіре беріс көшенің шетіне еніп те қалған еді.

Көп ұзатпай, ескі дәстүр деп Омаш Сабыржанды қонаққа шақырды. Тамақ ішкен соң, желпінуге далаға шыққын сөкеуі қырлап-сырлап әлеміштенген әдемі үйге қарап, тамашалап тұр. Еңселі, верандалы биік үй. Бір жақ қабырғаны тұтас қапталдай орап салынған зал.

— Бұл қарт ойнайтын зал болады түбінде, — деп қояды, — Омаш, қалай үйім, ұнай ма?

Үйді шынымен тамашалап, тамсанып тұрған Сабыржан:

— Ұнайды, — деді.

Омаш оны бүйірдеп түртіп қойды.

— Ебін тапсаң, сен де салып аласың мұндай үйді. Несі бар? Ақшаң молайған кезде билетке төлейтін сомаңның жартысын лесниктің қолына қыстыра сал да, жаныңа бесалты жігіт ертіп алып, ну орманға сің де кет. Небәрі бір түнде бөренелік ағашты таңдап-таңдап жайрат та сал. Қолдың саласындай түп-түзуін ота және. Міне, үй болады сонғын. Ұқтың ба? Тууың, өлуің бір-ақ рет келер дәурен болғансыңғы жерде өмірдің жұмағын осылай көр, Әйтпесе немене...

— Қаласаң, саған да ол-пұлды үйретуге болады... Тек аржағы өзіңе байланысты. Сөз аяғы осымен тынып, әрі-беріден соң олар түнгі кезектеріне жөнелді.

Осы әңгімеден соңғы Омаштардың қарқыны Ережептің назарын бірден аударды, Бір қалтарыста ол Жарасты оңаша шақырып алды:

— Осы Омаш пен Сабыржанның қарқыны күрт өрлеп барады. Мына екпіндері рас болса, бара-бара Еңбек Ері боп шыға келер. Соны бір байқашы.

Жарас:

— Жақсы, байкастырайық, — деді.

Мезгіл түн.

Зіркілдеген трактордың жапында шөптесінде жантайып сөкеу жатыр. Омаш пен Сабыржан.

— Бүгін, сәті түссе, екі нормаға апарармыз, — деді Омаш.

— Қарқын күшті, — деп Сабыржан оны қостап қойды.

— Үндеме, бара-бара бұдан да күшейтеміз әлі. Бірақ үнемі бүйте беруге болмайды. Ұсталып қаламыз. Кейде өгіз аяңға да түсетін кезіміз болады. Маневр дегенді білуші ме ең?!

Үнсіздік. Омаш бері аунап түсті. Шынтақтады:

— Қалай қарайсың, Сабыржан? Біз ғой осылай жерді ерсілі-қарсылы тілгілеп жүргенде, қоларылған қыртыстан кенет бір қап ақша шыға келсе, ә?

— Қапдай ақша, жаңа ма, ескі заманғы ма?

— Жаңа қайдан болсын, ескісі шықса да...

— Оның пайдасы не, бәрібір жүрмейді ғой ескі ақша.

— Бірақ солай, ақша... Иә, иә, сондайы бар...

Тағы да үнсіздік. Сәлден соң Омаш қайта көтерілді:

— Ал, алтын табылса ше? Міне, мына-андай. Тіпті, ат басындай-ақ болсын жарайды. Қос жұдырық та олқы емес-ау, ә? Қалай ойлайсың?

Омаш Сабыржанға көзі жайнап қадала қарады. Алтынның табылу, табылмауы Сабыржанның жауабына байланысты сияқты. Көзі ішін-жең ежірейіп барады. Сабыржан:

— Ә, қойшы. Бізге қайдан болсын ол,— дегенде, Омаш ат басындай алтынды түңғышқа кетіріп алғандай кіржің етіп ренжіп қалды.

Шалқасынан жатты:

— Шіркін, алтын табылса, білер едім не істейтінімді.

— Не істер едің?

— Не істер едің дейсің бе? Ең алдымен осы карамай-күйелеш қу бейшәтті тастар едім.

— Сонсын?

— Сонсын потолоққа шырт-шырт түкіріп жатар едім... Күнде сайран, күнде той... Уух... Әттең не керек қолда жоқ. Тым болмаса күміс, тінті қола болса да, бірдеңе табылса...

Сабыржан мырс етіп күліп жіберді.

— Өй, немене күлесің? Мәселен, сен қайтер едің?

— Әлі ойланғам жоқ. Алтын қолға түссін де әуелі. Сол кезде бір-ақ көрермін.

— Өй, қойшы әрі. Адамның көңілін басып тастайсың. Серік боп сүйкеңісуің жоқ. Өтірік болса да қосыла кетсейші. Қолмен ұстамасақ та, көңіл тоқ жүрсін де.

Омаш ренжіп теріс айналды.

Сөйткенде Сабыржан жерге тіреніп көтеріле берді де:

— Ана бір машина бізге қарай келе жатыр,— деп қалды.

Омаш жалма-жан ұшып тұрды.

— Ә, комсомол шығар келе жатқан. Пысықсынуын. Тексергісі келген ғой. Бұл да тезегіне сүрініп жүрген жағымпаз,— деп кекесінді бір ызамен булығып тұрды да, кілт сыбырға көшті:

— Ал, Сабыржан, екеуімізге бір сын бұл. Рычагыңды тезірек төмен түсіре қой. Бар тереңше сал. Жосылтып тарта жөнелейік. Ештеңе сезбеген бол. Қимылда.

Сабыржан жүгіріп тіркемеге келді. Бұл мезетте айналымпап көрінген машина тоқтай қалды. Қараңғылықты тіле ұшқындаған жарығы аспанға тік самғаған ракета сияқты. Кабинадан ағарандап екеу түсіп, жыртындының ортасына қарай тартты. Шоқнып отырды. Тұрды. Қайта жүрді. Келіп-келіп тағы шоқиды.

— Сабыржан,— деді Омаш,— Ұсталдық. Дәл тайыз тілген жерімізден өлшеп жатыр. Не де болса, сыр бермейік. Жауап сол: «Түйе көрдің? Жоқ. Бие көрдің? Жоқ». Ал отыр, нығыз отыр. Божылдатып тартайық.

Сабыржан жыртындыны өлшеп жүрген ексуге тағы бір шүкшия қарады. «Анау Шынар ғой!» деген ой төбесін шымырлатып әкетті. Үйреншікті қимылмен орнына отырды. Трактор жұлқи жөнелді.

Алда трактор, соңынан машина, екі жарықтың ортасында келе жатқан Сабыржан қыспақта қалғандай сезінді. «Мыналар, дәуде болса, Жарас пен Шынар. Қазір келіп тергегенде не деймін? Шынымен өтірік айтам ба? деген ой миын шағып, бүкіл денесі дызылдап, ысынып қоя берді. Сөйткенше арттан жалтылдап, бірде бұларды шалып, бірде қашықтаған жарық біртіндеп тақалып молая түсті. Сабыржан енді арт жаққа қарауды қойды. Тіршіліктен бейхабар адам сияқты, төнкерілген қыртысқа қараған күйі мәңгіріп отыра берді.

Машина қатарласты. «Тоқта» дегендей көзін жыпылықтатып, белгі берді. Бірақ машинадағылардың таяп кеп берген белгісін елмегендей Омаш та қалшынып отыр. Ешқайда мойнын бұрмайды. Бар ынтасы алдында секілді. Машина кеспет тоқтай қалды. Кабинадан Жарас атып шықты. Трактормен жанапайласып жүгірді:

— Әй, Омаш, тоқта! — деп айқайлады.

Бұрылар Омаш жоқ. Тартып барады.

Жарас кейін машинасына қарай жүгірді. Лезде газик орғып секіріп, орғып секіріп ытқыған күйі трактормен қатарласты. Озды. Ілгері кетті. Сабыржан «Енді не болар скен?» деп мойнын ілгері созса, трактордың қарсы алдында қалшынып Жарас тұр. Қара торы жүзі сұрланып кеткен. Екі жұдырығы түюлі. Шынар бірдеңе деп айқайлап, жалынды. Жеңімен жұлқып, жискке тартады.

Сабыржан сасайын деді. «Ет қызумен Омаш басып кетпесе жарар еді!» — деп хауіптенді. Омаш екеуін жалғастыратын белгі ретінде тартылған сымды жұлқып қалды: тоқта дегені. Омаш бері бұрылмастан бір қолын сілкілей белгі берді: жұмысың болмасын, өзім білем дегені болса керек.

Дар-дүр ышқынып барып трактор тоқтады. Жарас келе сала Омаштың жағасынан ала түседі екен деп тұр еді Сабыржан. Онысы болмады. Ерекше бір нәшпен ырғала басып келді де:

— Омаш ағасы, бері келіңіз, — деді.

Омаш жерге түсті:

— Ішіп алған мас біреулер ме деп сескеніп қалсам, өзің екенсің ғой, — деп әзілге басты.

— Сабыржан, сен неменеге күйбеңдеп жүрсің? — деп Шынар да тіл қатты.

Жарас сабырлы көрнесе де, әңгімені тік бастады:

— Сендер қылмыс істеп жүресіңдер!

Омаш елегзі қалды:

— Иә? Бұл бір жаңалық екен?

— Тайыз жыртыпсыңдар...

— Қой, бала боп кетті дейсің бе бізді? Қалжыңның шығар.

— Іс басында қалжыңдамас болар.

— Е, ендеше тексер. Әне соқа, әне трактор, тереңдігін байқандар.

— Тексердік қой. Несін сылдырата бересіз.

— Сенің қалай тексергеніңді қайдан білеміз. Ең дала-ның ой-шұңқыры көп. Бір томарға киліксе, трактор қоқаң етіп көтеріліп кетеді де, едәуір жер тайыздау жыртылатыны рас. Сондай бір жер кез келген шығар.

Омаштың кеңірдектеп, дәл қазір жөн бермейтініп сезгендей, Шынар Сабыржанға жабысты:

— Сабыржан, шындықты сен неге айтпайсың? Қомсомол емессің бе сен!

Қадала қарап тұр. Бірақ Сабыржан бет-жүзі құбылып теріс айналды:

Комсомолда жоқ едім, — деді бұрыла беріп.

«Дәл Омашша сөйлеп кеттім бе, қалай?» деген ой миын қамшылап өткенмен, оқыс сөз ауыздан атылып кетті. Қайтып алуға болмайды, Шынар таңқалған кейіппен жетіп келді. Біреу жүрегіне иіс сұғып алғандай:

— Сабыржан! Сен комсомолда жоқсың ба?

Сабыржан күтпеген бір салқындықпен бей-жай ғана тіл қатты:

— Иә, Шынар... мен комсомолда жоқпын.

Қортындыны Жарас айтты:

— Жә, тап қазір ештеңе өнбейтіні көрініп тұр. Ертен комиссия шығарамыз. Содан бәрі айқын болады,

Машинаға қарай жөнеле беріп, Сабыржанға қайта оралды:

— Сен комсомолда шын жоқсың ба?

— Шын жоқпын.

— Неге?

Жарас қайтып сөз қатпады. Күрт бұрылып жүре берді. ...Ексуден-скеу оңаша қалған соң, Омаш жер тепсінді: — Құдай-ау, әліне қарамай бұл да бір тыштақай. Белсенді болам дейді өзінше. Содан біреу жалынып сұрағандай актив бол деп. Қайтерсің бұларға,— деп долданды.

Артынша шыж-быжынап тез тыйыла қалды:

— Ал, Сабыржан, айналайын, бізді мықтап ұстады. Енді бұлар оңдырмайды. Уақыт барында тайыз жыртылған жерлерді ара-арасынан із тастап қайта жыртайық. Әйтпесе мүлде құримыз.

Сабыржан қолын бір-ақ сілтеді,

— Қолыңмен істедің, мойныңмен көтер. Кім бізді зорлаган? Немене былығын былығып боп, белбеуімді енді ағытайын деп пе ең?

— Әй, бала, сен немене сонда? Тайқып шыға келгенің бе бұл.

— Не десең, о де. Қайта жыртуға мен бармаймын.

Омаш та сылқ ете түсті.

— Е, мейлің ендеше. Безбеннің ауыр басында өзің тұрасың әлі.

— Не қылмайсың деп? — деген сұрақпен Сабыржан Омашқа күрт бұрылды.

— Енді қалай? Өлер жерінді де білмейтін сорлы скенсің ғой өзің, О, құдай-тағала, мұндай да жан боп жаратыла береді екен-ау. Не бір мысық ұйқы маубас, не жер төңкерілсе қыңқ етпейтін кеменгер боларсың, тегі.

Омаш әлі де көпіріп сөйлей беретін сыңайы бар еді. Көп сөзбаққа Сабыржанның шыдамы жететін болмады:

— Тоқ етерін бір-ақ айтсаң деймін,— деді тістеніп.

Сұрлаып кеткен өңінде қалшыл пайда бола қапты. Омаш та турасына көшті:

— Мәселе былай, шырақ: мен кабинада, сен далада, арамыз көш шақырым. Сенің прицепте отырып не құйтұрқылық жасап отырғаныңнан менің еш хабарым жоқ. Ендеше әрі айтқанда зиянкестік қылмыс, бері айтқанда жұмысқа немқұрайдылық — осы екеуінің бірі сенің мойнына түседі... Әйтеуір, пәледен мен аулақпын. Түрте қалатын сенсің. Әліде де кеш емес, қайта жыртайық.

Бұған мойынсұнған Сабыржан болған жоқ:

— Мейлің, өзің біл, менен көмек күтпей-ақ қой,— деді де ең даланы беттеп жүре берді.

Сабыржан қазір басқа ойдың салмағында жаншылып

қалған. «Сен комсомолда шын жоқсың ба?» — деген сұрақ құлағыңда шыңылдап тұрып алды.

Әрине, түндегі оқиға қоспасыз, бүкпесіз, шындық қалпында бригада басқарушысына мәлім етілуге тиіс болатын. Бұл солай етілді де. Қылмыстылардың тосқаны «түпдікті желпінтетіндей» үлкен айғай еді.

Бірақ Ережеп Омаш пен Сабыржанның қылмысы тұра-сында езіп-мыжып көп сөйлескен жоқ, Омашқа:

— Жылмысқы мінез сенің баяғыдан бергі кәсібін болатын. Ұсталмай жүретіңсің. Елді бір түссең қолыма, жақсылық күтпе. Соңғың болсын осы. Ал мына бетімен қалқып, босқа тілгілеп, көп бояған жерлеріңді қайта жырт! — деді.

«Ойбай-ау, бұл енді... не қылғанда» деп қибыжықтай бастаған Омашты, сол сәтінде-ақ Ережеп шорт кесті,

— Болды! Орында!

Сабыржанға:

— Жас жігіт, жирамаған екен. Мынауымыз ұрлық қой! Ұрлықпен жөн таппайсың. Есінде болсын! — деді.

Мұнан соң түнжырай қадалғанда, зілі салмақтана қалатын көздерімен екеуін көзек шолып, «айтарлары бар ма екен?» дегендей сөз уяқыт үнсіз отырды.

Әңгіме осымен тынды.

...Сол күні Сабыржанның орында жоқ боп шықты. Киім кешегі бәрі орында. Өлі жоқ. Бұл жаңалықты салғаннан хабарлаған Омаш болды. Көзі сығырайып Ережепке жүгіріп келді:

— Ойбай-ау, әлгі Сабыржан қу жоқ болды ғой. Зым зия жоқ.

— Жоғы несі? — Ережеп сұстана қалды.

— Сол. Жоқ. Кеткен жылысып. Осында келгеннен-ақ кетемде-кетем деп жүрген. Өзіңде бес сом ақшам да ба? еді. Әнеүкүні қиылып сұраған соң, қарызға бере қойып.. Митындап түк бітірмей жүреді, жүреді де, бірдеңеден көңілі қалса, шуу қара күйрық деп тайып отырады. Тауып ал сонсын көрейін...

Ережеп Омаштың әденкі байбаламын тындап болар болмастан Жарасқа:

— Сол соққан кетсе, кетіп те қалар... Іздеші... Тақа ұзақ қоймаған шығар, — деді.

Аз ғана уақыттың ішінде Сабыржаннан түңіліп үлгерген болса керек:

— Кетсе қайтеміз, кемімеспіз, — деп қалды Жарас.

— Шамамыз келгенінше бір-бірімізден суына қалуға асықпайықшы, бауырым, — деген жауап болды мұнысы

на. — Суыну, теріс айпала кесту — әркімнің-ақ қолынап келе беретін арзан қылық.

— Бір басына өзінің құнты жоқ мұндай жанды әлдилей беруге де болмайды емес пе?!

— Бұл, әрине, жалпыға белгілі қағида ғой. Негізінен дұрыс. Сонда да... Осы жігітті келгелі мен де байқап жүрмін. Томаға тұйық бір жан екені рас, «Ішімдегімді тап» дейтін сияқты. Үрлеуі жетпей, көрігі табылмай жүрген бір шоқ бар ма кеудесінде деп те ойлаймын. Осы түйсігіме сенім келеді де тұрады. Кейде білте қанша жанайын, жарық берейін десе де, шам түбіндегі қорск майға жете алмай, қор болатыны да бар емес пе?! Сондықтан да қолымызды қалай болса солай сілтей салмайық.

Әшейінде бұлай көсіле сөйлеп, шешілмейтін Ережептің бұл тебіренісіне сәл тақырқап қалған Жарас қайтып сөз жамыратпай, аттанып кетті.

Бұл кезде Омаш Шынарға келді. Әлде қандай бір қуанышты жаналығы бардай сығырақ көзі жылтың-жылтың етеді.

— Шынаржан, естідің бе, әлгі жігітіміз зытып отырыпты ғой?

Шынар алғаш түсінбей қалды:

— Жігітіміз кім?

— Кім болушы еді, әлгі Сабыржан да.

Шынар аңырып қалды:

— Не дейсіз? Ол қайда?

— Табанын жалтыратып тайып отырыпты.

— Мүлде ме?

— Енді... мүлде болмағанда, ойнап кетті дейсің бе,

Шынаржан-ау.

— Сонда қайда кетіпті?

— Итім білсін бе?

Шынар әр жағын қазбалап сұрамады.

Омаш болса, жуық арада кете қоятын түрі жоқ. Қайта себептен себеп тауып тілдесе түспек. Стол үстінде жатқан үлкеп тесік ожауды алды. Айналдырып көрді:

— О, ғаламат. Қазанға салып жіберсең, сұйығын бір бөлек, қоюын бір бөлек бөле салады, ә? Керемет, керемет! — деп ожауға тамсанып отыр. «Көрмегенге көсеу таңның» кері.— Мына бір пышақ қайрағышың да сөкет екен. Біз ғой қайраққа жанғыштап қанша әлек боламыз, ал мынаның екі арасына қыстыра салып бір сыр еткізсең, шаруа бітіп жатыр, ә? Таппайтыны жоқ бұл жұрттың, таппайтыны жоқ.

Сөйтіп мылжындап тұрған Омаш бір уақытта Шынардың жалаңаш білегін ұстай алды. Шынар ыршып кетті.

Омаш қайта жабысты. Столды бір бүйірімен соғып кетіп, қалайы тарелкалар қаңғыр-күңгір жерге түсті,

— Шынаржан,— деп Омаш өзеуреп өліп барады.— Шынаржан... Мен сені алсым қайтеді, ә? Айтшы. Оллаһи!

Омаштың қарекетін жаңа сезген Шынар бұған бір сәт одырайып қарап тұрды да, кенет күліп жіберді. Омаш сос-тиып кейін ытқыды:

— Жарайд, жарайд... ойланарсың... Мына біреуді оқи қойшы!— деп қалтасынан бір қағазды суырып столға қоя салды.

Өзі, біреу ұстап алар деп сескеңгендей, жалма-жан шы-гып отырды.

Сабыржан Ережентің сөзін шытынамай, сөз жарыстыр-май тыңдап тұрса да, шешімі бұған дейін-ақ пісіп болған. Кетпекші боп бекінген. «Артыңа шала бір байланған сон, тақымдап тыныштық берер ме бұл жұрт! Қит етсе көзге шұқымай ма? Өйтін, сүлденді сүйретіп жүре бермей, тау керек».

Сабыржанның шешімі осы болды. Сол ниетпен ешкімге білдірмей кетіп отырған. Жыю. Бағыты — орталық. Со-нан жол-жөнекей машина, көлік кездесе, ілігіп жүре бермек.

Неге екенін білмейді, бұл жолғы кетуі бұған оңай соқ-пады. Тұрмыс таршылығын көріп, менсінбей, немесе біреуін ұнатпай, ұғыныспай кету емес, бұл жолғысы өзі кінәлі бо-ла тұра, сол кінәдан жылысын қашу еді.

Ол ауылға жақындай бергенде, соңынан машина кө-рінді. Мұның Жарас екенін сезе қойды. «Қашқынды қуып келеді ғой,— деп іштей кекесінмен мырс етті,— Қайда ба-расың, неге кетесің деп мазалай берер, одан да басқа бір-деңсені сылтауратып құтыла салайын».

Машина құйғытып кеп тоқтай қалды. Сарт етіп есігі ашылды,

— Иә, Сабыржан, хал жақсы ма? Не, біздің ауылмен тапыса бара жатырсың ба?

— Иә...

— Ендеше жүр. Бірге аралайық. Менің азын-аулақ бос уақытым бар.

Сабыржан созалаң қимылмен келіп кабинаға отырды. Отырғысы келмей бір тұрып еді, көңілі бір түрлі бей-жай, ала-құла боп құбылып кетті. Бәрібір секілді оған.

Бұлар Омаш үйіне қарай бұрылды. Жол сол тұстап өтетін:

— Мынау Омаштың үйі,— деді Сабыржан.

— Білем.

— Жуырда тексереміз.

— Неге?

— Қолда бар байлығын жалақысымен салыстырамыз. Сонда жоқайы көрінеді мұның... Ал анау шал, өзің дұрыс-тап қарап алшы... ардагер қарт, кәрі коммунист. Осы ауыл бүтпн дейін колхоз болатын. Енді совхозға қараған соң, орталық әрі бөлімше болды ғой. Сол колхозды қолымен құрған кезін осы. Сол жолда баласы да құрбан болған.

Сабыржан селт етті:

Баласы?

Иә, баласы... Е, Сабыржан, екеуміз жоқ кезде қилы-қилы уақиғалар, сан түрлі айқастар болған ғой. Осы өмір, осы тұрмыс дәл осы қалпында дік етіп орнай қалды дейсің бе? Сол бір арпалыс жылдарда қаншама қан ақтарылып, қаншама жан кірмеді жер қойнауына... Иә, әлгі әңгімеге орпалайық, Осында колхозға қапы қас бір қажы болады. Колхоз болмаймыз деп үрім-бұтағымен тік көтеріліп көшеді. Көшіп бара жатып, «басқарманы өлтіріп кел» деп, өлдерінің біреуін жұмсайды. Дәл осы сәтте бұл кісі үйінде жоқ екен. Сонда көзі қарауытып келген қаскүнем басқарманың бес жасар тұңғышын алдап шақырып алып, мышақтан кетеді. Сол қазаны да қайыспай көтеріпті-ау сабызан. Қазір дербес пенсия алады. Былай қарасаң, мыштиған шал. Адам қызығар ештеңе сезбейсің кейпінен. Бірақ қаншама тарих, қаншама ұлы асулар сайрап тұр оның кеудесінде. Тарихтың тірі куәсі.

— Ім. Солай де.

— Солай, бауырым. Сәлем бере кетейік.

Машинаның өзіне бұрылғанын көріп, әлгі шал көзін қолмен көлеңкелеп, бұларға қарап тұрды. Жарасты танып:

— Ә, комсомол баламысың? — деді де, қысқа аманшылықтан соң өзі сөйлеп кетті.— Иә, халдерің қалай? Егіс бітетін бе? Тұқымдықтарың жақсы болуға тиіс, энеугүні көріп едім. Техникаларың қалай? — деп сұрақты жаудыртып барады.

Көздерінде бір байсалдылық, тиянақтылық бар, Бірінен соң бірін суыртпақтап, көкейінен шығарып. Жарастың алдына қойып жатқан сұрақтары «біле түссем, сезіне түссем» деген тойымсыз бір ынтаны аңғартқандай. Жарастан алған жауаптар көңіл атты кең сарайдың олқысын толтыра түсіп жатқан сияқты.

Бұл әңгіменің аяғы:

— Сендер жаққа мен де барып қайтармын. Дүбірлеріңді көріп кетермін,— деген шал уәдесімен тынды.

Сабыржан дәл осы сәттегі өз халін өзі ажырата алмас бір күйде. Омаш мұны әлдебір жұмбақ, сағымға сүйресе. Жарас мұның бетіне салқын су тамшыларын бүркіп-бүркіп,

есіп жиғызып: «Аш көзінді, дұрыстап қара өмірге!» — деп тұрғандай.

Шешесінің бір әңгімесі есіне түсе кетті...

...Жұрт су алып ішетін құдыққа бір баланың түкіріп тұрғанын көріп, Сабыржанның анасы үйіне жетелеп апарыпты. Ата-анасы ашу-араздықсыз болса да, аздап реніш білдірейік деген екен:

— Бұл бүгін құдығымызға түкірсе, онысын көре тұрып слемей жүре берсек, ертең бетімізге түкірер. Көптің мүлкін көзіндеі сақтап үйренсін! — депті.

Осы әңгімені шешесі Сабыржанға қайта-қайта айтушы еді. «Ұқтың ба?» — деп қайта-қайта сұраушы еді. Сонда не айтқысы келді екен оның? Қайран шеше, көксейінде көп сырлар кеткен екен ғой!..

— Айтпақшы, сен біздің клуб жақта болдың ба?

Өз-өзіне беріліп, сұлық тұңжырап қалған Сабыржан «онда не бар» дегендей, сұраулы кескінмен Жарасқа қарады:

— Жоқ, болған жоқ едім...

— Кеттік ендеше.

Клубтың ауласында төңірегіне ағаш, гүл еккен бір ескерткіш күмбез тұр екен. Жарас солай қарай беттеді:

— Мынау жатқан - осы ауылдың алғашқы комсомол мүшесі Ережелінің ағасы, - деп таныстырып келеді.

— Осы... кәдімгі біздің бригадирдің бе?!

— Дәл өзі. Сол кісінің ағасы. Бандылар өлтіріп кеткен. Өжет, жалынды комсомолец еді деседі жұрт. Өзі қызыл әскерде боп, одан келісімен комсомолдар ячейкасын құрмақшы екен. Дегенін толық орындап үлгерсе алмапты.

— Ал, біраз айпалып қалдық. Бригадаға қайтпаймыз ба? — дегенде Сабыржан қарсы айтар жауап тапқан жоқ:

— Оралсақ оралайық, — деп күрсінді де, орнына отырды.

Машинадан түсіп жатқан Сабыржанды көргенде, Шынар бір түрлі қуанып кетті. Неге екені өзіне де тұман, Сабыржанның оралып келетініне ол сенді. Шынар таяп келгенде, жымиып күлді. Кінәсін сезген сәбидің кіршіксіз нұрлы күлкiсiндей.

— Бәсе, тап бізді тастап кете қоймас деп ойлап едім, — деді Шынар.

— Қойшы, кетпейтініме шын сендің бе?

— Сендім.

— Басқалар ше?

— Басқалар сені керексініп, із суытпай-ақ іздеген жоқ па?

Іздеді? Кім іздеді?
-- Жарас ше?
- Жарас?!
Ежең ғой жіберген Жарасты.
Ежең?!
Іздедік, Сабыржан, керексініп іздеді...

Сабыржан мен Ережептің сөзі әдеттегідей қысқа болды:
Ережеп аға, мен жұмыстан кешігіп...

Жә, білем. Маған қажет түйіні — келгенің! Жұмысыңа кіріс. Қауырт кезеңде қас қағым уақыт қымбат...

Сабыржан өз көзіне сенер сенбесін білмеді, бұл жұрт өңірін кеткен шығар, түге! «Ережеп аға-ау, мен сендерден қашып кетпекші болдым ғой, Оны білдіңіз бе?» — деп айқайлап жібергісі кеп бір тұрды да, өз ойынан өзі ұялып, қоя қойды.

Өзгермеген тек Омаш екен.

— Не дегенмен, біраз дүрліктірдің өздерің. Жарайсың! Маладес! — Сабыржанды нықтан қағып қойды, — кетіп килудың реті келмеді, ә?

— Реті келмеді. Сірә, енді реті келмес ше.

— Қой?! Бұлардың үгітіне көніп қалғаның ғой, тегі. Бәсе, бәсе... Бірақ ертең-ақ көрерсің, мынау посев біткен соң, бір сен түгіл бүкіл бригада көшіп кетсе де, мыңк дер ме екен бұлар... Жәй тығыз уақыт болған соң ғапа, өздерінен өзі пысып...

— Жә, жұмысқа кірісейік, бос сөздің керегі не?

— Қһп, хім,.. Кіріссек, кіріссейік...

...Түнің біразы ауған. Таң да алыс емес. Жұмыс та біраз қарқындаған. Омаш тракторын тоқтатып, жерге түсті.

— Хал қалай, Сабыржан? — деп керіле есінеді, — ұйқы да басып бара ма, немене...

Сабыржан темекі тартты.

— Түн ғажап екен! — деді.

— Иә, ғажап, тек біз мандыта алмадық бүгін. Ептеп ара-арасында құйылтып жіберіп отырсақ қайтеді? Қайсы-бірін байқай берер дейсің... Ә, Сабыржан?

Сабыржан басын шайқады:

— Жок, ұят болар ендігіміз.

Соңғы күндері Сабыржан өзімен онша елжіресіп, елпідесе бермейтінін сезіп жүрген Омаш та онша қажан жоқ.

— Мейлің, — дей салды. — Сонсын: — Мен мына шокка барып, сырғауылдық ағаш қарап келе қояйын. Сен өзін

жүргізе тұр, — деді де, жүзі құлшырған, ыңғайлы, кішкене балтасын алып кетіп отырды.

Опаша қалған Сабыржан бүкіл агрегатқа бір өзі не боп жұмысқа кірісіп кетті. Көптеп тосаңсып қалғаннан ба, жылы кабинаның іші денесін маужыратып, тұла бойы босаңсып барады. Ұйқыға жетелейді. Әлдилейді. Әп-сәтте көз алдына Шынар, Жарас, Ережеп — бәрі алма-кезек кеп тұра-тұра қалды. Бір-біріне ұқсамайтын, бірақ әлдене бір мінездерімен Сабыржанға қымбат бола бастаған жандар.

Шынар... Жаутаңдап түнжырай қалған көз қарастарында жасырынып әлі жарық көрмеген, Сабыржанға жұмбақ бір жақындық бар.

Жарас... Жас та болса көптің басшысы болуға тырыса ма, қалай?!

Ережеп... Қатал да әділ.

Комсомолға да арыз беретін уақыт келді-ау, сірә. Ертең Жарасқа жолығу керек. «Комсомолға не үшін мүше болғын келеді?» — десе біреу, не деп жауап беретінін енді біледі Сабыржан,

Япырау, мына келе жатқан Шынар ма? Жымияды Қандай әсем! Қолын бұлғап бірдене дейді. Дауысы естілмейтіні несі?

Денесі лыпылдап, талмаураған Сабыржан кірпіктері айқасып, қалғып кеткенін сезбей қалды. Тек салқын бірдене денесін шарпып өткенде, селк етіп көзің ашты.

Кабинаның іші лық-лық етіп суға толып, кернеп барады. Су кеңірдегіне қарай жылдам көтеріліп келеді. Көзі шатыпап, жаны қыл ұшына іліккен Сабыржан бұлқынып есікке ұмтылды. Бұл есікті қармап үлгергенше, белгісіз бір қол мұның жеңіне жабыса кетті. Лезде кабинадан суырып шығарды. Ажалдан құтқарған сәтте қандай тегеурінді қимылдаса, әлгі қолдар сол тегеуірінмен желкесінен жұмарлай ұстаған қалпы сілкініп итеріп жіберді:

— Сенен-ақ көретін болдым-ау көресіні! — деп ашынған дауыс қабат шықты.

Есегіреп, мәңгіріп қалған Сабыржан сасқаны ма, жан ұшырып, белуардан суды кеше жағаға қарай тура жүгірді. Шығып алып кейін бұрылса, тракторы көлдің ортасына қарай сидеп кіріп кетіпті. Жалтырата қырылған бастың дәл төбесінде қалған бір сыпырым шаш сияқты көлге дейін бір жол қыртыс аударылып кеп, суға тұмсығын сүңгіте сұғышыпты. Трактор маңайында малшынып Ережеп пен Жарас жүр. Таң ағарып қапты. Ойға да кірмеген кесепатын маңдайға сарт еткенін жаңа сезген Сабыржан басын сұлқ түсіріп тұрып қалды.

Ережеп пен Жарас малти жылжып бері беттеді.
Ережеп:

— Омаш қайда? — дегенше, сырт тұстан байбаламдап жүргірген Омаштың да дыбысы білінді.

— Ойбуй, ойбуй. Құрттың-ау, Сабыржан. Ай, бала дегеннің шалалығы-ай енді! — деп далбалақтап келеді екен,

Ережеп:

— И, барқылдама. Болды,— деп тыйып тастады,— Қайда болдың өзің?

— Қайда болушы еді. Осы маңайды да... Мына Сабыржан: «Мен жүре тұрайын, тракторды сағынып қалдым»,— дегенсін бере қойып едім... Қайдан білейін бүйте қоятынсың... Ойпырай, енді, ә? Бұл енді... нетіп...

Оисыз да қажып тұрған Сабыржан атылатын жыртқыштай сұстана, сұрлана қалды. «Ит екенсің ғой. Қалтарысың қалай көп еді!» — деп тұрғандай Омашқа.

Мұның ұсқынынан сескеніп қалған Омаш, бет-жүзі құбылып, қуарып, көзі ежірең-ежірең етті. Үрей мен жалыныш қабат ойнайды жүзінде. «Сырғауылды айта көрме, жалынам, айта көрме!» — деп тұрғандай. Оның осы қаңылтырша қалтырауын сезе қалған Сабыржан жиреніп кетті. «О, қойшы соны!» — деп ызасын лезде тежей салды да, назарын төмен аударды.

Жарас Сабыржанды маңайлап кеп:

— Әй, Сабыржан-ай, байқамай қалғаның ба, ұят болды ау,— деді.

Қабағы қатуланып тұрған Ережеп онысын жақтыртпай, күйіне киіп кетті:

— Ұят, ұят деп мәймөңкелейтін ештеңе жоқ. Танертеңнен бастап есебіңді айыр да тай! Енді бұл бригадада сені көрмейтін болайын, Сабыржан!

Адам мінсіндегі шыдам деген асыл қасиет те домбыра ішегіндей бырт етіп үзілетін кездері болады емес пе. Ережеп те бұл жолы күйінішті бір қыжылға ерік беріп қалған сияқты. Шешімін кесіп айтып, ол машинаға қарай жөнелді.

Сабыржан өз тағдырының кілті дәл осы арада скенін айқын сезді. Енді жоғалтса, қайта бұрылып қарауға мүмкіндік болмайды. Осы сезімнен ол ширығып кетті. Шешімді, нүктелі сөзін айтатын кезі енді жеткендей. Жел қуған қаңбақша сай-сайда бір дамылдап сырғи беру керек, не өз тағдыры үшін өзі алысу керек. Екінің бірі. Басқа жөн, басқа жол жоқ. Ирелең жол бұлтаңын қойып, бір арнаға түсу керек енді.

— Жоқ, мен кетпеймін, Ережеп аға! — деді Сабыржан жұлып алғандай.

Машинаға жете берген Ережеп кілт тоқтады.

— Қусаңыз да кетпеймін, Ережеп аға!

Ережеп кері беттеді. Шынық ба, расың ба деп, бетіне әбден анықтап үйілгісі келгендей.

Сабыржан тайсалмастан тура қарады. Айтқанынан қайтар түрі байқалмайды.

— Өзім бүлдіріп, өзім жөндеймін, Ең соңғы рет сепіңіз, өкіпдірмеймін,— деді ол тағы да.

Ережеп Сабыржанның ниғына салмақты қолып сабырлы бір қимылмен жайлап салды да, көзіп қадап ұзақ тұрды. Өзі жалаңбас. Қатты, қайратты шашы кейін қайырылған. Қиық бітісті қой көзі түңжырай қарайды. Сынап тұр. Сабыржан айтқан шешімді сөз көзінде, көңілінде бар ма дегендей. Сонсың жайлап бұрылып Жарасқа қарады:

— Жарас, ана жүрген агрегаттардың бірін бұрып, осында алып келші. Мына Сабыржан... тракторын шығарып алсын,— деді.

Жарас машинасына жүгіре жөнелді.

Сабыржан:

— Аға? — деп аржағын айта алмай, мүдіріп қалды.

Тамағында түйір бірдеңе кентеліп қалғандай. Қылғынып жұтына берді.

Осы кезде бұл көріністің барысын бағып тұрған Омаш:

— Ал мен ше, мен? — деп өңештеп шыға келді,— полен жыл істеп, сонда бір сәтте шопақ құрлы болмағаным ба? Ә? Бу-бу, қалай екен өзі? Сонда?

— Бұл солай,— деді Ережеп.— Бүгін сушымыз ауруханаға түсті. Соның орнына барасың. Жуырда автоводовоз да келеді. Оған дейінгі міндетің осы.

Сабыржан, Омаш тағы бірдеңе айтып ырши ма деп тұр еді, күткенінен шықпады! Анау былқ етіп көпе кетті:

— Жарайды ендеше. Мен мүлде далада қалдым ба деп қорқып ем,.. Жарайды енді... Әйтеуір араларында, коллективтерінде жүрейін де. Сол сушылығың болса да...

Мұның тез көне салғанына Сабыржан таң қалды. Бірақ тіл қатқан жоқ.

..Өң бойынан су сорғалаған тракторды стан басына сүйреп әкелгенде, Шынар ояу, таңғы шайдың қамына кірісіп жүр екен. Салғаннан Сабыржанға жетіп келді. Көзінде «не болды?» деген үрейлі сұрақ.

— Көлге түсіп кеттім,— деді Сабыржан ештеңені бүкпестеп.

— Ұйықтап кеттің...

— Иә, ұйықтап кеттім...

— Енді не істейсің?

Не істеймін... Жөндесу керек. Қазірден бастап кірісемін.

Шынар да мұнысып құптағандай. Тск:

Азырақ дамылдап алмайсың ба? — деді.

Жоқ. Ұйқыны шайдай ашар кез келді. Не де болса бастаймын. Қалжыраған кезде бір-ақ көз шырымын ытармын.

Қолы босаған шақтарда Шынар Сабыржанның қасына кеп отырып кетеді.

Өзінің келісі де қызық. Ас үйден терлесп, бусанып шыққан қалпы тыныстайын деп келген сияқты боп Сабыржанның қасына кеп отыра қалады. Үн-түн жоқ. Осы отырысынан өзі Сабыржанға бір қол жетпес асқар. Ішінде айтып жеткізісіз бір қуаныш ойнап, асыр салып, құлшынып көп береді.

- Шынар,— деді Сабыржан әлгінде,— қалай ойлайсың, мен дұрыс істедім бе?

Непі айтасың?

Ежең кет дегенде, мен кетпей қалдым ғой. Осыным қалай сеніңше? Әлде кетіп отыру керек пе еді?

Шынар томсырап, ойланып қалды. Сонсып ғана барып жауап берді:

- Сабыржан. Бір жерді ұнатпай өзің кетсең бір жерлер сенен безініп қуып жатса, келе-келе сен кім боп шығар едің? Не жақсыны көре білмейтін, не жамандықтан жери алмайтып мақсатсыз бір кезбе боп шығар едің. Ұяттан қанып бұқаптайлап, жаман ат арқалаған күйі жылысып отырмай, бұл қалуың орынды көрінді маған.

Дәл бұлай қызу сөйлеп үйрепбеген Шынардың жүзі қызара алаулап, дуылдап қоя берді. Сабыржан оның кішкене қолдарып өз алақанына алып:

— Рахмет, Шынар,— деді.

Жаңа көзім ашыла бастады менің. Рахмет осынымды түсінгеніңе! Мен сенен қатты қысылып, бетіңе қалай қараймын деп қиналып едім.

— Қойшы, Сабыржан,— деп Шынар қызарып кетті,— Мен кімнің сонша?!

- Сен бе? — деді Сабыржан жұлып алғандай,— сен...

Бірақ ар жағын айта алмады. Үндемей тынып қалды. Шынар қолын тартып алуды ұмытып кеткен секілді. Екеуі де үнсіз...

Трактор маңында өткен кештердің бірінде Сабыржан машинамен соңғы рет кездесті.

Жапына от маздатып қойып, түннің бір уағына дейін отеген. Шаршап, сіресе тұтасқан белін жазып, шашылған

темірлерін жинастырып, жатуға кетпекші боп тұр еді. Ағаштың ішінен даңғырлаған арба дыбысы білінді. Бері беттеп келеді. Жүрісі баяу, кедір-бұдырлар арбаны көтеріп-көтеріп тастағанда, ағаш іші жаңғырығып, түнгі дыбыс әжептәуір жерден жетіп тұр. Сабыржанның қасынан ағаш ішінен ауылға қарай шығатын жол бар. Жүргінші соған қарай беттеп келеді. «Әлде Омаш болды ма екен? — деп ойлады Сабыржан. — Бірақ ол түнделетіп су тасымаушы еді ғой. Кім болса да, темекі сұрап шегейінші».

Ат арба көрінді. Сабыржан бірден шырамытты, Омаш екен. Қарсы жүрді.

— Иә, Омеке, хал жақсы ма? Бұл не түнделетіп?

Омаш селк етіп, құныса қалды. Біржиып күлген болды.

— Бұ-бұ не ғой, су ғой. Аналарға апарып, — деп береке сізденіп кетті.

Дауысы бір түрлі тарғыл, жырым-жырым. Бірішке үстіндегі ұзынша темір бөшкенің аузына қарай ысырыла береді. Сабыржан: «Мына бишара өз-өзінен неге қуыстанып кетті?» — деп секем ала қалды.

— Темекің бар ма? Мама дүкеннен алдыруға ұмытып кетіппін.

Омаш қалтасын тез-тез қағып:

— Ойбуй, бітім қапты, — деді де, божысын ынғайлап кетіп отыруға бет алды. — Қой, кетейік.

Сабыржан қалжыңдап күлген болып, божыға жармаса кетті:

— Тұра тұр, Омеке. Асығын қайда барасың? Қішкене сыр шертісейік те...

Омаш:

— Уақыт жоқ, бауырым. Таңертең ертемен тұрып, ерте келу керек тағы.

— Қой, Омеке? — деп Сабыржан арбаның жақтауынағ ұстап арбаға асыла бергенде, Омаш кілт бұрылып, мұны етіктің тұмсығымен нектен теуіп жібермек ниетпен қорбаң ете қалды.

Бірақ аяғы көңілдің көздеген жеріне жетпей қор қылды. Қапелімде кейін шалқақтап қалған Сабыржан тез қарманып божыға қайта жармасты. Омаштың ысқыртқан қамшысынан ытқып жөнеле берген ат, божы кілт тартылып қалғанда, арындап кеп, арбаны қырындатып тұра қалды. Сабыржан секіріп жоғары шығып, бөшкеге аттай мініп алды да, сол сәтінде шағын денелі Омашты қаусыра кел құшақтады:

— Қой, Омеке, темекің бар шығар? — деп қарқ-қарқ күлді.

Бір қолын Омаштың қалтасына сұғып жіберіп, бір пашке папиросты алып шықты да:

— Омеке, мынау немене? — деп Омаштың көзіне тосты.

Омаш:

— Жарайды, қайтер екен деп едім. Сенікі-ақ болсыншы сол. Ал, босат енді, кетейін,— деп мәймекелей бастады.

Сабыржан қолын мұнан соң бөшкенің суат көзіндей ойық аузына тығып жіберіп, бір уыс тұқымдық бидайды шығарып, Омаштың желкесіне құйып жіберді:

— Ал бұл не?

Омаш енді мырсындай болды. Жанұшырып жалына бастады:

— Сабыржан, айналайын. Біраз күн дәмдес болдық қой. Қайтесің ағанды әурелеп. Қайбір жетіскенінен істейді дейсің осыны,.. бәрі күнкөріс, тіршілік үшін...

Сабыржанға бір желік пайда бола қалған. Ол енді шым-шымдап Омашты тұқыртуға кірісті:

— Осы істеп жүргенің ұрлық екенін мойындайсың ба?

Омаш қибыжықтады:

— Бұ, бұ, қалай енді... ұрлық деп енді. Жарайды, енді, қалай ең, десем дейін...

Мені де ұры еткін келді ғой? Сөйтіп, өзіңе серік, жымысқы істеріңе қалқан еткін келді ғой? Айт!

— Қойшы, Сабыржан.. Күнкөріс қой.., Жұрт қатарлы болсын деп сені де... Жаным ашыған соң...

— Ә, жаның ашып па еді! Ендеше сыйға сый қылайын.

Сабыржан оны алдына өңгере отырғызды да, екі қолтығынан қолды тығып жіберіп, божыны өзі алды. Станға беттеді. Омаш онан сайын жанұшырды:

— Ойпырмай, Сабыржан-ай, құрттың ғой мені! Бұның қалай енді, ә? Құрттың ғой мүлде.

Сабыржан мырс етіп күлді:

— Енді қайтесің, құрнсың да осылай, Жәні сол өзі. Қиқпаныңа мықтап түспей, дер кезінде арылғанымға қуаныштымын, Омеке! Көзім ашылды менің, оған қылау түспейді енді қайтадан!

Омаш енді үндемеді. Тырс етіп дыбыс шығарған жоқ. Бұлар станға келіп тоқтады. Сабыржан:

— Мына бөлмеге кір де, дыбысыңды шығармай отыр. Онім күзетемін таң атқанша,— дегенде Омаш:

— Қамасаң қамай бер. Мен ұрлық істегем жоқ. Шашылған жерінен теріп алып, осында әкеле жатқан,— деп ең соңғы қоқан-лоққы амал-айласын көрсетті,— тіпті, немене, дүрілеген бидай беріп, малымды өлтіреді дейсің бе?

— Жоқ, бұл сенің табиғатыңа сіңген дағдың. Қалай болса да, үйге апарып тыға беру сенікі.

Сабыржан атты доғаруға кірісті.

Келесі күні Омашты тергеуге тапсырып оралған Жарас машинасын жүкке лықтып қайтты. Құрама үйдің бөлшектері екен: есік, терезе, дайын бөлшек, тағы басқалары толып жатыр. Келе Сабыржан мен Шынарды шақырып алды.

— Тыңдаңдар, достарым, жаңалық, жаңалық!

— Иә?! — деп жақындаған екеуіне жаңалықтарын термелей бастады.

— Бірінші жаңалық: біздің бригада көктемгі егісті аяқтағаны туралы бірінші боп рапорт берді, Екінші жаңалық: дирекция бізге сегіз бөлмелі жатақ үй бөлді. Мына машинаға артылған соның құрамдары. Үшінші жаңалық: Сабыржан, сен ескі соқаны тіркемей тұра тұр, бүгін Ежен жаңа навесной соқалар қабылдауға кетті. Бір агрегатқа өзің ие боласың. Тіркеушісің. Әкең қой қолды!

Жарас пен Шынар Сабыржанның қолын кезек қысып, құттықтап жатыр, Сабыржан қызарақтап күле береді. «Шын ба?» — деп дағдарған да кейінгі бар.

Осындай бір толқу Сабыржанның іш әлемін зу етіп, төңкеріп, қотарып бір өтті.

— Көктемгі егіс менің бітім қалғанына сенбей тұрмын! — деді ол Жарасқа қарай.

— Асықпа, Сабыржан, деген жауап болды оған. — Бұл көктемді жол басы деп есептесек, талай көктем әлі алда емес пе?

Бұлар осылай дабырласып тұрғанда, тұстарынан кеп бір машина тоқтады. Таудай шаңды үйіріп әкеп, пыс ете түсті де, қалт тоқтай қалды. Үстінде бір жас жігіт. Жан-жағына елендей қарайды.

— Тоғызыншы бригада осы ма? — деп сұрады.

— Дәл өзі, осы, — деп Сабыржан оған тақап келді. — Иә, бізге келіп пе едің?

Ана жігіт басын изеді.

— Енді неге түспей тұрсың?

Чемоданын кузовтың қырына шығарып қойған жігіт кипақтап тұр:

— Осында тұрасыздар, ғә? — деді.

— Иә, достым, — деп ақсия күлді Сабыржан, — біздің тұрақ осы. Түс, қаймықпа. Сескенбе мынау ескі үйден. Әне, ертең-ақ бастаймыз жаңа үйдің құрылысын. Жаңартамыз бәрін де!

Сабыржанның ұмсына созған қолына чемодан келді. Бейтаныс жігіт секіріп жерге түсті.

Бұл топқа тағы бір тағдыр, Сабыржанға түсінікті тағдыр кеп тағы тоғысты. Оның да өмірінің жол басы осында басталмақ...



ЛОРА

Осы біреу қыз Асқарға ұнамай-ақ қойды. Жұмысқ келген басқа студент қыздардың ішінде бұл тапа бойлы семізше денесімен бөлектеніп тұрады.

Асқар жолдастарына:

— Іштеріндегі ең жүдеу бейшарасы осы екен,— де күлдірген.

Оған жүрісі де сәлекет көрінеді. Басын желкесіне қара түйреуішпен таңып қойғандай. Сүйірше негі ілгері сүйресе маңдайы кейін қарай тайталасатын сияқты. Екі қолтығы бұлтың-бұлтың етеді. Өлі және өліне қарамай, құрылысшы болам, үй салам деп келінті.

— Өздері машинамен кете бергенде, біз бұлар салға үйлерге тіреу қойып житамыз ғой,— деп кекеткен Асқар.

Әлгі «арық қыздың» аты Лора екен. Жұрттың өзін сұқтана қарағанынан ескене ме, ұяла ма, әйтеуір Лор көбіне жұрттан бөлектеніп, өзімен-өзі, үн-түнсіз жүретін.

Ертеңінде Асқардың басқаруындағы бригада қабырға сын көтеріп қойған үйге бес қызды ертіп прораб келді. Лора да бар.

— Сәлем, Асқар. Көмекші керек пе?

— Көмегіңе қарай көрміз де.

— Өздерің шатырын құра беріңдер, бұл қыздар сьласын.

— Боқты.

Прораб кетісімен Асқар қыздармен атап-атап таныста да, ізетпен өз серіктерін таныстырды.

— Төртеуіміз де бойдақ жігіттеріміз. Мамандығымы құрылысшы. Жасымыз жиырма мен отыздың арасында. Сәкен вальс-бостонды жақсы билейді. Болат аккордеонд ойнайды. Серік шахматтан чемпион. Ал мен балта ұста ағаш шабамын,— деп қалжындап қойды.

Асқарлар темекі тартып болғанша, қыздар қамыс үйді ішін қызықтап даурығысып алды.

— Ой, қыздар, қандай әдемі үй! Қонақ үй, жатар бөлме, балалар бөлмесі, кухня. Ғажап! Дәл Москвадағыдай,— деп бөлме жобаларын аралап жүр.

Асқар темекісін табанымен таптап сөндірді де, қыздарды шақырды.

— Кәне, сылақшылар, мұнда келіңдер. Азырақ әңгіме бар. Құрылыста бұрын істеп көріп пе едіңдер?

— Істейміз деген ниетіміз ғана бар.

— Жаксы. Алақандарыңды көрсетіңдерші.

Қыздар бірі күліп, бірі күмілжіп, алақандарын жайды. Ғым үлбірек деп айтуға болмайды. Спорт залының таңбасы бар. Тек Лораның алақаны турник көрмеген сияқты. Аппақ алақан, жіңішке салалы саусақтар. «Сен ештеңе мандыртпассың»,— деп қойды Асқар ішінен. Осындай қалжыңшыны аралас тексерістен соң ол:

— Бірің ат алып кел, балшық басатын,— деп еді.

— Мен барайын атқа,— деп Лора шыға келді,— Ат қорп қайда?

— Анау төбесі шыммен жабылған. Ал қалғандарың ана цистернадап су әкеп құйып, балшықты жібіте беріңдер.

Осылай жұмысты бөліп-бөліп беріп, Асқар өз жігіттерімен шатырға кірісті. Көз қырымен қыздарды бақылап қояды. Олар болса күліп-ойнап, тапсырылған істі ынтамен істеп жатыр. Екеуі:

— Ой, мына жерден су ағып кетті,— десе, шелектерін тастай сала бәрі жүгіреді.

Үстерінде тегіс ыңғайлы киім. Балағы бүрмеленген жұқа жеңіл шалбар, жеңі тұрулі футболка.

Сәлден соң анадайдан арықша торы байталды жетектеп Лора көрінді. Шылбырдың дәл ұшынан ұстап алған, ат пен екеуінің арасы көш жер, Лора жүріп-жүріп кеп, шоқнып отыра қалады да, қайта тұрып, байталдың тұмсығына жетіп барады. Сәл тұрған соң бері жүреді де, әлгісін тағы қайталайды. Көдені жұлып-жұлып, атқа беріп жүр екен.

Білдей бір байталды жетектеп келгешіне мәз болғандай Лора даурыға келді.

— Қыздар, көрдіңдер ме, міне, мен жаңа дос тауып алдым, Қандай сұлу! Дон Кихоттың Росинантынан кем емес. Мен бұған Машенька деп ат қойдым. Қыздар, қалталырыңның түбін қағындаршы, манағы шайдан қалған қант бір ма екен? Машенькаға берейік. Жоқ болды ма? Ендеше өзім барып келейін.

Атты байлай сап жатақ үйге жүгіре жөнелді. Толық денесі дір-дір етеді, Бір қалта түйір рафинад қантты алып кеп торы байталдың аузына тыға бастады.

— Айналайын, ақмақ Машенька, жей ғой. Қантты кө жесең, көзің оңды көреді, қаның молаяды. Қарашы өзі қандай арықсың. Жей ғой, — деп тұмсығын аймалап сипайды.

— Ойбай-ау, мына қыз аттың тапауын сүйе ме, немесе? — деп Серік күліп қояды.

Торы байтал қантты қайтсін. Ернімен байқап көреді де құйрығын шпаң еткізіп, басын бұрып әкетеді.

— Лораның шығармайтыны жоқ-ау, ылғи бірдене тауып ала қояды, — деп күлген қыздар Лораның қасын үймелеп алған.

Аттың қызығына түскен Лора:

— Әй, Машенька-ай, саған қалай жағыпайын енді! Тұра тұр, пан әкеп берейін, — деп тағы жүгіре жөнелгенді Асқардың қатаң даусы шықты.

— Жетеді, жұмыс істеу керек! «Өзімен қоймай, өзгелерін де ірітіп, бұзбаса жарар еді мына қыз», — деп іште ұза болған ол қабағын бір-екі рет түйіп те жіберді.

Иығынан біреу жұлып алғандай кілт тоқтай қалған Лора басын төмен салбыратып кейін қайтты.

— Мен атқа мінетін бір жеңіл бала тауып әкелейін, — деп Асқар төмен түсті де кетіп қалды.

Ғалнақпар деген кішкене баланы ертіп келсе, Машенькаға Лора салт міншіп ақты «по-по»-лап тебінеді. Жүген қозғалмайды. Оған бола қоятып байтал ма! Ауыздығын д салмаған екен. Балшықтың жиегіне әкеп, басын турала қойыпты, Дәмесі балшыққа түсірмек.

Асқар:

— Түсіп атты мына балаға бер, — деп еді:

— Мен кішкене жүріп көрейінші! Өмірі атқа мінгені осы еді, — деп Лора қиыла қалды.

Асқар қолды бір сілтеп, сатымен өрмелей бергенді Ғалнақпар қолындағы шыбығымен аттың сирағынан шы еткізді. Лора ішегіп тарта күлді де, торы байтал сулы бал шықты шылп-шылп еткізіп, қойды да кетті. Бір айналы балшықтың ортасына қарай басын бұра берді де, ыңғайл отырғысы келді ме Лора жалдан тірей кейін лықсыды Өлгіндей болған жоқ, Лора балшыққа былш ете түсті. Жүгенін сүйреткен ат шапқылап тайып отырды.

Ашу қысқан Асқар не дерін білмей, тістеніп қалды. А қайлап былапыттау оның әдетінде жоқ. Жұмсақ және сипамайды. Бір жамбасы түгел балшық болған Лораға қара күліп те жібере жаздады.

— Қуып барып ұстап әкел! Әйтпесе жұмыстың тоқтан уақытын мойныца жаздырам.

Ерніп жымыра тістеп алған күйі жылаудың аз-ақ алдында Лора кетті. Басқа қыздар томсырайған күйі әр жерде шокнып-шокнып отыр.

Асқардың өзі де жұмысты енді өндірмеді. Лора кеткен жаққа қарай берді. Бәрінен мына қыздардың жақтарын иішпай отырып алғандары батады. Егер бірінен соң бірі кеп Асқарды жерлеп шапылдап жатса, жеңілірек болар ма еді, қайтер еді. Ашуды айқайласып таратар еді.

Галлакпар:

— Асқар аға, мен барып ұстасам қайтеді? — деп еді, Асқар:

— Өзі ұстасын. Мұндай еріккендерге көлгірситін ештеңе жоқ. Оған да сен ат қорадан қара кер құнанды сұрап әкел, — деп жұмсады.

Аздап соң жұмыс қайта қызды.

Құрылыс басында тыныштық. Жұмыс уақыты біткен. Асқар таза киініп, серуендеп жүр. Жұмыстан соң бой жаппы қыдыру, клубқа бару, кітап, журнал қарау әдеті. Бірақ қазір ол тура ат қораға тартты.

Мана кеткеннен Лора оралмады. «О неге өйтті екен? Әлде әлі күнге ат соңында жүр ме екен? Жөнсіз принцип ұстаймын деп бірдеңеге ұрышдырып алармын. Жұмысқа деген ыптасып кеудеден итергендей болдым ба! Ертең жұмысқа шықпай қойса, қызық сонда болар». Осылай тынышсызданған Асқар көңілі жем жең тұрған торы байталды көргенде ғана орнықты. Манағы салтақ-салтақ балшықтың бәрін кетіріп, қырғыштап жуып қойыпты. Лора той, сірә.

Асқар клубқа беттеді. Сахнада тұрған пианиноны бір-екі рет тыңқылдатып «Елім-айды» тартып, сонсоң кітапханаға бармақшы.

Бұл пианино мұнда тұрғалы бір жылға жуық. Бірақ соны іс қып, орнына жұмсай алатын кісі жоқ. Ешкім нота білмейді. Сауатты музыканттар мұнда жоламайды. Жылнарақ сары түсті асыл аспап ермек еткен әркімнің сұқ саусағы тық-тық тигенге көніп тұра береді.

Асқар да сондай әуесқойдың бірі. Жалғыз саусақпен «Елім-айды» ойнағанға мәз. Соның өзіне әжептеуір тыңдаушылар жиналып қалады кейде,

Клубтың залы бос екен. Шымылдық түсірулі. Кенет сахнадан пианино тіліп бір-екі басқан дыбыс шықты. Асқар «мен сияқты «музыканттың» бірі бұрыпырақ кеп қалған екен ғой» деп күлді. Сөйткенше қос қолмен қатар басқан күшті аккорд сахнашы күнірентіп жіберді. Таңырқаған Асқар қалт тұрып қалды, Әлгі аккорд құлдилап аққан сұлақ дыбысындай байсалды қоңыр, мұнды бір әуенге

ұласып, төгіле жөнелді. Ерікпеннен шыққан ойынға ұқсамайды. Тебіреніп барып шыққан музыка. Есіне түсіре келіп Асқар Бетховен сонаталарының бірі деп тапты. Ақыры басып кеп шымылдық шетінен сығаласа Лора. Пианино тұрған бұрыш бұрыңғы үнсіз, сазарыңқы, мелшигсіз тас қабырға емес, адам мен музыка жұптасқан өмір — экрандай боп көрінді, Асқарға тас қабырғаға жап біткендей.

«Лора қалай ғажаптаным кеткен!» — деп таңданды Асқар. Шабытты, сұңғақ нәзік қыз! Бұған дейін бұқпантайлап, бар сұлулығын жасырын келгендей. Бүкіл келбет ойға, сезімге толы. Басын шалқайта әлдеқайдан келіп жатқан ноталарды қағып алып, дереу пианино тілімен сөйлетіп отырғандай. Музыканың ерекше жіңішкеріп, құлдырап, құлдилаған шақтарында еңкейіп емірене бір уыс боп пианиноға жабыса қалардай болады.

Осындай ширыққан әуен бір кезде кең тыныстап, жазылып барып, батыл аяқталды. «Шынымен бітіп қалды мах дегендей саусағын жаза, қолын пианиноға артқан күйі Лора тып-тыныш отырып қалды.

Асқар таяп кеп:

— Лора! — дегенде сөлт етіп бұрылды. — Тағы да ой наңызшы!

— Бұл тек үйрену ғой. Жалықпасаныз... — деді де Лора көп жалындырмай ойнан жөнелді.

...Түн едәуір ауып: Лора жатақханаға кеткен. Пианино жанында жалғыз Асқар тұр. «Елім-айды» бір-екі рет баспақ боп оқталды да, дереу қолын тартып алды. Құр тың қылдақ манадан бергі ләзатты жойып жібергендей.

Ол кімге болсын: «Лора сүйкімді қыз», — деп айтуға әзір.

ӘКЕ

Сол бір кештен бері Жеңісбекті түсініксіз бір мазасыздық баурап алды. Сондайлық кенет тебірене қалатындай ештеңе бола қоймаған сияқты. Мектеп жұмысында әшейін өтіп жататын кезекті жиындардың бірі еді.

Жеңісбек бейнелеу өнерінің мұғалімі боп қызмет істейтін мектептің директоры кабинетке шақырып алып:

— Бүгін Отан соғысының қаһармандарымен кездесу кеші ғой. Жақсы өтуіне көмектесіп жіберерсің, — деді.

Міне, жиын жүріп жатыр. Залдың төріндегі қызыл пүлішпен көмкерілген столдың төңірегінде бес-алты адам Ортада отырған директор оларға кезекпен сөз беруде.

Трибунаға көнелеу мақпал шапан киген шал шықты. Сөйлеп тұрып мақпал шапаның сол жақ өңірін ныққа қа

рай ысырып-ысырып тастайды. Онысы іштегі жекетке қалған екі медальды ашық қоюдың әрекеті екен. Еләуір сөйлеп келіп ол:

- Мен тылдағы жан аямас еңбекті айта келіп, әрі сүт болған, әрі соқа сүйреп күш болған сауын снырга ескерткіш соғу керек деп айтар едім,— деп тынды.

Келесі — қолында таяғы бар, аяғын сылтп басатын шакша бас сары кісі.

- Балалар, мен не айтайын. Бар айтарым соғысты басқа бермесін,— деді ол,— мәселен, өз басым не көрді десеңдер... Керманмен соғыс басталды деген соң, бізді солдатқа алды. Алды да үстіңе шинель, қолға пентовка беріп, командирлер алып жөнелді... Бір уақытта аяғым қысқанын сезем. Қасымдағы кісіге айтсам, етікті теріс киіпсің дейді. Бақсам, қазақ етікпен жүріп үйреніп қалған сорлы басым солдаттың сапоғын кім көрген, оңын солына келтіріп киіпін ғой.

Сонымен алып келеді, алып келеді. Шөлдедім, терледім дегенге қарайтын ешкім жоқ... Сөйтпін, бір күні фронтқа өкпен тығып жіберді. Содан бірінші соғыста қайдан келгенін білмеймін, қаңғыған бір оқ тиіп, аяқтап ауыр жараландым да төрт жылдан аса госпитальда жатып, аман-есен елге қайттық. Міне, балалар, біз сендер үшін қан төгіп, жаумен осылай жағаластық...

Бұлардан соң сөз алған қарт:

- Пенсияға шыға сала ақындыққа ауысып жүргендер бар ғой,— деп бір қалжыңдап алды да, әңгімесін баппен жалғастырды.— Мен сендерге соғыста кешкеп қияметті өзім жазған бір өлеңмен баяндап бергім келді. Әріне, бұл ақыннан шыққан өнер емес, майданда қаза тапқан жолшытарға деген өзімше бір ескерткішім.

Қарт жауынгер төс қалтасынан төрт бүктелген дәптер, кітапдарын алып, байыптап оқи бастады. Бұл шын мәнінде соғыс көрінісін естумен, оқумен ғана түсінетін бала қауымына әжептеуір нанымды сөз берерлік, от пен оқтың арасындағы жауынгер ерлігі, бір-бірімен жап аяспас досшы, беріктігі туралы жыр боп шықты. Сырлап-қырлауып, бүкпесіз айтылған шындық екен. Құмарлана тыңдаған оқушылар күшпырлана, ризашылықпен қол соғып жіберді.

Сол жылынан Жеңісбек үйге бір түрлі селсоқ оралды. Ол бөлмесіне кірді де, домбырасына мұнды бір әуендерді салып, ұзақ отырды. Ашық маңдайы жырылып, қалың балтарының арасы түйіле қапты. Әшейінде жеңіл де көңілді, ескіртпелі би тәріздес үндерге үйреніп қалған домбыра бүгін шымырлап, шырғып, тынысы тарлау бір тебіреністі балдардан асып кете алмай, көсіле алмай отыр. Шанақты

қыса ұстаған саусақтар да пернелердің ең бір жіңішке дыбыстарына қарай барғыштай береді.

Жатар алдындағы бір шымыяқ шайдың үстінде Жеңісбек шешесіне:

— Апа, осы менің әкем қандай еді?

Шешесі мұндай тосын сұрақты күтпеген кескінмен баласына тандана қарап қалды. Алғашында «жұмыстан шаршап келген ғойға» жорыған ана енді ғана ұлының жүзіндегі күйзеліс, құбылысты аңғарып қалды. Жиырма шақты жылдан аса жесір өткен жастық шағын есіне алды ма, соң кезеңде көрген еңше түрлі қиыншылық, кемшілік қайта бірі қоларылып, көз алдына келді ме, қатты күрсініп қалды.

— Қандай болса да, әкең енді жоқ қой. Қайтесін,— деді.

Сонсоң сандық түбіндегі «қара қағазды» әкеліп, стол үстіне қойды да:

— Бар қалғаны осы ғой, — деді.

Жеңісбек «қара қағазды» сипалап біраз отырып отырып:

— Сонда да, ана, әкем туралы бірдеңе айтшы,— деп қиыла өтіңді.

Баласында үлкен толқу барын сезген шеше:

— Сен дәл әкең әскерге аттанар күні тудың, — деп батады әңгімесін. — Ол сенің қызылшақа маңдайыңнан қайта-қайта піскен: «Тұяғым менің, ұрпағым менің, — деп біраз еміреніп тұрды да, біздің жауды жеңіп келуімізге сәби ишеті тілектес боларың, атың «Жеңісбек» қояйық», — деді. Сол бетте жігіттер аттанып кетті. Мен болсам, жұртпен бірге әкеңді шығарып салуға да бара алмадым. Көздің жасын бұлап үйде қалдым. Дәл сол түні өксіп-өксіп қалып жатып жатсам, біреу терезе қағады. «Жаңыл, мен ғой, есікті ашшы», — дейді. Әкең екен. Жолдағы елдер майданға аттанып бара жатқан азаматтарға дәм татырып жіберейік деп командирлерден бір қоналқыға рұхсат алыпты. Соны пайдаланған әкең біреудің бәйгіге түсіп жүрген жүйрігін сұрап алып, саған жеткен ғой. Сені кеудесіне салып қойған қалпы шалқасынан біраз жатты да, таң сібірлей қайта кетті. Есік алдына шыға бергенде мен жабысып жылай берем деді ме екен, атына лып етіп мініп алды. Сонсоң «Ал, көріңдер, хош!» — деді де, жүйрігін көсілтін жөнелді. Құлағымда ат тұяғының дүбірі ғана қалыпты. Көзім жаста бұлдырап кетіп бара жатқан келбетін де жөнді көріп тұр алмады. Бар қалғаны осы ғой, әскерден жіберген бір көркі тішкесі, қара қағазы, тұлпарының дүбірі, домбырасы, хаттары...

Осыны айтып болған ана, құныға тыңдаған бала үнсіз мұайысып отырып қалғанда, есік қағылды. Әнсугі суретші екен.

— Кеш болса да жарық көрінген соң келіп қалдым,— деп ыржня кірді.— Мінекей суреттеріңіз.

Қолдан үлкейтілген суретке шешелі-балалы скеуі қатар ұстылды. Бұл Жеңісбектің әкесінің суреті болатын. Салған біттен:

— Мынау әкеме мүлдем ұқсамайды,— деп қалды ол.

— Неге? — деп ыржиды кәсіпқор суретші.

— Гимнастеркасы қайда?

— Гимнастерка қазір мода емес қой.

— Өй, сенің модаңды...— деп тістеніп қалған баласы суретшіге қызулықпен бірдеңе деп тастай ма деп жүрексіген Жаңыл шеше:

— Ештеңе етпес енді, қалкам. Бет-пішіні келіпті гой. Келесіде жарықпен үлкейтетіңге берерміз,— деп суретті алып қалды.

Олде құлазыпқырап қалған көңіліне медеу тұтты ма, сағынған бейнессін қайда бір назарына алғысы кеп кетті ме, олде күйсуі осы күнде бсылай киініп жүрер еді-ау деген арманы бір қозғалып кетті ме, Жаңыл лейтенант формалы гимнастерканың орнына қара костюм, ақ көйлек, модалы балстук орнаған суретке ұзақ қарап отырып қалды.

Көшеде сырнайлатып кетіп бара жатқан жастар.

— Жаралғандай сағыныштан,

Қайда сенің жақсы әнің,— деп әп салып кете берді.

Бұл Жеңісбекке әншейінгі гашықтық әні емес, әкесінің аңсаған қам көңілдің толғанғысы сияқты боп сезінді. Ол әкесін сағынып, толқып кетті.

Өзіне-өзі серт бергендей:

- Әкемнің суретін өзім саламын! — деді.

Төсегінде әкесінің домбырасын қоңырлата шертіп жаппы, ұйықтап кетті.

...Сол күннен бастап Жеңісбек тынымсыз бір ізденіске түсті. Ой мендеп, үн-түнсіз отырып қалатын болды. Әкесінің үйдегі әскери киіммен түскен суретін мектептегі суретханасына алып келіп, бірнеше күннің ішінде көшіріп те өтірді. Келбеті, киімі, отырысы — бәрі де дәл түскен. Еш қатесіз. Бірақ Жеңісбектің өз көңілі толмайды. Басқаша салу керек сияқты. Қалай, қай түрде, ол жөнінде өзі де дәл таба алмайды. Әйтеуір, алакөңіл. Қайта-қайта ауыл ортасындағы ескерткішке барады. Ұзақ тұрады. От пен оқ оранған, сұрапылдап оралмағандардың ұзақ тізімін қайта-қайта оқиды. Өз әкесінің аты жазылған тұсқа қадалып көп тұрады. Смағұлов Ешкен. Осыдан басқа ештеңе айтпайды.

Алайда, Жеңісбек көзіне бұл жазу әкесінің тірі бейнесін елестетіп, перзентін бір сүйін кестуге асыққан көңілмен ұятыға шауып, жүйрігін құша ұшырып келе жатқан келесі тін әкеле береді.

Бір күні осылай қалшып тұрған кезінде:

— Немене, бала, мына тұстан әкеңді іздеп тұрсың ба? — деді біреу ту сыртынан.

Осы ауылда Қамбарбай деген жазғыш, домалақ арғышыл біреу бар-ды. Сол екен.

Толқулы сезім әсерінде тұрған Жеңісбек:

— Айтыңызшы, менің әкем қандай кісі еді? — деп қалды.

Тікенек көзді Қамбарбай сығырая қарап тұрды да:

— Қандай болсын, көдімгі бәріміз сияқты кісі болатын, — деді де жүре берді.

Аңтарылып қалған Жеңісбектің назарын басқа да бір көрініс өзіне аударып әкетті. Аудан орталығынан келетін автобустан жапырлай түскен жұрттың арасынан бір мосқал адам тура осы ескерткішке қарай бастады. Бір қолында чемодан, бір қолында көлемді букет. Қарт адамның баяныты адымымен жақындап келді де, сол үнсіз тұрды. Чемоданды жерге қойып, қалың шешті. Үнсіз қалпы ескерткішке букет сүйеді.

Соған соң:

— Уа шіркім, Қайран жігіттер! — деп бір күрсінді де ескерткішті айналып көре бастады. Жүзі қуқылданып өзімен өзін. Жеңісбекте жұмысы жоқ.

— Қайран Ешкені! — деп қалды бір кезде.

Жазуды аймалағандай, қолымен сипап өтті.

— Сіз Ешкенді білесіз бе? — деп жетіп барды Жеңісбек.

— Иә, білгенде қандай, — деді де, бұдан көзін алмай тұрып қалды.

— Япырау... япырау... Дәл Ешкеннің өзі тұрмағай алдымда... Тоқташы балам, осы сен... осы сен Жеңісбек емесің бе?!

Жорамалы дұрыс болып шыққанын білгенде:

— Бәу, заман-ай, тұлпардың тұяғы, сұңқардың түлегі! — деп емірене келіп Жеңісбекті бауырына басты.

Осы жерде көп сыр ақтарылды. Бұл кісі Қасенғали деген осы ауылдың адамы болып шықты. Соғысқа Ешкендермен бірге аттанған. Украинада партизан боп, соғыстан соң украин қызына үйленіп, семьясымен сонда қалған. Қазір бір айлық демалыста көрінеді.

— Туыстар осы белгі туралы хаттарында жазған екен. Естігеннен-ақ шыдамым кетті. Жеткенім осы, — деді.

Мұнан соң туысқанының үйіне қарай беттеп келе жатып:

— Осы әлгі кезде сенің қасыңнан жөнеле берген Қамбарбай деген қу емес пе? — деп сұрады, — Ешкеннің ұнатпайтын бір жаны еді.

Бұдан әрі ағытыла жөнелген әңгімеден Жәнісбек әкесі туралы көп жай аңғарды. Жас та болса осы жерде колхоз ұйымдастырушылардың бірі екен. Соғысқа аттанарға дейін бригадирлікте бопты. Қамбарбаймен алғаш ұстасуы ауыл ортасындағы құдық басында көрінеді. Бұл құдықты қаздырған Ешкен еді.

— Мал суарылып, мал жүзіп жүретін қарасудан ауыз суын алуды қою керек. Бәріміз жабыла кетсек, қанша терендігі болсын, мөлдір таза суға жетеміз. Бұл біздің ұрпағымыз үшін, солардың саулығы үшін аса қажет, — деген ол.

Сөйтіп көштеп-көмектеп ұйымдасып, құдық та қазылған. Сол құдықтан әркім әр түрлі ыдыспен малмалай бермесін деп шынжырға бекітіліп, арнайы шелек қойылған. Сол шелекпен Қамбарбай биесін суарып тұрғанын Ешкен байқап қалады. Ферма басынан келе жатқан беті екен.

Иә, құдық суын сілекейлеп тұрғаныңа жол болсын, — дейді тікесінен.

Бұлтақтап сөйлеуді білмейтін ол.

— Сілекейленген ештеңе жоқ. атамыз қазақпен бірге өскен жылқы малы емес пе? — деп қисая тартты Қамбарбай.

Оның қыңырайғанын онша сілгісі келе қоймаған Ешкен:

— Бұл соңғы рет болсын, әйтпесе осы құдыққа түсіріп тазарттырамын, — деді қату үнмен.

— Бір ауылға бір құдық қаздырдым, — деп...

Ешкен лып еткен ызалы қимылмен жетіп кеп, биенің басындағы ноқтаны сыпырып алды да:

— Ноқта жемейін десең осы жерден тайып тұр, — деді.

Құдық басынан осылай бір қуылған Қамбарбай келесі бір ретте тағы да осы күйге ұшырады. Мал қорасының нашарлау күйі қабырғасына батып жүрсе керек, Ешкен колхоздың жиналысында:

— Бүкіл ауыл боп сембілік жасайық, сонда бізден қалатын жұмыс жоқ. Қораны осы бастан тазартып алмасақ, колхоз малына обал, малшылардың өздері үлгере алмас, сірә, — деп ұсыныс жасады.

Ертеңнен айтылған уақытта айыр, күрек саймандарын алып, жиналып жұмысқа кіріседі. Тиіп-қашып қана қол игізіп жүрген Қамбарбайдың көңілінде бір түйіткіл бар

екен. Жұмыстың орта түсінде омысып Ешкенге естірте, жұрт құлағын елендете дауыстап айтты.

— Бұл жұмысымызға еңбеккүн екі есе жазылатын шығар? — деді.

Сембілік дегенді алғаш естін, алғаш кірісіп тұрған жұрттың көбі аңтарыла қалды. Ешкен осы сәттеп сезіктене қалса керек, елдің ортасына келін:

— Жолдастар, алдын ала түсіндірмей, менен бір кәтелік кетіпті. Сембілік дегеніміз қоғам үшін ақысыз еңбек, ал ақысыз істегім келмейді дегендер болса, жүре беруге болады, — деді,

Мұндай пиғыл тек Қамбарбайдан табылды.

— Е, солай еді де, қой, кешегі шапқан шөбімді көпелеп келейін, — деді де, теріс бұрылып тайып отырды.

— Шіркін, тұманды көкірек сорлылық, — деп Ешкен сонда қатты қиналған екен де, жә, бір қырсықтан колхоз құламайды, қимылдайық, жігіттер, — деп жұмысты қайта қыздыра жөнелген көрінеді.

Осы әңгімелерден кейін Жеңісбек әкесін қайта танығандай, жүрегіне жақын жанын басқа бір сырымен ұққандай болды. Ол әкесін үнемі қимылдағы, жігердің адамына ұқсатты. Ендеше суретте ол әрекетсіз тұра қалған жансыз бейне емес, қайшаған күш-қуатын жұрттан бөлек ұстай білмеген көпшіліктің қадірлі бір тірегі боп көрінуі тиіс.

«Бүгін барлауға барып, немістің бір офицерін тұтқындап әкелдік, — деп жазыпты Ешкен бір хатында. — Тергеу кезінде бізді шұлап қарап-қарап отырды да, маған көзің қадап: «Сен де орысың ба? — деп сұрады. Мен «қазақпын» дегенде мұндай ұатты өсіне түсіре алмай қатты қиналды. Сорлы қайдан білсін тұмсығына советтік қазақтың да жудырығы өтіп жүргенін».

«Мұндай әке үшін мақтануға болады» деген үлкен дерахат сезім Жеңісбекті әбден баурап алған. Ол мектептегі өзінің сурет салатын бөлмесінен сарылып шықпауға айналды.

— Құлыным, құлазып кеттің ғой, ауырып қан жүрген жоқсың ба? — деген шешесінің сұрағына.

— Жоқ, апа, — деп жымыяды да қояды.

Сондай күндердің бірінде Жеңісбек үйге жүгіре басып келді. Өңінде лып-лып етін қан ойнап тұр. Көзінде өзгеше бір ұшқын жалындайды.

— Апа, — деді келе сала, — сені мектепте жиналысқа шақырып жатыр.

— Жиналысы несі, қалқам-ау? — деп таңданды Жаңылы.

— Жүрші өзің, қазір көресің.

Шешесін жетелегендей боп асықтырып келеді Жеңісбек. Мектепке келісімен тура өз бөлмесіне әкелді.

— Жиналыс осында болады,— деп жымия күлді де, шешесіне орындық беріп отырғызды.

Сонан соң өзі ақ шүберекпен бүркеулі тұрған полотно жапына келді.

— Апа, әкемді көргің келе ме? — деді.

— Не дейсің, құлыным-ау! — деп Жаңыл әлі тандапуда.

Сөйткенше болғап жоқ, сурет бетіндегі шүберек те алынды. Бір топ жұрттың арасында қолына күрек ұстаған Ешкен тұр. Күрек сол қолында, шашы бұдыраған қалпы, оң қолып көтере сөйлеп тұр. Әрине, ол сембілік туралы сөйлеп тұр. Бергі шетте күйеуіне сүйсіне қарап қалған Жаңыл тұр.

— Иә, әкең дәл осындай еді... марқұм,— деп қалды ол.

— Марқұм демеші, апа,— деп сыбырлағандай үнмен қалтырай келіп Жеңісбек шешесін құшақтады.

— Демейін, құлыным, демейін, сен тұрғанда ол қайдан марқұм болсын! — деп Жаңыл баласының маңдайынан піскеді.

Бірі жарының, бірі әкесінің бұған дейін сөніп бара жатқандай боп, қайта тірілген бөлмесіне қарап осылай ұзақ отырды...

ПАРЫЗ

— Маған объезщик бол дейтін болсаң, өзім қалаған атты бересің, не?

— Мен мінетін атты болса да сұрамайсыз. Басқасын ойластырып көрейік. Қалауыңызды айтыңыз.

— Дәл өзің мінетін екі аттың бірі менікі, басқа сөз жоқ.

— Сөйсеке-ау, сонда қалай болады бұл! Басқа аттар да бар емес пе? Мәселен анау...

— Пфу, сөзді қой онда, басқа кісіңді іздей бер.

Бөлімше меңгерушісі мен Сейсекеңнің сөзі осы араға жетті де, сәл үзіліс орнады. Бастық шашын сипап ойланғанша, Сейсенбай орнынан ұшып тұрып, есікке беттеді. Тек:

— Сейсеке, тоқтаныз,— деген дауысқа ғана кілт тоқтап, сол бетінде столға төніп келді.

— Өзің ғой осы бөлімшеге опрaвләйшісің, солай ғой? — деді.

— Солай ғой, әрине.

— Анау көтеріліп келе жатқан егінге жаның ашиды ғой? Мал таптамасын, көктей жұлмаламасын дейсің ғой, ә?

— Енді қалай!

— Сонда ұлан дария бес мың гектар егінді қорып, то-
руылдап жүру үшін мен сүлеті ырсып, титығы жеткен ла-
қы мәстек мінуім керек, ә! Қимшымен екі салсам, аяғын бір
басып, қайта артына қарайтын «тұлпармен» жүрсем, менің
объезшик болғанымда не күн қалады? Егінге аузын көміп
тұрған малға мәментінде жұмқтай алмай, алыстан кіжініп,
шипаң-шипаң еткізіп жүр де қой дейсің ғой, солай ма? Сө-
зім дұрыс па, сен төреші, бухгалтер?

Дұрыс демеске бухгалтердің шамасы жоқ. Сөйлескен-
нің ынғайына көше қалды.

— Онда псо, екі атышың бірін бересін, ~~оправлэйшті!~~

Сейсенбай «псо» десе болды, бітті, қайтып сөз қайыру
бәрібір пайдасыз.

— Қайсысын аласың? — деді бастық.

— Қазір бәрібір машинамен жүрсін, ~~сәндік үшін ұста-~~
ганың болмаса, қысқа дейін ат ~~жекпе жесін.~~ Ең жүйрігі ақ-
бақай жиренді менің тақымыма ~~бересін.~~ — Бастық шын
қиналды.

— Апырай, ә... — деп жол. ~~Сін~~ сипалады. Оның күдігін
іші сезіп тұрса керек, ~~Сейсенбай:~~

— Осы күнгі күтімің ~~ен~~ бір қылын тайдырсам «тфу бе-
тіңе» дерсің! — деді.

Уәде осы болды да, Сейсенбай мығым басқан екпінді
жүрісімен ~~тұра~~ атқораға тартпақ боп шығып отырды.

— ~~Шыркының~~ мінезі-ағй, — деп кеңседегілер күлісіп
алды.

— Ашуланғанда өзінің мұрты едірейіп, көзі алаланып
кетеді, — деді бухгалтер.

— Ойбай, бұл кісінің ашуына іліксең, оңбадым дей
бер, — деп оны бөлімше бастығы қостады. — Ана жылы өз
атымен бәйгеге түсіп, шабысқа қосылды ғой бұл да. Сонда
жұрттың сонында қалғанына назаланып, атының құлағын
шайнаған Сейсекең емес пе бұл?

Кеңседегілер Сейсекеңнің мінездемесін түгелдеп отыр-
ғанда, ол атқорадан жиренді ерттеп алып та шықты. Соң-
соң құлағын ойпатып, көлбеңдеп тұрған жүйрікке жас
жігіттей лып етіп мініп алды да, тізгінді қатаң тартып қа-
лып, аспанға шапшытты. Осы екпінде аттың алдыңғы тұя-
ғы жерге тиер-тиместе тақымды қысып жіберіп, ауылға
қарай бұрқылдата жөнелді.

Қазіргі кезде жер беті үшін бір тұтас көгілдір түсті
егістіктен басқа сәннің қажеті жоқ. Жарқыраған күн, жай-

қалған қайыңды орманның шұғыласында қара топырақты өт бояуымен жасырып биікке тырмыса өрбіген бидай сабақтары әлі аласа болғанмен, өскелең күш-қуаты байқалып-ақ тұрғандай. Осы көрініске ат үстінде отырып көз салып тұрған Сейсенбай:

— Бітісіңе болайын, жарықтық,— деп қанағаттана қарайды. Бірақ оның қанағат көңілін сонау алыстан қарандан бір нүкте бөліп жіберді. Шақырайған күннен көзін қолтекстеп қадала қарап қатқан қалпында біраз тұрды да, бұл қыбырлаған мал екенін сезіп, дереу сол жаққа құйындата шапты. Шынында, мал екен. Мал болғанда осы ауылдың кілтші Кәкіжанның құлынды екі биесі. Көкше егінді бұрт-бұрт шайнап, әрі тұяқтарымен таптап барыпша бұлдіріп жүр. Ана бір жерді аунап, жапырып тастаған. Сейсенбай жақындап келгенде әбден еркісіп, қуғын көрмей үйреніп қалған жылқылар бұған елең ете қоймады. Сонысына да күйініп кеткен Сейсекең қолындағы ұзын қамшымен жақынырақ тұрған жирен биесі шықпырта бір бұрт егкізді. Осыдан соң ғана үрке қашқан жылқыларды алдына сап, ауыл жаққа қарай төпелең жөнелді. Бастырмалатып қамшымен осыл қояды.

Сейсекең кашаннан жаңы жек көреді Кәкіжанды. Алдымен Сейсенбай оның үйді салған орнын ұнатпайды. Дәл орталықта қолайлы бос орындар тұрса да, Кәкіжан дәл ауылдың шетінен, ағаштың қойнауына тығыла қоныс тепкен. Онан соң үйінің айналасып тақтаймен қоршап, бұл арада үй бар екенін ажыратпастай жұмдастырып жіберген. Үйдің терезелері іннің терең түкпірінен жылтқан тышқанның көздері сияқты. Назарға әрең шалығады. Бұлай жеке дара қолысты Сейсекең ұнатпаса да, Кәкіжанның өзі есебі өзіңде көрінеді. Әне-міне дегенше байып шыға келді. Тіпті, совхоз табындарының ішінде мұның айыр тұяқтары да бір топ боп араласа жүретін боп алды. Киіміне қарасаң, осы ауылдың сорлысы сияқты. Жазда әр жерден жамаулы балағы бір-екі қабат жоғары қаиырылған қара мақпал шалбармен салбаландаса, қыста қаудырлаған сары тонынап бір арылмайды. Ал көзінің қиығы қулаған жымыып, сығырайған қалпынан бір айнымайды. Ерінге насыбайды томпиты салып алып, нәшіне келтіре сөйлегенде, бұдан данышпан жап жоқ па дерсің. Осының бәрі бірбеткей, ұрма Сейсекеңе еш ұнамайды. Бетпе-бет келіп ұстасып көрмесе де, Кәкіжанмен жұлдызы қарсы. Сырттай жиреніп жүргені.

Міне, сол адаммен беттесуге тура келетінін іші сзсіп келеді.

Кәкіжан оған өз үйінің алдында ұшырасты, Қаз қалпы: — Оу, ассаламағаләйкүм, Сейсеке, — деп нәштеген үнмен амандасты. Оған Сейсенбай жауап та берген жоқ.

— Малдарыңа неге не болмайсың? — деді тұрасынан.

— Бұл пәлскеттер, өз аяғынан жүретін болған соң, ырық бермейді. Енді байқамаса болмас, — деп көлбеңдеді Кәкіжан. Осы көлбең мінез баурап тастады ма, әйтеуір, Сейсекең:

— Жә, бұл соңы болсын енді. Штрахоуайттамай-ақ қояйын бір жолға, — деп жұмсақтау ескертті,

— Әрине гой, енді қалай, — деп Кәкіжан тағы сызылта жөнелді, — ал қайтқан малдың қайыры бар дегендейін үйге кіріп қымыз ішіңіз.

Жас шамасы бірдей адамның «сіз» деп сызылғанын ұнатпаса да, Сейсенбай аттан түсті. Бұл үйден өмір бойы алғаш дәм татуы. Бұлар үйге кіріп келгенде, Кәкіжанның кербез қабақ керім сал әйелі нап илеп тұр екен. Терезеге қарап теріс тұрған қалшы бері бұрылған да жоқ.

— Қымыз әкел Сейсекең, — деп Кәкіжан тісінің арасынан сөйледі. Үн жоқ. Сейсенбай ормандыққа отыра бергенде:

— Қымыз, қымыз дейсің. Осы қазақ таң атпай қымыз ішпесе, дүниеден кем қала ма? — деген дауыс шаңқ етіп, аспаннан бірақ шықты.

— Ой, кой-й деймін, — деп Кәкіжан бұлк ете қалды «Ойнағанда әкем жөседі, шындағанда анам жеңедінің» керіне келіп тұр. Мұндай қабылдауды күтпеген Сейсенбай не отырып қадарып, не тұрып кетерін білмей қиналды. Сәлден кейін барып қолға тиген қымызды басына бірақ көтерді. «Ах, қу қатын түнемел қымыз берді-ау», — деп түгел ішіп қойғанына қапы соқты.

Бяылғы жазда ауа райы көңілдің қалауындай болды. Егін қылтия бастағанда селдетіп, жерді сусындатты да тұрды. Ал масақтанып бидай басына дән байланған шақта қуатты да берекелі ыстығын айытпай төкті. Сонысына қарай егін де жайқалып тұтасып өсіп келеді. Алғаш жамырай шыққан арам шөптерді самолет дәрі сеуіп, құртты да тастады. Осыны көргенде Сейсекеңнің арам шөпті қолмен жұлмалаған сонау бір шақтары есіне түседі. «Жарықтық, техника бір жойқын гой», — деп қояды. Орақ жақындаған сайын көбейіп келеді. Мұндағы жігіттерге Сейсенбай күнде бір соғып кетпесе көңілі көншімейтін боп алды. Солардың маңайында жүріп, комбайндардың дарылдаған дауысын естіп келгенде, үлкен бір айғайдың үстінен шықты. Бұл аттан түсіп үлгергенше осындағы асхананың есігінен бірнеше тарелка ішіндегі тамағымен қоса сыртқа атылып шықты.

Иш: «Бұл не басынғандық! Исткен қорлық бұл?» — деген малы сөздер де естіліп жатыр. Мұндайда делебесі қозбай тұрмайтын Сейсекең көп айғайдың ішіне араласты да кетті. Тексере келгенде, бүгін бригадаға сасыған ешкі еті әкелініпті. Ет мәнісін білмейтін аспаздарға Қәкіжан қой еті деп өткізсе керек. Сейсенбай бір жамандықты іші сезе қалды да, істің тізгінін дереу өз қолына алды.

— Қалған етке тиюші болмандар! — деп қатаң тапсырыс берді.

Солсоң:

— Саспаңдар, жігіттер, мен түп ізінен қуып көрейін,— деді де байсалды бір тілсін айтты.— Ал енді, бауырларым, биікке өкпелеп тонды өртемейік. Мынау егін жарықтыққа күн де мейірін төгіп тұр-ау, ұтып қалайықшы осы сәтті. Өйтсеуір, өкпелеп жүргенде жұмысқа ысырап келтірмейікші!

Уәде осы болды.

Кеше егін басында Сейсекең Қәкіжан кездескен. Екі күннен бері оң жақ құлағында тілігі бар қара ешкісін іздеп жүр екен. Соны Сейсенбайдан сұрастырғап, Көңіліне осы жағдай түйткіл боп келе қалған Сейсекең дереу егін бойын өрлей қайтадан ауылға тартты. Манағы бұлаң құйрық жүріс жоқ, енді ысқыртып, жел соқтырып келді. Осы өкпінге Қәкіжанның екі биесі егін үстінен тағы кездесті. Шықыртып сойып аңқылдатқан қалпымен қорасына қуып тыққанда, Қәкіжанның керім сал Күлзайрасы сылаңдап шыға келді:

— Ой, рахмет жауғыр, агаке-ау, жарады. Қайдан іздеймін деп алаңдап отыр едім. Түп, рахмет, тіпті. Қәкіжан болса совхоздың жұмысында, таң ала-көбе атқаннан түнге дейін жоқ,— деп шұбырта жөнелді.— Сізді терезден көрісімен малға көзінің қырын салып ес боп жүр гой деп қаймақ қосқан қымыз сапырып қойып едім. Жүріңізші, іше қойыңызшы!

Қабағынан қар жауа түперген Сейсенбай үндемей аттан түсті де, кепет жадыраңқы бір жүзбен:

— Е, ішсек ішсейік.— деді.

Үйге кірісімен төр үйге жайғасып алды да, белбеуді екі-үш үзік шегінтіп тастап, шынында балдай татыған дәмді қымызға ерен бір ыптамен тиісе жөпелді. Бірінен соң бірін жөпелдете бес аяғын ішке қотарып алды да:

— Ал енді әлгі терілерді көрсетші,— деді жайдары дауыспен.

— Қайдағы тері? — деп Күлзайра таңданған болды.

— Ә, әлгі жоғалып табылған қара ала ешкінің терісін айтам да,— дей салды. Сейсенбай, менде ұсақ мал жоғын

білесің ғой. Әлгіңде Қәкіжаннан сұрағанда, ұнатсаң аларсың деп еді, Қатынга бір шәлі керек дей ме, немене. Соның түбіті үшін сатып алсам ба дегенім ғой. Көрейінші.

Сейсенбай ытқып орнынан тұрды:

— Қайда еді өзі, шошалада ма?

Дәл-сал тұрған Күлзайра енді мәңгіріп қалды.

— Ішінде ораулы ет бар еді. Әйтеуір, бұйырған мал ғой, жоғалып кете жаздап әрең табылды,— деп онша құлықсыздау болса да шошала жаққа беттеді.

— Жок, жай, мен түбітіп көрсем болды,— деп Сейсенбай жуаси сөйледі.

Бірақ шошалаға кірген бетте бұл момақансу былай қалды. Жетіп барып ала теріні ашып жіберді де, ораулы етке көз салды. Қанша аңқылдақ болса да, мал етін бір-бірінен тапжылтпай айыратып Сейсекең бірден жобалады: мынауысы семіз қойдың сөлінен арылмаған жас ет. Ол аспа ағашта ілулі тұрған қаптың бірін жұлып алып, еттің қапы киіміне жұққапына қарамастан тері-мерісімен аудары салды да, ныққа бірақ төңкерді, істің мәнін енді ұққан Күлзайра:

— Ойбай, Сейсеке... агеке, — деп дірілдей жабысқанда бұл:

— Қамшымен жосадай қылып, сұлатып кетсем обалың жоқ. Әрман тұр! — деді де аттың үркеніне қарамастан қапты алдына өңгеріп алып, бөлімше кеңсесіне шаба жөнелді.

Дес берісінде бөлімше бастығы кеңседе болып шықты. Қәкіжан да осында, дәл бір қонақтағыдай екі жеңді шынтаққа дейін түріп тастап қулана күлімсіреген қалпы, әдетімен көнеден көңірсіген бір әңгімені дәмдеп, көйітіп отыр екен.

— Жарықтық, біздің атай сонда былай деген екен,— дей бергенде, қап арқалаған Сейсенбай жетіп келді.

Келе қапты Қәкіжан отырған столдың үстіне дүңк еткізе қойып жатып:

— Иә, сонда жарықтық атайың не депті? Әңгімені тұздықтап дәмден айта алмайсың-ау осы. Арам өлген ешкінің борсыған етін комбайншыларға беріп, өзің совхоздың сойған қой етін үйге орап таста деп пе екен жарықтық? — деп төнді.

— Өй, бұл не былшыл, бұл не былшыл? — деп Қәкіжан күлімсіреген қалпын бұзбай бастыққа қарады.

Сөйткенше болған жоқ:

— Бұл мынадай былшыл! — деп Сейсекең екі бүктелген қамшымен Қәкіжанды дәл жауырынынап тартып кеп жіберді.

Анау орнынан ұшып тұрып:

- Сені сотқа берем. Қол жұмсадың! Құртам сені! — деп өктемдеді. Онысы ұзаққа бармады.

- Қой еті машинамен бригадаға жіберілді. Биелердің егін жегені үшін жиырма сом ақша төленді.— Сөйскен:

— Сен бар ғой, Кәкіжан,— деп тағы төнді,— мынау есінде болсын. Ақша төлеттіріп алу — ол шепыха жұмыс. Айттың-айттың мынаны айт: анау ағаш іргесіндегі егін кем дегенде гектарынан жиырма сентр астық беруге тиіс. Әрқилі, содан кем түссе, иә, сенің малың құртты деп есептеймін. Псо! Осы есінде болсын. Малың егінге түссе, сол жерінде аяғын қырқам. Білдің бе? Маңдай термен өсірген ырыздықты мал тұяғына таптаттырмаймын, білдің бе? Вот, білсең сол! Мен парызымды осылай орындаймын. Псо!

Осыны айтып, есікті тарс итерді де, бүкең жүріспен өкпіндете, шыққан қалпы жиренді аспанға бір қарғытып тастап, құйындата жөнелді. Оның бағыты — егін басы. Орақ аяқталғаша ол үшін бұдан басқа бағыт жоқ...

БІР КҮЙ БАР ДОМБЫРАМДА ТАРТЫЛМАҒАН

Күн жексенбі болған соң кір жуып тастай қояйып деген ниетпен Ұмсынай кірлеген киімдерді жинастыра бастаған. Нәресте ұлы өсе келе қойынға жатуға дағдыланып, бұған дейін мекендеп келген қайқы табап бесігі ескі-құсқының, үстен түскен киімдердің қоймасы секілді боп кеткен. Соның ішін бір-бірлеп жеңілтіп, ақтарып жатқанда ең астынан беті жарылып, үзік шегі салбыраған көне қалыптағы домбыра шыға келді.

Ұмсынай қолына домбыра іліккепде, көптен көрмеген көңілдесі ұшыраса кеткендей, домбыраны түгел қолмен шарлап, аймалап өтті. Қатты бір күрсінді. Бірақ опы орнынан қозғаған жоқ. Бұған дейін жатып келген орнына жаптайта салды.

Сонда да кір жуғыш домалақ машина үйді басына көтере гүжілдей бастағанда, сулы қолмен шымши уыстап домбыраны сәл биіктете көтеріп қойды. Біршама уақыт үзіле қарап тұрып қалды.

Машина ішінде шұбатыла жөңкілген су қимылымен бірге Ұмсынай өмірінің де бір сәттері көңіл аясында тынышсыз қотарылып кеткендей болды.

Бұл осы төңіректегі Мәжен деген кәрі шебердің қолынан шыққан домбыра еді.

Дүкен домбырасындай сырланған жылтыр болмаған мен де, коңыр үнмен күңгірлеген кең дауысты, мол тынысты аспап. Мәжеп шебер;

— Қарағым, домбыраға икемі бар, колы жүрдек дегенді естіген соң, саған деген менің бір белгім болсын деп бар ықыласымды салып істедім. Домбырасыз үй жылуы жоқ жүрек секілді емес пе! Менің қолымнан шыққан дүние сенің де кәдеге жарар,— деп өзі әкеп берген. Осы Жекешке ұзатыларда, домбырасын ала кетем дегенді шешесі:

— Ондай саят бұл маңда жоқ еді. Көлденең жұртқа оғаш көрініп жүрмесе,— деп дүдәмал ойын білдірсе де Ұмсынай өз шешімін бұлжытпай, бала күннен бергі серігін тастамай, қолтығына қыса келген.

Кезінде Жекештің де көңілін өзіне тартқан осы домбыра секілді еді. Әлдебір туыстарын іздеп, Ұмсынай аулына келгенде, жастар қойып жатқан концерттің үстінен түскен Жекеш сол жиында үкілі домбыра ұстаған Ұмсынайдың монтпаған момақан отырысына, домбыра тартысынан гөр сол пәшті отырысына елтіп қалған-ды. Шағын бойлы, тұпжыр көзді балғын қыздың дір-дір етіп ұлбіреген бұтағы Жекештің есіп шығарған.

Содап бастап бұл жігіттің жақын туыстау жеңгесі Ұмсынайға келгіштеп:

— Со бала саған дегенде құлазып, әбден пейілі құлап тұр. Өзі жалғыз жігіт, қысылып-қымтырылып дейтін кәрісі жоқ, сол үйдің қожасы өзің боласың, — деген сөздер құлаққа сіңіріле берді.

Ұзын бойлы, сәл қамыт аяқтау, маңдайына төгіліп бу дыраған бұйра шашты, аясы тарлау қысық көзді бірсыдырғы әдәмі. Жекеш салғаннан ұнай қоймағанмен, қайта қайта келгіштеп жүргеннен көз үйрсе ме, біртіндеп тақ жаман жігіт емес сияқты көріне бастады. Әсіресе шоқпар лана төгіліп, кейбір атакты музыканттардай желке тұсы тұтас жауып тұрған бұйра шашы бұл жігітті басқалардан срекшелей берді.

Бір-біріне осылай алыстан қарай жүріп танысқан екі көңіл көп ұзамай табысып та үлгерген.

Ұмсынай күйеуінің кейбір мінезін келіпшек боп түскеннен кейін ғана аңғара бастады. Жекеш тұйық мінезді, көп сөйлемейтін, дастарқан үстінде де шешіле қоймайтын адам боп шықты. Күй секілді албырт, аңқылдақтау Ұмсынайды бұл жай біраз уақыт қинады. Сонда да «үш күннен соң көрге де үйрспеді» дегендей, аздап көндіге бастаған

тай. Жекеш кейде бір көңілді боп кетеді. Диванда жанташып жатып:

— Кәнс, бірдене тыңқылдатып жіберші,— дейді.

Мұндайда қуанып кеткен Ұмсынай домбырасын ала салып жорғалата жөнелгенде:

— Күй деген сойқан ғой,— деп қояды Жекеш. Оның көм-көсір көңілділігі ішкендіктен ғана скенін Ұмсынай төсекте ғапа сезеді.

Жекеш өзінің шоферлығын көп мақтайды. «Шофер — дүшпенің тұтқасы»,— дейді ол.

Бұл мамандығына деген мақтанш сезімі шығар деп қуанатын Ұмсынай.

— Шоферға жалынбайтын кісі жоқ. «Апарып келсең, әкеліп тастасаң» демейтін кім бар. Мәселен, мыша көрші мұғалім. Машинаның бір метр сырғанағаны үшін жартысы шығады да отырады. Ал біз ше? Еркін халық. Қалаған жеріңнеп әкеліп, қалаған жеріңе жетеміз,— дейді ол кейде.

Көрші мұғалім бір қажетпен барып келетін жұмысы боп келсе:

— Бірденең бар ма? — дейді Жекеш қулана күліп.

— Болады ғой,— дейді мұғалім тәуелді адамның амалсыз күлкісімен.

Ұмсынай кейін сезді. «Бірденесі» көк мойынды шыныдағы көгілдір арақ екен. Мұнысына ол қайран...

Қысқа қарай Жекеш уақытша малшылыққа ауысты. Мал бағуға дағдылана бастағаны ма, әлде үй болып шаруашылық қарау қамы ма, мал дегенде жалғыз торпағын айналшықтай беретін болды. Күнде түс кезінде жайма тақтайлы жатаған шанамен үйіне тамаққа келгенде, қап түбінде бір шелек, жарым шелек жарма жем келеді. Мұнысы атқа берілген жем.

— Совхоз аты шөп жессе де өлмейді,— деген себеппен қап түбіндегі дүние торпақ алдына төгіледі.

— Торпақтап тайынша боп, тайынша бұзау табатынын білесің бе, домбырашым? Сонда неше бас мал болады бізде,— деп күлетін боп алды.

Сол күлкісінде астарлы да есепті бір қуаныштың сыры жатқандай...

Бір күні... кешке таман үй шаруасымен айналысып жүрген Ұмсынай бүйірінде кенет бұлқ ете түскен бір қимылды сезіп, алғаш аңырап тұрып қалды. Бірақ бұл ауырсыну емес, қайта жүрек шымырлатып, жан-жүйені босаңсытар қалаулы бір қимыл екен.

«Сенің бойыңда мен бармын, мен сенен тұтанар жапа өмірмін» деп жатқан сияқты осы бір тебіс. Бұлқынып-бұл-

кынып, бүйірді тебеді нәресте. Луыртпай, жайлап, айма-
лап кеткен сияқты Ұмсынайға.

Ол баяу басып диванға келді де жантая жатты. Қай-
тадан көтерілді. Іргеді тұрған домбыраға қол созды.
Бүлкілдете басып сәл отырды да, бірте-бірте шапшаңдата
көсіле жөнелді.

Даланың борасыны да, мүржаға соғып үілдеген жел
дабылы да шегесі бораған қапалтыр шаң-шұң етіп шатыр-
ды соға селкілдеуі де — көңілін селт еткізер емес. Біш-
қынған жел кейде ысқырып-ысқырып соққанда, үй төңке-
рілгендей. Бірте-бірте үлеп бара жатқан боранның сұғанақ
тілі терезе әйнегін сұқтапа жалпаң-жалпаң кетеді.

Бір лүпілдеп, бір баяулап, бір қуанып, бір лепіріп
отырған Ұмсынай көңілінде бір-ақ сурет, бір-ақ сезім.
Ол — Ана. Ана! Жекешті «Сен әкесің!» — деп қуантады
ол қазір. «Сен әкесің, мен апамын!» — деп мойнына асы-
лады оның. Бақыт қой бұл! Домбыра Ұмсынайдың осы
бақытын сөйлеп кетті. Оңаша үйде домбырамен сыр шертті
ол, жүрегінің ең ашық, ең адал, шарықтаған, шалқыған
қуанышып домбыра пернесіне жаза берді. Әр пернеге әріп
емес, сөз, сөз емес-ау, сөйлем: тіпті сөйлем емес-ау, өлең
боп, шумақ боп, жыр боп түсіп жатыр. Бақыт атты, қуа-
ныш атты өзгеше бір өмір. Бұл бір шөл ортада құлпыра
өскен гажайып жазира өңір емес пе! Осыны шертті дом-
быра, Мәжеп шалдың шебер қолынан белгі боп қалған
көне домбыра...

Кенет есік жартылай ашылды да:

— Әй... Ұмсын! — деген дауыс шықты.

Жекештің дауысы.

«Ұмсынай» атындағы «ай» деген соңғы буын соңғы бір
күндерде сәулетті Ай ұғымын жойып, қожамсынған «әйге»
ауысып бара жатқан секілді. Аяулы сезімнің өрнегі дерлік
«ай» Ұмсынай атының алдына шығып алып, әміршілік жа-
сай бастапты.

— Әй, деді сол дауыс, — шөпті түсірші.

Көңілге оралып, саусаққа ере жөнелген жаңа бір күй-
дің ләззатымен елтіп отырған Ұмсынай домбыраны қиып
кете алмай, қипалақтап, бөгеліп қалды. Есік қайта жүл-
қынды.

— Болсаңшы, япырау! Осы сенің шайқалып, бір сас-
пайтының-ай! — деді Жекеш.

Киініп, қымтанып Ұмсынай далаға шықса, малақайын
жантайта бастырып алған Жекеш буы бұрқырап, жайма
шанаға бастырылмай артылған шөпті төрт сала айырмен
ысырып түсіріп жатыр екен.

— Бол, қимылда, қораға шетінен сүйрей бер. Әйтпесе біреу көріп қалады,— деді алқынып.

Сол кеште Жекеш амалын келтіріп қаға берісте бір жұмалық шөп түсіріп алғанына қуанып отырды да, соның құрметіне «жүз грамм» да ішіп жіберіп, жайланған соң:

— Кәне, бірдене тыңқылдатып жіберші!— деп еді, Ұмсынай міз бақпаған қалпы сазарып отырып қалды...

Тек әлден уақытта барып тіл қатты.

— Жекеш, осы қақпа-соқпа пайдамен күш көргенді қойсақ қайтеді? — деді.

— Оның иссі бар? — деп Жекеш қарқ-қарқ күлді. Ұмсынайды қапсыра құшақтады. Оның жақын тартқан бұл қимылына сәл жібіген Ұмсынай басын күйеуінің кеудесіне сүйеп отырып, ақырын өзімсінген үнмен.

— Ұнатпаймын. Бір түрлі жиіркенішті,— деді.

— Жарайды ендеше,— деді Жекеш жұлып алғандай, келіншегінің көзіне тік қарай қадалып,— қояйын.

Ұмсынайдың іші біліне бастаған сәтте-ақ Жекештен тағат кетті. Малшылықты доғарып, машинасына қайта мінседе, ұзақ рейстерге жолаңқырай қоймай, кете қалса қанша қиын жол болса да, сол күнінде жетіп келіп жүрді. «Алты ай болды, жеті ай болды» — деп санаумен келеді. Межелі мерзімге жеткенше асық. Бүгін де: «Сегіз ай болды ғой, Ұмсың, ә?» — деп ұйқыға кеткен.

Түннің бірауық шамасында өзін Ұмсынай оятқанда, ол қатты ұйықтап, ұйқының әсерімен бажырайып қарап қалды. Келіншегінің жүзінен қиналыс, ауырсыну байқалады.

— Не болды? — деп Жекеш үрейлене атып тұрды.

— Білмеймін... осы оң жақ бүйірімнен бірдеңе қадалып тұрғаны,— деді Ұмсынай ыңқыл аралас дауыспен.

— Соқыр ішек боп қалмасын,— деді қорқынышты дауыспен Жекеш.

— Білмеймін... Балаң дүбіліп жүрген сияқты ма, қайдам... Акушеркаға барып келші...

Жекеш кетіп отырды. Кетіп бара жатып, қайта оралды:

— Фельдшердің өзіне барсам қайтеді?— деді.

— Жок, акушеркаға,— деді Ұмсынай.

Әлден уақытта фельдшер де емес, акушерка да емес, көрші кемпірді ертіп Жекеш жетіп келді. Істің мәніне қанып қалса керек, кемпір кірс сала Ұмсынайдың ішіне жармасты. Олай сипап бір өтіп, былай сипап:

— Алланың жазуына шәк бар ма, балам. Мынау шын толғақ. Акушеріңе бара бер,— деді.

...Ауылдағы үш орындық бөбекханаға түскен Ұмсынай таң ата барқыраған өктем дауысты бір жігітті әкеп өмірге косты.

Дәл сол таңда ұзақ рейске сұранып әдейі кеткен Жекеш Ұмсынайға үш күннен соң ғана келді. Ұмсынай баласын алып үйіне келді. Шай үстінде бір шыны шарапты әкеш Жекеш:

— Ал бөбек үшін алып қояйық,— деп ұсынып еді, Ұмсынай ішпеді.

Жартыны түгел өзі тауысқан Жекеш машинасын сылтауратып гаражға кетті.

Жалғыз, інгәлаган нәрестемен қалған Ұмсынай көңілі құлазып, бір түрлі жаурап қалды. Диван үстінде екі аяғын бауырына алып, ұзақ отырды. Ыңырсыған балаға да барған жоқ. Үйреншікті орнына қолын созып еді, домбыра орнында жоқ боп шықты. Ұшып тұрып үйді шарлап іздеді. Табылмады. «Отқа жағып жібермесе жарар еді» деп те ойлады. Кейде көрші үй сұратушы еді. Бұл кіріп келгенде, көршінің мосқал әйелі бедірейе қарап қалды.

— Бетім-ау, жас босанған әйел өз бетімен бөтеп үйге баспас еді ғой,— деді.

Онда жұмысы жоқ Ұмсынай:

— Домбырам бар ма мұнда? — деді.

— Бар еді,— деп қалбалақтап қалған әйел төргі бөлме жаққа айқайлады,— Болатжан, әй, мына тәтеңнің домбырасын өзіне берші.

Төр үйден салдыр-күлдір сәкіге тие бері сырғыған домбыра тақтайының дыбысы шықты. Осы үйдің бокмұрын кішкене тотайы мойнынан қылқындыра ұстап, атына мініп апты. Домбырасын үйіне алып кеп отырған Ұмсынайдың көзінен ыршып-ыршып жас шықты: ішек балбырап, түбіттеліп кеткен, тиек орнына қарындаш сынығын салыпты. Жалма-жан ішегін өзгертін, тиегін жаңалағанмен домбыраға Ұмсынайдың зауқы соқпай қалды. Бір-екі қағып көріп еді, мұнды лебізді бүлкілден аса алмай, кібірткітеп тоқтады.

Осылай күндер өте берді. Балаға әлі ат та қойылған жоқ. Соны қорсыңған Ұмсынай:

— Әрі семьямызға жан боп қосылып, әрі жұп көңілдің досындай боп келді ғой. Баламыздың атын кім деп қоямыз? — деді.

Нәштеп, дәмдеп әдейі айтты. Оған елең еткен Жекеш жоқ:

— Өзің қоя салсаңшы. Сондайға менің ыңғайым келмейді,— деп күңкестті. Ұмсынай өз ішінен: «Жандос, Жаң-

дос, Жандос!» — деп үш қайталады. Басқа сөз қозғаған жоқ.

Осы әңгімеден кейін көп ұзамай, бір түсте үйге асығыстау келген Жекеш:

— Ал қамдана бер, қонақ шақырамыз. Жігіттерден құтылмаса болмас,— деді.

Сонымен, кешке жұптасып-жұптасып жастар жиналғанда, рәмкесін көтере түсіп ұсынған Жекеш:

— Ал, жігіттер, ештен кеш жақсы дегендей, әнеугіден бері бастарыңды қосуға шаруашылықтың ыңғайы келмей жүр еді. Кәне, алып жіберіп, асап жіберіп дегендей, жұмысқа кірісейік,— деп сөз бастады.

Ішіліп-желініп, десе жеңілдеп, бой жазылып, дуыл молайған бір сәтте:

— Нәрестенің аты кім? — деген дауыстар шығып қалды.

Ұмсынай Жекешке қарап еді, ол бұған бұрылған да жоқ.

— Жігітіміздің аты... Жандос,— дей салды.

Ұмсынай көзден домалап кеткен моншақ жасты ешкімге сездірмей іліп тастап:

— Жандос, Жандос! — деп қосыла қайталады. Көңіл құсы шарықтап, құлпыра жөнелген Ұмсынайға бақыт лебі қайта есіп, қайыра табысқандай болды. Екі беті албырап, кереуеттегі Жандосқа піскелей төне берді.

Жұрт ыдырасымен домбыраны қолына алып, сонада бір басылып ұмыт бола бастаған күйін қайта тартты. Сонда бүйірін түрткілеп, хабар берген қуаныш енді кеудесіне күмбезді кең сарай орнатқандай.

— Тындашы, Жекеш? — деді де домбыраны сайратып қоя берді.

Сацқылдаған қыран самғауы, сұцқылдаған бұлбұл әуен, киікше орғыған еркелік, сұлуша бұраңдаған наз мінез, бәрі-бәрі, бар әлемнің бүкіл шарапат-жақсылығы домбыра шанағына қонып алып, перне-перненің арасынан күлімдеп тұрғандай. Осындай бір шабытты шақта жалт етіп Жекешке қараған Ұмсынай төбесіне мұзды су құйғандай қалт тоқтады. Екпіндей жөңкіген күйші қолы күйінішті бір тебіреніспен сұлық түсті:— Диванға жайлана көсілген Жекеш есінеп-пысынап, селсоқ жатыр екен.

Сүйрік қолдан әнтек сырғып түскен домбыраның ішегі сырт етіп үзілді де, шетінен жүрген тақтайы қақ айрылды. Селт етіп шошынған тиск шегірткеше ыршып кетті. Кежеге төніп кеп қалған жүйріктей самғаған екпінді күй, орға кездескендей күйбендеп, сыңсып қана барып дық етіп тынып қалды... Ауырсына, ыңырып тоқтады.

Сол домбыра, міне, архивке түскен көне қағаз сияқты ескіріп, сарғайып барады. Жұмысын тоқтатып, домбыраны қайта қолына ұстап, шертіп көріп еді, күй оралмады.

Бір сазы да есте жоқ. Назалы, ызалы қалыппен сілейіп! Ұмсыпай домбыра бетіне күңірене қадалып ұзақ отырды.

Қайрылмай, тартылмай, тыңдаушысын, қоштаушысын таппай кеткен — қайран күй...

Оралмас еді, тегі... Оралмас...

АДАСҚАНЫҢ АЙЫБЫ ЖОҚ...

Жуырда ғана мұғалімдіктен аудандық комсомол комитетіне қызметке ауысқан кезім. Үш доңғалақты мотоциклмен ел аралап қайтуға шықтым. Басты жұмысым: өнерпаздар слётіне қатысатындарды іріктеп қарастыру және жол-жөпекей елмен, жастармен танысу.

Зырқыратып отырып «Ақ Есіл» атты ауылға келдім. Совхоз комсорғы осында жүр екен.

— Жақсы келдіңіз. Бүгін жастардың концерті бар еді,— деп жақсы жаңалықты бірден хабарлады. Сонсоп жымың ете түсті.

— Сәті түссе, бүгін Сәнияның әнін тыңдаймыз,— деді.

— Сәния кім?

— Осындағы бір келіншек.

Екеуіміз тура тарттық. Спырлар сонда жайылып, сол жерде сауылатын. Кешкі сауын кезі. Малшы, сауыншылардың көбі жас болғандықтан, алдымен осында келу парыз сияқты.

Сауын сиырын:

— Алабас, Алабас,— деп қазақша шақырып бір орыс келіншегі жүр.

— Өй, Тікмүйіз, қарасаң келгір, неменеге жалаңдай бересің! — деп бір домалақ келіншек жүр.

— Өй, байқап сөйлес, ар жағында бөтен кісі тұр,— деп қояды біреуі.

Ақ халат киіп алған сауыншылар бір-бір сиырдың емшегіін созғылап, сығымдап жатыр. Ұзақты күн көк шалғында жайылған сиырдың сүті тырсыған емшектен бос шелекке құйылғанда, шелектің түбі күрп-күрп етеді.

— Қолмен сауудан арыла алмай тұрмыз,— деп комсорг желкесін қасып қояды.

— Көпшілікпен аралап жүріп сөйлесіп, шетке шыға бергенімде:

— Сен айтқан Сәния жоқ па бұлардың ішінде,— деп сұрадым.

— Жок. Күйеуі шығармайды үйінсі.

— Неге?

— Әйелдің бар міндеті күйеуі тапқанды ұқсату ғана деп білетін көрінеді.

— Күйеуі сондай табысты ма?

— Жылқышы. Табысы да бар, жасырын мал өсіріп, сауда істейді деседі кейбіреулер.

— Солай де.

— Жарты жылдай болды, Сәния комсомол взносын да төлеген жоқ. Соны сізбен ақылдасайын деп едім, не істерімді білмеймін.

— Бүгін концертке қалай келеді ол? Күйеуі жібере ме?

— Жасырынып келмекші. Бұйыға беретін халім жоқ, не болса да келемін депті қыздарға.

— Онысы өжеттік екен. Өзі қандай келіншек?

Комсорг Сәнияны сипаттап берді. Сұңғақ бойлы, қарақат көз, қасының дәл түйіскен жерінде тамшыдай қара мең бар. Дәл өзі. Менің шәкіртім...

Былтыр менің алдымнан оныншыны бітірген Сәния деген әнші қыз бар еді. Бұл Сәния сол болар ма екен деп жорамалдадым.

Есімде, ол сабақты іліп-шалып, орташалау оқитын еді. Өзі интернатта тұратын. Білетін мұғалімдер:

...Кеш. Клуб іші — ығы-жығы. Сахна әлі ашылмаған. Әдейі киінген жұрт үйіліп-төгіліп келіп жатыр. Мен алдыңғы қатарда бір бос орындыққа келіп отырдым. Көршім будақтатып шылым шегіп отыр. Басында маңдайы салбыраған кепке.

Мен:

— Түтініңіз әншілерге бөгет жасайды ғой,— деп едім.

— Хай, тәйірі, қайбір әншілер бұлар. Алматыдан келген болар ма бір! — деп қайырып тастады.

Сөйткенше шымылдық ашылып, концерт басталып кетті. Хабарлаушы — комсорг. Ән де, би де, тақпақ та аралас, әлдебір пьесадаң үзінді де бар. Боржабай көбіне селсоқ жай отырады да, көңілі түскен біреулерге қошемет ретінде қайдан тауып алғанын кім білген, бір үлкен тері биылайды сартылдатып соғады. Тіпті болмаса аяғымен сәкіні дүбірлетеді. Концерттің орта тұсында сахнаға бір кісі шығып «Абай жолы» кітаптарынаң үзінді оқи бастады. Тебірене беріліп оқыды. Сөйткенде көршім маған бұрылды:

— Өй, мынауы, әлгі Ғабит Мұстафин дегеннің «Абай» кітабынан емес пе?

— Жок, Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романынаң.

— Қой, Мұстафин шығар?

— Мұхтар Әуезов деймін.

— Кой?

Одан әрі дауласпадым. Бірік ол шыдамады.

— Сонда осы анау сахнаға шығып алып, неменеге тәлімсіп тұр. Өзіміз де үйде оқып алмаймыз ба? Ели бізді надан санағаны ма? — деп бастырмалатып барады.

Мен естімеген қалып білдірдім.

Міне сахнаға комсорг шықты.

— Бұл баланың тұрмысы нашар, жалғыз шешесі бар. Ағайып-туғаны шамалы,— десетін.

Мен оның әнді бір естігенде қағып ала қоятын өнеріне сүйсінуші едім де, хорды көбіне сол бастаушы еді. Жаңа әндердің бәрін дерлік білетін. Өз тарапымнан жұрт әлі ести қоймаған Қасым әндерін, Қасым сөзіне жазылған әндерді үйреттім. «Жас дәурен», «Сайра сандуғашым», тағы басқаларын Сәния құлпырта айтатын болды. Кәрімбаевтың «Көктем вальсін» шырқағанда, клубтың қабырғасы вальс ырғағымен теңселіп, билеп кеткендей болатын еді.

Бірақ, менің сезінуімше, Сәния үнемі дерлік бір уайымның, ауыр ойдың жетегінде жүретін сияқты еді. Тіпті сабақ үстінде өзімен-өзі боп терезеге қарап, жүйрік көңіл әлде қайда шарықтап отыратынын байқайтыным.

Бірде тоқсан аяғында «Арман алға тартады» деген тақырыпта шығарма жұмысын жаздырдым. Тақырыпты әркім өзінше топшылап, жобалап жазып жатыр. Сәния болса: «Арман көп-ау, бірақ соның бәрі орындала берсе, дүниеде бақытсыз жан болмас»,— деген екі сөйлеммен ғана шектелді. Сонсоң:

— Мұғалім, басым ауырып тұр,— деп шығып кетті.

Кейін оңаша алып қап:

— Бұның не? — дегенімде, үндеместен көзінің жасын сығып жылай берді.

Көңілдің кілтін тауып сөйлесерлік қабілет жас мұғалімдерде бола бермейді ғой.

Жазда бұлар мектеп бітіріп, бірі оқуға, бірі жұмысқа орналасып, әркім өзінше жол тауып жатты. Ұзып құлақтың соңғы бір хабарында Сәния күйсуге шығып кетіпті дегенді естідік. Содан бері Сәния деген атты естіп тұрғаным бүгін.

— Құрметті жолдастар! Қазір сіздер көптен тыңдамаған, тыңдауға құмартқан бір әншілеріңізді көрсіздер. Орындалатын ән «Сайра, сайра сандуғашым». Орындаушы...

Ол сахнаның оң жағына әсем қимылмен қолын созып, кел дегендей белгі берді. Сөйткенде беті алабұртып жалындаған Сәния шыға келді сахнаға. Сәнияны көргенде

Боржабай екеуміз қатарласа орнымыздан көтерілдік. Мен өз оқушымды танып ұмсынсам, Боржабай:

— Әй, біздің қатынға не жоқ, әй!— деп гүр ете түсіп ұмтылды.

— Шының ба, расың ба? — дегендей мен оған шұғыл шұқшия қадалдым.

Кешегі оқушымды Боржабай сияқты біреудің «қатын» дегені қатты батып, ішім удай ашыды.

— Пай, пай әншілерді жинаған екен мыналар, әншілеріңе болайын,— деді бір кскетіп.— Үйге барған соң сөйлесейік сенімен,— деп кіжініп отыр Боржабай. «Сайра, сайра сандугашым» деп өзіне-өзі жігер бергендей Сәния сыңсыта шырқап қоя берді. Сыңсыған сұлу сырлы ән, таныс дауыс. Кей жерде дабыр-дұбыр боп отырғандар да біреу зекігендей тына қалды.

Сәния гүлдемеptі. Қайта жүдеп, өңі қуарыңқы тартқан. Қуқыл жүзінде қара мені айқын көріне түскендей.

Бір сәтте ән сап тұрған Сәнияның көзі маған қадалып, ұшқындап кеткендей болды. Іште тұнған бір жалын жарқ ете қалғандай. Ән аяқталғанда жұрт дүрліге қол соғып:

— Қалай-қалай сайрайды мына келін! — десіп қошеметтерін білдіріп жатыр.

Бірнеше номерден соң концерт аяқталды. Орныпан тұрып жатқан Боржабай сахна жақта біреуге айқайлап жатыр.

— Әй, ана біздің үйдесіге айтшы, шайқалмай тез үйге келсін деп.

Бұл шыға бергенде комсорг маған жетіп келді.

— Сәнияпы тыңдадыңыз ба? Слётке осыны жібереміз. Ол бүгін взпосын да төледі. Енді сізді грейдерде тоспақшы. Сөзім бар дейді.

Өзім де қалай көрем, қалай тілдесем деп тұр едім, мына сөзді естіген соң тағат таппай, мотоцикліме мініп, тартып отырдым. Ауылдан бір шақырым шамасы шыққанда жол үстінде ағараңдаған тұлға көрінді. Сәния екен. Жеңіл көйлекпен ғана шығыпты.

— Сәлеметсіз бе, мұғалім! — деді ол бұрынғы әдетпен.

Мен сәлсмдестім де, құлағым сенде дегендей; жанына келдім. Сәния бұрынғы ұяң Сәния емес екен, өңінде бір батыл шешім бар.

— Мұғалім! — деді тағы да.— Сіз оқушы кезімде дәптерімізді тексеріп әкеп, қатені көп жібергендерімізге ұрсушы едіңіз. Ол ойыншық екен. Мен өмірде үлкен бір қателік жасадым. Мана залда сізбен көрші отырған ескінің жұрнағымен байқамай жолдас боп қалдым. Тұрмысым кем болған жоқ, бірақ Боржабай мені құрбыларымнан,

көпшіліктен, әнімнен дараламақшы болды. Соған бой үйреніп көндіккендей болсам да, төрт қабырғаға сия алмайтыншымды сездім. Мен енді бұл жаңсақтығымды түзегелі тұрмын. Мені бірге ала кетіңіз. Енді бұдан былай адаспайсыма сенемін.

Сәнианың сырын үнсіз мақұлдадым да қасыма отырғызып алып жылжып кеттім. Мотоцикл жарығынан үркіп, ысырылғап қараңғылық кейінден қалып жатты.

ТЫНЫШ ТҰРМЫС

Есіл жақтан аңқытып кеп ауылға сүңги кірген «автоводовозын» Жеңіс тура үйіне бүрды. Қиыршық қарды сықпалай жылжығап бүртiк мөрлі доңғалақтар сықырлай кеп аялдай бере, сыңғыраған сигнал даусы қатар шықты. Жеңіс шыптақты кабинадан шығарып жіберген, малақай шекеде, бір езуінде қылмың күлкі.

Бұл қадала қараған есіктен алжапқышының етегі желбеңдеп келіншегі Пашкен шықты. Қолында шелек. Бұл да көңілді-ақ. Қанағатты кейіннен құлпыра күледі. Жүрісі де ширақ, пысып кеткен.

— Кәне, әкел бар ыдысты. Сені бүгін бір суға кенелтейін. Бол, бөшкені шығар, флаңгерің қайда, жылдам,— деп еркелете бұйырып Жеңіс бері шықты.

— Алдымен малдарды суарып алайықшы, қанып бір ішіп, байғұстар,— деді Пашкен сенектен бөшкені шығарып жатып.

Мұнысып Жеңіс те құптай кетті.

— Ол да дұрыс екен. Кәне, шелекті қоя тұр. Андағы бөшкеге бір құйып көрсейін, емін-еркін тұмсықтарын бір суға көмсіп. Бүйірлері бір шықсыншы бұлтиып.

Аласалау болса да жуантиқ месқарын бөшкеге қорадан кимелей шыққан екі сиыр бірден бас қойды. Бір-бірін мүйізбен жайқасып қойып сораптап жатыр. Тағы бір түкпірден ағытыла шыққан қой-ешкілерді Пашкен шелектерге құнықтыруда.

Әбден қанып ішіп, қарындары шермиген екі сиыр ұрттарынан суын сорғалатқан күйі меніреу көзбен Жеңіске бірер қарасты да, қорадағы жемге бет бүрды.

Сиырдан қалған суды төгін тастап, Жеңіс бөшкені қайта толтырды. Басқа ыдыстар да шүпілдеді. Тізілген ыдыстар қалай толықса, Пашкеннің көңілі де соншалықты мейірімді.

— Жарады, біразға дейін суға жүгірмейтін болдым енді,— деп қояды.

— А-а, солай болар... Күйеу болса осылай болсын! — деп қалжың-шыны аралас мақтанған Жеңіс оны арқасынан қақты.

— Рас, тамаша болды. Шофёр болғаннан бері шаруаға бір пайдан тигені осы шығар...

Жеңіс ыдыстарды үйге енгізісіп, машинасына отырды.

— Енді асханаға тарттым,— деп арман жылжып кетті.

Бүгінге дейін Жеңіс бензин таситын. Сонау екі жүз шақырымдық станцияға дейінгі екі ортада шофёрлық бес жылының ішінде талай жосылтқан. Кедір-бұдыр селкілдек грейдер жолдың қай тұсында машинаның қалай секіретіні де оған әбден қанық. Машинаның спидометрі гапа емес, мұның бүкіл табиғаты-ақ шақырым мөлшерін ерекше бір шоферлық сезікпен түйсіне қалуға дағдыланып алған. Сонда да ұзақ жолдың әр түрлі қиыншылығы, кейбір естен кетпес азаптары көп болатын. Қажытатын. Сол себепті де Жеңіс бұдан гөрі жеңілдеу рейстерге ауыссам деген ойға беріліп жүретін. Оның үстіне Пашкен де:

— Ерте кетесің, кеш қайтасың. Көргенің көбіне бейнет. Шаршап-шалдығып жүргенің ылғи. Жұрт қатарлы қонаққа да барып жүру жоқ... Осыныңды қойып, жеңілірек бірдеңе қарастырсаңшы,— деп қыңқылдап қоятын.

Қонақ демекші... Бір рет рейстен түнделете оралғанында Пашкен сынық қабактау көрінді. Мәнісін сұраса, көрші қонаққа шақырған екен де. Жеңіссіз баруға Пашкен батпапты әрі қисынсыз көріпті. Жеңіс жуынып тамағына отырғанда, Пашкен сәл күрсініп:

— Жұрт қазір дүрілдесіп отырған шығар,— деді.

Күрсінісінен кемшілік, жүдеушілік көрген адамның сынайы сезілді. Осы бір елеусіз күрсініс те Жеңістің жеңілірек жаққа ойысуға деген шешімін нығыздай түскендей.

Бүгін, міне, ол ауыл ішінде су тасушы боп алды. Машинасы жапа. Қаладан барып өзі айдап әкелген. Моторы сырнайша күйлейді. Ескі машинаның салдыр-күлдірінен аныралғалы Жеңіс ләззәт бір дүниеге тап болғандай. Кабинадан шықпай, жаңа мотордың жағымды күйін тыңдай бергісі келеді. Асхана, кеңсе, мастерской, тағы басқа орындардың ыдыстарын қажетінше толтырып тұрады. Осы — бары. Нағыз тыныш тіршілік.

...Асханаға бұрылар жолда Жеңісті Қатыш жеңгесі үйінің алдынан қол бұлғап тоқтатты.

— Қайным-ау, жалғыз Пашкенді жарылқамай, бізге де көз қырыңды сала жүрсенші. Құдығы құрғырға баруға ерініп, судан қаңсып отырмын. Үйіңе қарай бұрылғаныңды көріп едім, содан бері жолыңды тосып тұрмын. Кәне, құя

кет бір-екі шелек, еңбегінді ескерсерміз,— деп алтын тісін көрсете күлді.

Жаксы көретін Қатыш жеңгесінің көңілін қалдырсын ба, Жеңіс:

— Бопты, тек тезірек,— деп бұрыла салды.

Қатыштың әлгінде біреу-екеу деген шелегі он шақты боп шығып, машинаның маңайы тауық астында жыпырлаған жұмыртқа сияқты құжынап барады. Шланғасын бірден-бірге сүйрелеп Жеңіс тұр. Шелектерді үйдегі бір мш-кей ыдысқа қотара сап, қайта жүгірін Қатыш жүр.

— Туһ, қайшым-ай, қадырыңды жана білдім ғой,— деп қояды.

Маңайдағы үйлердің терезесінен қылтып-қылтып бір бастар көрініп еді, сол бастар енді екі қолына төрт қолына шелектеп ұстаған әйелдер бола қап, бері қарай қаптай тартты. Ауыздары аңқып-аңқып кеп шелектер тізіліп жатыр. Көңіл қайтара қоятын Жеңіс жоқ.

Жәрменкенің аяғы машинаның «қарнындағы» суды түгел тауысумен тынды. Жұрт шелектерін шайқалақтатып бытырай бастағанда, Қатыш:

— Ал, Жеңіс, ағаң қазір жоқ болса да, үйге кір. Бір жүз грамм жұтып жібер,— деп қолқалады.

— Қойыңыз, рульде жүрмін ғой,— деп Жеңіс ырсып күлді.

...Сол күні Жеңістің көңілді күйін көтере түсуге уәделескендей, бір жолдасы қонаққа шақыра қалды. Бұрынғыдай емес, уақтылы шақырылып, уақытылы үйінен табылған Жеңіс қырынып, жуынып, таза киініп еркелей ерген Пашкенімен айтулы уақытта шақырған үйіне келді.

Бұларды кіре берісте қарсы алған жолдасы киімдерін іліп жатып:

— Кәркенді де шақырып едім, рейстен әлі оралмаса керек,— деді.— Сірә, күтпей-ақ асты түсіре береміз-ау деймін, басқа жұрт түгенделді.

«Мен де осылай талай қонақтап қалып, аузым кеуіп жүрді-ау!»,— деп іштей ойлана қалған Жеңіс төргі үйге өтіп, өз орнын тауып жайғасты.

Қазанғап түскен тамақтың пісі мұрынға келе бастағалы жұрт ұзақ-сүреп әңгімелерді доғарып, үндемес ойнауға кіріседі. Қапелімде біреу бұл ережені бұза қалса, тәбет жоғалтып алатындай жақтырмай қалатындары да бар. «Ішінс ел қонған» жұрт уәделескендей гу ете қалады. Дүр етіп ұшқан шүрегейлердің дуылы іспетті.

Сондай топқа кіріге кеткен Жеңіс шофёрлық бес жылдан бері бірінші рет алаңдамай, абыржымай отырды. Бұрынғыша: «Таңертең жолға ертемен шығам-ау, бұрышырақ

жетіп, тезірек қайту керек-ау, күштің ыңғайы не болар екен?» — дегендейін уайымдар енді жоқ. Ол емін-еркін етті де құшырлана жеп, шайды да терлеп-тепшіп мол ішіп, кең жайылып отырды. Бес жылдап бері бірінші рет «ертен жол жүруші ем, ертерек жатып тынығайын» деп рұқсат сұрап, жұрттан бұрын кетпей, көппен бірге ақырына дейін болысып, тіпті қонақтардың соңы болып шықты үйден.

Сыргымалы полотноға құйылған бидайға ұқсап күндер де жылжып өтіп жатты. Қанша бір қалыпты, қанша тыныш жұмыс болғанымен, Жеңіске әлдеқандай түсініксіз бір мазасыздық үйіріле берді. Кейде кібіртіктесіп, кейде құлшына жүлқып тарта жөнелетін бұрынғы асығыс, қарбалас жүрістердің елесі қайта-қайта есіне келіп, маужырай бастаған санасын түрткілеп-түрткілеп кететін сияқты. Жіпсіз байланған жүйрікке ұқсап ауылды түкпірлей шарлап жүреді де қояды, күнде көрері бір күйбең, елп еткізбейді. Онысын Пашкенге айтты да, бір күні:

— Ішім пысты, Пашкен,— деді ол.— Әбден пысты. Бір түрлі екен өзі. Тып-тыныш. Ара-тұра бір қиын жолдарда оппалап-оппалап алғанға не жетсін!..

Пашкен мырс етті. Кекесінді мырсыл, жақтырмаған кейіп.

— Е, оппа керек болса, осы ауыл ішінде де бар емес пе, бат та барып тұр, күні бойы тұр, түні бойы тұр, кім ұстап жүр сені,— деді.

Жеңіс арманшыл биязы бір қимылмен Пашкенді нығынан қапсырып өзіне тарта құшақтады.

— Батудың да батуы бар-ау, Пашкен,— деді сонсоң.— Айталық, міне, біз ұзақ жолда келе жатырмыз. Кеше ғана қалың жауған қар. Машинаны құрсаулап ілгерілеткісі келмейді. Бір-біріне сеніп, серік боп шыққан шоферлар кезектесіп жол салып, қар мұхитын тілгілеп тартады. Орта тұста сен келесің дейік. Бір уақытта ойда жоқта батасың. Олай ыргап, былай, ыргап, болмаған соң тұрасың. Кейінде келе жатқан жолдасың тросың жалғап жіберіп, сені суырып алады. Ілгері кеткендер тоқтап, кабинасынан басын қылтитып, сен оппалап шыққанша тосып қарап тұрады... Немесе тың жолды салу кезегі саған келді дейік. Машинаңды екпіндетіп тартып кеп кеттің, келдің де, қатты толқынға ұрылғандай әрі қарай тырмысар хал жоқ, тынып тұрып қалдың. Сонда жолдастарыңның бірі сен қызумен байқамай қалған бір қылтаңнан кесіп өтіп, алдыңды орайды да, қар шеңгелден сені құтқаруға қайта шегініп кері тартады. Оған болмаса кейіннен тосып тағы тұрады жігіттер... Міне, Пашкен, осындай да бату болады.

Қызулана сөйлеген Жеңісті салқын сабырмен тыңдап тұрған Пашкен:

— Қайдам, батуға құмарған өзін біл,— деді де қайтып сөз қозғаған жоқ.

Онысы ұнатпағаны екенін Жеңіс те сезді. Көңілсіздеу, құлықсыздау қалыппен машинасына отырды. Бұрышты айпалып шыға бергенде, совхоздағы көп бастықтың шең жағынан кішіректеу болса да, іш жағы тарлау бірінің бәйбішесі жолықты. Тоқта дегендей болмашы қимылмен қолын сілтей салды. Дүкен жақтан келе жатса керек, қолында комақты сумка. Үстіне барып артып киген екен. Гүлді, мәнерлі атластан тіккен халаттың астында бірыңғай көк түсті пүліш көйлек көрінеді. Онысының етегі халаттан төмен салбырап, екі қарыс төмен салшып тұр. Шоптита тігілген пальтосы да — қымбат дүние.

Күйеуі бірдеңе тапсырды ма екен деген оймен Жеңіс тоқтай қалды. Келісімен киігіе кетті анау:

— Сен, бала, осы не істеп жүрсің?

— Су тасып жүрмін ғой, жеңгей.

— Су тасушы екенінді білем ғой, кімге тасисың дегенім ғой сонда.

— Е, кімге болушы еді, совхоз мскемелеріне де.

— Білем мен сенің қай мекемеге тасып жүргеніңді. Үйіңе тасы, Қатышты қамтамасыз ет, тағы сондай еріккен әйелдерге жалпақта... Сонда, немене, біздей бастығыңның үйі — шорту, не болса о болсын, ә. Солай ма? Әлде жұрттап тіленіп ішкен жүз грамм бізден табылмайды дейсің бе? Бүгіннен бастап мұнынды қой, бала, су құйып тұратын бол. Сол әдейі іздеп келе жатқаным.

«Осымен сөз тамам» дегендей, бастықтың әйелі балпаңдан арман аса берді. Ызалы да қыңыр бір күлкі ернінде құбылған Жеңіс үңсіз отырып қалған кейпінен тез айықты да, қайқаң жүріспен қолды сермей тастап ұзап бара жатқан сүйкімді жеңгейді машинамен бастырмалата қуып жетті.

— Жеңгесі, тоқтаңыз. Тағы айтарыңыз бар ма?

Әңгіменің кикарлыққа басып тұрғанын сезген әйел тіксіле қалды.

— Жоқ, сол айтқанды орындап ал әуелі.

— Ендеше маған сеніп сусыз қалып жүрмеңіз!

Сол кеште Жеңіс жұмысынан оралысымен ештеңеге зауқы соқпай, көңілсіз бейжай күйде тырп етпей жатты да қойды.

Жеңістің көңіл-күйіне жұптас алай-дүлей боран соғып күн реңі бұзылып жүре берді. Кеше ғана молынан жауған қардың қатқыл түйірлерін жабысқан жерінен жұлып-жұ-

лып ап қанкөбелек ойнатып өсіре түседі дауыл. Бұрқасын арасынан мұнартып көрінген үйлер штормда қалған кемелер сияқты елестейді. Қар төпелеп, дауыл мәңгірткен көздерге бұл үйлер кейде ауытқып, қырындай аунап бара жатқандай боп та көрінеді.

Жеңіс киініп далаға шықты. Іңірлетсе жағылған ауыл оттары күңгірт сәулемен ара-тұра әр жерден бір қылтып қалады. Боранның сынайын сәл бақылап тұрды да, гаражға тартты. «Жігіттер жолда қалмаса жарар еді»,— деген ой орала берді санасына.

Гаражда күзетшіден басқа ешкім жоқ екен. Жеңісті көрісімен:

— Немене, боранда... бірдеңе қыстап жүр ме? — деп қалжыңдап жатыр.

Жеңіс онысына мән берген жоқ.

— Рейстегі жігіттер оралған жоқ па? — деді.

— Кешікті, не дегенмен...

— Кешігетін жөні бар, ұйытқып кетті ғой, түге. Жолда бір жерге аялдап қона салса жарар еді.

Күзетші Жеңістің жүзіне таңырқаған кейіппен тосып қарап қалды.

— Сөйлейсің-ау сен де... Өзің... бұрын үлкен жолға шығып жүргенінде неше рет қонып ең, ойласаншы. Ми батпаққа да, сақылдатқан аязға да, бұрқанған боранға да қарамастан төпелеп жетіп келмеуші ме ең.

Күзетшінің мына сөзімен ілесе сол сапарлар есіне келді Жеңістің. Шынында, солай емес пе еді. Ал не істейміз деп дағдарған уақыттарда:

— Біреу ғана емес, бірнешеу емеспіз бе? Не тұрыс, газға бас та, алға тарт! — деп жол қиыншылығын бірге көрерге уәделесіп алғандай сәл ғана мәжілістен соң, біртіндеп сөгіліп жөнөп бермеуші ме еді.

— Былқың-сылқыңды білмейді біздің жігіттер,— деп қояды күзетші.

— Неше машина кетіп еді? — деді Жеңіс қалтасынан темекі суырып алып.

— Бесеу.

Бұлар будқаға кірді. Екеуі де темекі тұтатты. Күзетші Жеңісті ақырып-ақырын қажап қояды:

— Не шаруа қысып жүр осы сені?.. Бүгін жүз грамды тастап алып, майлы салмаға сылқия тойып, жылы көрпенің астында жылтырып қана жататын күн емес пе?

— Ә, жай, боранда қыдырғанды ұнатамын,— дей саяды Жеңіс. Сонсоң күзетшіге бұрылды,— Осы... анау Тастақтағы сайдың қары көп пе екен? Сол бір кәдік жер еді.

— Көптен жүрмеген соң өзің қарайып қалғансың ғой, бульдозер аршып жүреді ол тұрғы.

Жеңіс ішінен «хм... қарайып қапсың ғой» деп бір қайталады да, өзін-өзі мысқылдай күліп қойды. Сонсоң далаға шықты. Боран күшеймесе бәсеңситін емес. Ападайдан, көшеге кіре беріс шеттен бір жарық қылаңдады.

— Біздің жігіттер ғой,— деп дауыстап қалды Жеңіс тағы да өзіне.

Шынында, солар екен. Алғашқысы Кәркен. Күшпен жылжып кеп тоқтады. Кәркен кабинадап шықпай отырған күйі арқалыққа шірене сүйеніп, көсіле жантайды. Жеңіс жанына жүгіріп келгенде:

— Уһ, екі қолым қарысып қалды,— деп шаршаған кейіппеп болмашы жымиды.— Кабинаға жата кетіп мызғып алар ма еді, шіркін.

— Жол ауыр шығар, ә? — деді Жеңіс.

Кәркен басып жұлқып көтеріп ап, түзеліп отырды.

— Сұрама. Осы жолы Шекенайдың арқасында жеттік елге. Осындайда арқасы бар өзінің қозып кететіп... Әне батты, міне батты деп қылшылдап келс жатасың... Қайда-а... құлдипап бірақ шығады. Көбіне бізді сүйрелеумен болды өзі. Сілесі де қатқан шығар.

— А-а... Шекенай... Иә-пә, ол солай,— деп күзетші риза бір тыныспен сөз қосты. Оның астында машина емес, ракета дерсің.

— Рас,— деп оны Кәркен құптады.

Шекенайды бұрын да білетіп Жеңіс қазір тіпті қызығып барады оған. Соның қасында бұл жолда өзі де бола алмағанына өкінді. «Тыныш тұрмыс» деп іштей бір кекесіп тағы мырс етті.

— Солай де...

— Солай.

Өстіп тұрғанда кейінгі машиналар көрінді. Тек Шекенай әлі жоқ.

— Жігіттер, білесіндер ме не істеу керекің,— деп бір шофёр данғырлай шықты кабинадап.— Қазір Шекенайды аспандатып бір қолға көтерейікші. Аана: «Көзің ежірейіп алдындағы шұңқырды көрмейсің»,— дегеніне ашуланып жүр едім, бүгін өзіне риза болдым пәлекеттің. Тіпті өзі... былай... сойқап!

— Әбден дұрыс. Өзі қайда әлі?

— Кейінірек келе жатыр.

— Батып қалмас па екен?

— Өй, о не дегенің, Шекенай батушы ма еді?!

Иә, Шекенай батпайды. Жұрттың сенімі осы. Шекенай қазір келеді де, Жеңісті көрісімсін:

— Иә, курортник, хал қалай? — дейді.

Оның мінезі солай. Адал, тік. «Айтсың, мұны бүгін ғана естірмін. Ертеңнен бастап тыныш тұрмысқа қош дерміз. Жеңістің осы шешімін жолдастарының көңілді қанағат күлкісі бекіте түскендей.

Пашкенге ұнамас та, әрине, бұл шешім. Мейлі, түсінер кейін. Басқа жолы жоқ Жеңістің.

Әне, Шекенай машинасының да жарығы көзге шалынды. Бұл ұзақ та қиын, қиын да қызық жолдардың шамшырағы. Сол жарық өзінің мол сәулесімен Жеңістің алабұртқан жан-күйін қытықтай түсейін дегендей бері жақындап келеді...

АЙЫП КІМДЕ?

Сәменке деген бір қу көршісінің туған күнін тойлаған мәжілісінде ішу жағынан артығырақ кетіп, бүлік шығарса керек.

Енді сол мәселемен жиналысқа түсіп отыр. Стол басының алдында екі бүктелген жалпақ қағаз. Бұл Сәменкенің сол түнгі, оған дейінгі жұртқа көрсеткен машақаттарын тізбектеп, жинап-терген «іс қағазы». Ақ қағаздың шұбарланған түріне қарағанда, әжептәуір тергеу жүргізілгенге ұқсайды. Соның бәрін былай қойғанда, көрші үйде салған қиғылықтың өзі-ақ жетіп болатын. Жиналыс бастығы жағалай орналасқан жұртшылыққа соның мәнін тәптештеп, саусақпен санағандай етіп баяндап тұр:

— Алдымен мына Сәменке деген көксөкқан үй несіне, өзінің ауыз жаласқан дегендей құдайы көршісіне бірінші рюмканы көтерерде: «Ал, бауырым, сенің қырқың үшін ішіп қояйық!» — деп, оның қырық жасқа толу мерекесін әжуа еткен. Оның үстіне жұрт ішкен жеті рюмканың орнына бұл сабазың тоғызын тоққарған. Тіпті, фокус көрсетемін деп, бір рет рюмканы арақ-марағымен жұтып қоя жаздаған. Әбден қызып алған соң, жұртпен ілінісіп, шымшыма сөздер айта бастаған. Дауымбайдың шекесіне нұқыған, Қайрабайдың көзіне шұқыған, Қарғабайды періп жіберген, Қатышты кеудеден итеріп жіберген.

Осылай Сәменкенің лапы тізіле жөнелгенде, оның бәрін бір мәжілісте қалай үлгерген деп жұрт жағасын ұстады.

Біршама сұрақтан соң сөз Сәменкенің өзіне берілді. Сөмніп бүгіле қалған қалпына қарағанда, осы бүліктің бәрін шығарған батырың бұл дейтін емес. Мықшыды шып-такпен көтерген боп, нықты бір қиқаң еткізді де, сүйретіліп трибунаға беттеп еді:

— Аулақ тұр, трибунада нең бар, баяндама жасаушы ма едің?— деп жиналыс ағасы жолатпады.

Сонда да трибунаның қасына барып қалған соң, тастап кетуге қиында білем, шетіне шынтақтап асыла тұрды.

— Ал сөйле!— делінген соң ол сөйлеген болды:

— Менікі обшым неткен ғой... Ішкендік қой...— деді.

— Беу, сені ішпеді деп отырған ешкім жоқ, неге ішесің деп отырмыз ғой,— десті жұрт.

— Енді қалай, іш деп берген сен. Әрі жұрттың бәрі ішеді, жалғыз мен бе...

Осылай бір-скі қысқаша тіл қатысудан кейін тыңғылықты аттың жүрісіндей боп жиналыс кібіртіктеп қалды. Стол басы енді осы жерде күш салып, сөзді қажетті жобадан өрбітуге тиіс. Әйтпесе мұндай дау-дамайлы жиынды басқару оңай емес.

— Сен бұлтақтамай, бізге мынаны айт: өз кінәңді мойындайсың ба? — деді Сәмеңкеге.

— Винауатпын! — деді анау жұлып алғандай.— Оллаһи, винауатпын!

— Ендеше сөз қысқа,— деді президиумдағылар,— Енді ұсынысқа қою керек те, малтаны көп өзе бермей, жиналысты бітіре салу керек.

Осы кезде сұлық мүлгіген Құлагердей олпы-солпы қиынып тұрған Сәмеңке дүр сілкінгендей болды:

— Ешти, ешти! — деп президиумға қолды бір шошан еткізді де, жып етіп трибунаға орналасып алды. Оны бір көтеріп, сықырлатып тенселтті.— Тоқта, жолдастар, тоқтаныз. Менде бір айтылмаған гәп бар...

Жұрт аңырайысып қапты. Сәмеңке сөйлеп тұр:

— Сіздер өзі. Байқау керек, жәмиғат, байқау керек. Өздеріңіз милап көріңіздерші. Осы мен жалғыз кінәлі болып шықпаймын. Алдымен мен тоғыз рюмка емес, сегіз жарым рюмка іштім. Көп болады деп, қатып ауыстырып құйып алған. Дауымбайдың шекесінен нұқысам, ол өз жазасы, не пигылмен менің қатынымның алдына кәмпит қояды?! Жарады, нұқып қалдым сенен, мен қолымды көтере бергенде, көрші отырған Сәрсембай, сен неге ұстап қалмадың? Значит, сен де винауатсың?! Дайрабайды көзінен шұқығаным — қарсы отырып алып, менің ішіп-жегенімді көре алмағандай, тесірейіп қарай берді. Енді не істеуім керек, «ішің күйсе, тұз жала» делім де, саусағымды пұсқан қалдым. Сонда ғой анау Бейсембай осының дұрыс дегендей күліп отырды. Значит, ол мені мақұлдағаны. Ол да винауат! Қарғабайды періп жібердім, рас. Е, неге ол өзі ептеп қызған кісіге: «Мас боп қапсыз, байқаңыз»,— дейді. Қандай қақысы бар, ә? Қызу кісіге қарсы сөз айта ма

екен. өлтіріп жіберсе қайтесің?! Анау! Жолдыбай «Сәмеке, Сәмеке» деп қолымды ұстаған соң тұрғам. Бір уақытта ол да былқ еткізіп қоя берді. Е, бұл төпе дегені екен дедім де, Қарғабай теріс қарап тұрғанда, қақ төбеден түсірдім кеп. Хе-хе, өзі де қызық. «Бұл қайсың, әй?» — деп маған қарап ыржияды, хе-хе... Сонсың немесе еді... Иә, Қатышты кеудеден итердің дегені екенсіздер ғой. Итердім. Не қыласыздар маған. Итергім келді, итердім. Ал оның күйеуі не бітіріп тұр? Обшым, ұзын сөздің қысқасы, сол жиында арашаға түсер ешкім болған жоқ. Вот, қайда біздің бірлігіміздің жоқтығы.

— Арашаға алты таяқ бергің келеді ғой сонда,— деді біреу.

— Е, онда тұрған не бар? — деп ақшиды. Сәмеке,— Мен немене зவர் дейсін бе. Әзер болса бір-екі рет жұдырығым тиер. Зато мен бүгінгідей талқыда тұрмаймын ғой. Таңертең ес түзелген соң, столға жартыны қойып отырып, кіналаспаймыз ба? Басқаға болғанмен, менің араққа иттігім жоқ емес пе! «Ағатай, кешір!»— деп отырып, тойғапынша суарам ғой. Ал сіздерде ол жоқ. Ендеше жалғыз мені ғана емес, менің қылмыс істемек қалпымды көре отырып, көрмеген болған жолдастарды да қоса жазалау керек. Міне, менің ұсынысым осы.

Жұрттың көбі дуылдасып, «осы соққанның сөзінің жаны бар-ау» дескендері де боп қалды. Бірақ көп дуылдақтап соң Сәмекенің ұсынысы бір ауыздан... қабылданбады. Жиналыс оның қылығын қатты айыптап, өзіне сөгіс жариялады. Үзілістер арасындағы ішінара талқылаудың қорытындысын да Сәмеке тілі тиген, қолы тиген адамдарды бір қойын сойып, бір жәшік арағып қойып шақырып, өз кінәсін қол қусырып тұрып мойындамақ болды. Осы жөнінде хабарласқандар жағы бұл соңғы шешім бәрінен гөрі нығыздық, қашша дегенмен қалтаға соғады ғой, тезірек орындап тастау жөн десіп жатты. Жиналыстың көбірек созылғанына әшейінгідей репжіспей, көңілді тарасты.

ДАУДЫҢ БАСЫ

«Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры» дегендей, бұл жолғы жапжалдың төркіні қолға су құюдан басталды. Қонақасы желініп болған соң үй несі:

— Қалай, қолға суды әкеп құйсын ба, әлде ауыз үйге шығып жуасыздар ма? — деп еді, сол сәтінде «ескі» мен «жананың» шайқасы басталды да кетті.

— Қол жугышқа барған жөн болар, баптап, сабындап жуыпатын,— деді Сәрсен.

— Жок, ол болмайды!—деп Кәркен қыңырая қалды.— Атам қазақтың қолға суды әкеп күйған салты дұрыс. Әрі құман ұстаған бала бата алады. «Баталы құл арымас» деген қайда!

Сонымен батагөйлер көбейіп кетіп, ақыры леген мен құман қатарласа келіп төрде отырғандарды жағалай жөнелді.

Бата да жамырады.

— Бақытты болдан! — басталып:

— Судай сұлу ал.

— Үбүрлі-шүбірлі бол!

— Думанды-дүбірлі бол!

— Жүзге жет, мүрдем кет,— дегендер қаптап кеп кетті.

Кәркен тіпті:

— Дәл екі жүзге кел! — деп салды.

— Осы жетпіс-сексеннің тұсына бір келіп алшы, қалқам, сонсыңғысын тағы көрерміз, — деді Сәрсен бұл кезде.

Сол сол-ақ екен, Кәркен киіліге кетті:

— Жок, оның аз болады, енді бір жетпісті қос! — деп орнынан бір сырғыды.

— Жетеді сол! — деп Сәрсен де қиқая қалды.

— Жок, жетпейді, қосасың!

— Жок, қоспаймын!

— Қосасың деймін!

— Қоспаймын деймін!

— Мә, ендеше қоспасаң.

Соңғы сөзбен ілессе Кәркеннің жұдырығы Сәрсеннің тершіген шекесіне сарт ете түсті...

Ертеңіне істің мән-жайып тексеріп шыққан милиция Кәркеннің өмірін тағы бір он бес сөткеге ұзартып, тиісті орнына жөнелтіп қоя берді. Сонда жатып та Кәркен Сәрсенге:

— Әлде де ойлансын, тағы бір жетпісті қосатын болсын, әйтпесе оңбайды,— деп сәлем айтып жіберіпті...

ТОСЫН АЗАП

Сартылдаған шот пен үймә-жүйме қағаздардың арасында отырған есепшіден жазушылық қабілет көріне қалады деп кім ойлаған. Аудандық газетке оның мақаласы шыға келгенде, совхоз кеңсесіндегілердің біразы таң-тамаша болысты.

— Жамап немені қарай гөр!

— Үндемей жүргенде үйдің пәле ішінде екен ғой! — десті. Оның жазғаны шағын ғана, жұмысшылардың қажырлы еңбегін сипаттайтып хабар болатын. Сонда да жұртты әжептәуір елеңдетіп тастады. Есепші Шәменнің атына енді «жазушы» деген қосалқы жабыса кетті.

Сол сол-ақ екен қат-қабаттаған құрмет тасқыны Шәменді іліп ала жөнелді. Алдымен оны бастығы шақырып алды.

— Талабың дұрыс,— деді ол мұны арқадап қағып қойып,— жазғанда осылай құлшынта жазу керек. Халық арасынан шыққан таланттарға бізде ықылас шалқасынан. Әрине, бізде шаруашылық болған соң кемшілік болмай қоймайды. Бірақ ол жүре-бара жөнделсе беретін дүние ғой. Ал жазушы адамның міндеті өмірдің көлеңкесі мен күлкөмешіне үніле бермей, жарқын да жақсы жақтарына шұқшиюы керек, солай емес пе, жолдас жазушы? Ендеше біздің шаруашылығымызды басқа жұрт сіздің айбынды мақалаларыңыздан танытып болсын. Дұрыс қой осыным. «Дұрыс» — демесеке амалы жоқ Шәмен өзін «сіз» дегенге сәл-пәл... таңданғанмен, айтқандарын қостап шықты.

Сонан соң мұны кәсіподақ бастығы қағып әкетті. Шәмен ұшыраса кеткенде, анау алтын тапқандай масайрап:

— О, жаралы, іздеп жүр едім,— деп қолтығынан алып, кабинетіне сүйрей жөнелді.

Орындығына нықтап отырып алған соң:

— Сіз осы профсоюзда барсыз ғой? — деді.

— Бармыз ғой...

— Взносын төлеп тұратын шығарсыз.

— Соңғы бес айға ғана төленбей кетті-ау деймін, әйтпесе уақытылы төлеп тұрушы ек,— деп Шәмен қызарақтап қалды.

— О, мұныңыз не хорошо екен. Как так? Анау газеті-нізден қаламақы алысымен төлеп жіберіңіз,— деді профсоюз бастығы.

— Күп,— деп Шәмен орнынан тұра бергенде, анау қолымен белгі беріп қайта отырғызды.

— Сізді шақырғаным,— деді сонан соң,— кереметтей қуаңғаным еді. Тәйірі деген, бізден де жазушы шықсынышы бір. Әйтпесе, тіпті, жиналыстардың қаулысын дұрыс жазатын кісі болмай қалды ғой. Енді сіз барсыз, басқа жұртқа жалынуды қоярмыз. Протоколдарды өзіңізге тапсырармыз.

Осындай «ігі тілектермен» Шәменнің қолына қалың бір папканы ұстап, бұл да «сіз, бізбен» шығарып салды.

Өзінің қызмет орнына келсе, қолында бір парақ қағазы бар мал дәрігері тосып отыр екен.

— Бауырым, мына біреуді әдеби көркем тілмен жазып бере қойшы! — деп Шәменге жабыса кетті.

«Инспектордағы адамдар, малдарыңды принять етуге әкеліңдер»,— делініпті қағазда.

— Инспекторың не? — деген сұраққа:

— Жеке меншік сектор ғой, — деген жауап алынды.

Олай толғанып, былай толғанып Шәмен хабарландыруды құрастырды: «Жолдастар! — делінді онда.— Қолдарыңда жеке меншік малдарың барларың ауылдың оң жақ шетіндегі жалғыз ағаштың көлеңкесіне жиналыңыздар, сонда егу болады».

«Көркем» құрастырылған хабарландыруға қуанып, мал дәрігері тайып отырды.

— Радиодан сұңқылдатайып, — деп қояды.

Түстен кейін бұған су тасушының штатымен қызмет істеп жүрген клуб меңгерушісі келді.

— Оу, Шәмеке, жазғыш бауырым! — деп өзеурей кірді.— Маған бір құлақтандыру керек еді. Кешке тас клубта танцы болады, ал танцының алдында кітапхана ішінде вечер болады деп. Соны жазып бере қойшы, қанша дегенмен жазушы атың бар ғой.

Клубта би сияқты бірдеңе болатынын сезіп тұрса да, «танцының алдында вечер» болудың мәнін түсінбеген Шәмен анықтама сұрап еді, ауылдың «мәдени министрі» қылмың-қылмың етіп күлді.

Бұл түсіндірме аяқтала бергенде арсы-күрсі боп мал дәрігері жетіп келді.

— Әй, шырағым, сен не жазғансың өзін? Ағаш түбіне ауылдың қатын-қалашы түгел жиналыпты. Малдарын қайда десем, малы несі, өзімізді шақырған жоқсың ба деп мазаны алып болды,— деп бұрқан-талқан болып отыр.

Шәмен оған қараған да жоқ. Бір жапырақ қағазға сүйкеп-сүйкеп бірдеңе жазды да, клуб бастығына бере салды.

Ол да:

— Ох, жарады,— деп құлшынып шыға берді де, булығып қайта кірді,— ой мынауың не?

— Ол сол! — деді Шәмен. Басқа тіл қатқан жоқ. Қағазда «Құлақтандыру! Бүгін тас клубта құлақтандыру болады, соған келіп құлақташыңыздар. «Құлақтандыру бюросы»,— деген жазу болатын.

Шәмен бұл екеуін үн-түңсіз сыртқа итеріп шығарды. Сонсын есіктің сыртына: «Есепші Шәмен Байсақалов есеп

жұмысымен ауданға кетті»,— деген қағаз іліп қойды да, іштен жауып алып, шотын сартылдатып, өз ісіне кірісті. Мұндай хабарландыру күн сайын ілініп тұратын боп алды. Соны сезіп қалған профкомның қырағы басшысы отырысты шақырып жіберіп, «қызмет уақытында ұлықсатсыз жол жүріп кетіп, еңбек тәртібін бұзғандығы үшін» есепші Байсақалов Шәменге сөгіс жариялауды ұсынды. Ұсыныс бір ауыздан қабылданды...

КӨНІЛ ШІРКІН ҚҰЯҚЫЛЖЫП

Жұмыр басты пендешілік өмір адам баласын ойламаған жерден қиналтады екен. Пәркеш жеңгей біршама еспе қылығымен төңірекке мағлұм болатын. Әйткенмен соңғы уақытта бойына біткен бұл басым қасиеттен де береке кете бастады.

Түскі шайдан бері басына үйірілген осы күдік негізсіз де емес. Кешке деп хабарланған қалжаға барғанда қалай толқып, қайтсе шалқудың бабын келтіре алмай, күрмеуге келмес қысқа жіпті ұстап қалғандай боп бәйек халде. Шала бүлінерге сылтауы көбейіп отырған Пәркеш өткенді еске алады.

«Мынау екі жүз елу сомның сақинасы» деп саусағын соза түсіп, шай табақты дөңгелетіп отырушы еді, былтыр көршісі Сәлима ауруын да, сауын да жұлдырып, бірқатар тісті түгел алтынан тіздіріп келді. Содан бері сақина сөз болудан қалды.

Қабырғаны тұтас жапқан түс кілемнің түгі мен өрнегін әжептәуір өсіріп, желпінтіп біраз жүріп еді. Бір күні сонау шеттегі Қәлима қуырдаққа шақырғанда, дәл сондай кілемді сәкіге төсеп тастап, соның үстінде шай берді. Күн тәртібінен бұл мәселе де алынды.

— Жердің алыс-жақыны бізге бәрібір,— деп отыратын Пәркеш.— Қорада «Волған» тұрғанда сөз боп па сол да.

Апа бір жылдары қол жетіп алып қалған осы жеңіл машинасының буына пісіп жүргенде, көршісі Қалкенге райкомның өзі жақсы еңбегің үшін деп «Жигүлиді» кезексіз алды да берді. «Занорожец» айтуға да тұрмай қалды.

Телевизор алғанда, оны қой сойып «жуып», келесі күндері:

— Түні бойы Мәскеуді көрем деп ұйқы қанбай, шала маспын, деп жорта болса да есінеп-пысынап отырушы еді, енді қараса, торғай ұясы сияқты шатырға орнаған антенналар ұй басы.

Мұнан бертін, өзін қойып, көше тәртібі қатаң келетін

қалада шофёр болып жүрген қайышып мақтап біраз құбылды. Әр түрлі сылтаумен шақырыла беретін қонақасы мәжілістерде де Пәркеш сол қайышып жөнді-жөпсіз кн-мелете беретін.

— Ой, қойшы әрман тәлімеіте бермей, сенің қайның сен барған сайын мұздатқыш сатып алып жата ма осы, сода таңсық боп па? — деп бір бақасы басып тастағанда, бұл байғұс ойда жоқта абдыран:

— Жок, мұздатқыш болғанда үлкені еді,— деп күміл-жіп қалды.

Осымен бұл жағдайға шек қойылып, ала-құла бұлт сияқты кикілжіген көңілдің шарты бүгін де бұзылып отыр. Жайқап өтетін бір лепіріс сөз болмаса, ас емес тас жұтқандай болары хақ. Қалжаның бабы келмейін-ақ деп тұр.

Қырыс көңілге күзгі мезгілдің ашық реңі де ұнамайды екен. «Жаңбыры түскірі де жаумай қойды ғой»,— деп бір қойды.

Сөйтіп саябыр басып есік алдына шыққанда, көше бойымен зырқырап келе жатқан комбайн бадырайып көзге ілінді. Бұдырлы жолда қойқаң-қойқаң етеді. Бұл аймақта комбайншы көп болғанмен, соның ішінде осылай есіңкіреп жүретіні осының күйеуі. Жүйрікті қырындауынан таниды демекші, өз несін шырамытқан Пәркеш «соншама есірмесе қайтеді екен» деп ішінен қыжыртып тұр. Сонда да бет-аузын шаң басқан күйеуінде бір екіні барып сезеді.

Комбайнды ойқастатып әкеп тоқтаған күйеуі бұлт астында тұрғандай даурығады.

— Кәне, уәделі «шампанскийді» әкел,— бүгін бір жалау қостым. Біз егінді біттік. Көрші совхозға барамыз.

Сол екі арада ойын несі балалар да үйіріле қапты. Ерессек біреуі санап тұр.

— О, Қәкен ағайда тоғыз жалау, бұл тоғыз мың центнер бидай соқты дегені,— деп қояды.

Бұл есепті құлағы шалып тұрған Пәркеш әлгі баланы дереу шақырып алды да, екі қалтасын кәмпитке толтырып:

— Несіне жалау? — деп көзіне көзін қадап арбағандай тұра қалды.

— Тоғыз.

— Қой, он тоғыз де, қалқам. Түсіндің бе? — деп көзін қысып қалды.

Кәмпит бергіш бола қалған апайдың көкейінде не тұрғанын тоқып үлгерген сезгіш бала:

— Он тоғыз жалау, он тоғыз жалау,— деп көшені бойлай ұрандап, өз тобымен шұбатыла тартты.

Бүгінгі қалжа асы сінімді болатынына сенімді Пәркеш уәделі шампан-шарабын күйеуінің алдына әкеле жатты.

ТАНЫСУ

Біздің ауылда жаңалық жасырынып көп жатпайды. Эфирден тараған соңғы хабарларша сағатында құлаққа сіңіп жатады. Сондай күндердің бірінде:

— Бізге жұмысшылар кооперациясына жаңа председатель келіпті. Семьясын көшіріп те әкеліпті,— деген лақап дүр ете түсті.

Келсе кезінде көрерміз деп, күн сенбі болған соң, моншаға тарттым. Моншаның табалдырығынан аттай бергенімде, еңгезердей бір шал:

— А, жақсы келдің, іл мынаны,— деп қолыма шапанын ұстатты.

Сәл тапырқап тұрып қалсам да, шалдардың өзімсінген бір жарасты өктемдіктері болатын, бұл бейтаныс қария да сөйтіп тұрған шығар деп, айтқанын екі етпей елпендей жөнелдім.

— Монша екеумізге оңаша тиді, бала, асықпай бір жуыпатын болдық, опыр-топырды сұбыханым сүймейді осы,— деп қояды.

Ішке кірісімен әлгі шалым:

— Қәне, бала, ыстық-суығын араластырып су құйып жібер. Парнайын дүрілдетіп қой, бусапып қыза берсін... Мә, мына шіләпшінге ыстық су құй да, мына жапырақты малып қой, жұмсара тұрсын,— деп өзімді әбден қолбала қылып меңгеріп алды.

Көпіршіген сабынды басыма жаңа жаға бастағанымда:

— Қоя тұр оныңды, кел, ту сыртымды ысқылап жібер,— деп қолыма жөкесін тыққыштап жатыр.

Бір қолымды иық тұсына салып қойып дырылдатып жатырмыш. Денесі тып-тығыз, тақа күтімсіз үйдің шалы емес сияқты. «Мен танымайтын бұл кім болды?» — деген күдігімді сезгендей өзі:

— Сен осы... менің кім сенімді білемісің, шырағым? — деді.

— Жок, білмей тұрмып.

— Ә, э, білмеймін де... Еліңе жаңа бастық келді дегенді естіп пе едің?

— Естіп едім...

— Ендеше мен сол бастықтарыңның әкесімін. Енді білдің бе?

— А, а, білдім, білдім...

— Солай, шырағым, біліп қой.— Сонымен, бұл тегін шал болмады. Ол енді жөкесін табанына жүгірте бастағанда, енді табанымды ыс деп бүлдіріп жүрер деген күдік

ойыма келе қалды. Тезірек жуынып-шайынып сыртқа тайдым.

Дүкенге тарттым. Мен жете бергенде, бір аймақ шанды үйіріп әкеп, бір жеңіл машина қалт етіп тұра қалды. Алдыңғы орыннан көрінген жуантық сары бір әйел машинаға сәл асылып тұрғандай болды да, кепет жерге дүнк ете түсті. Өзі де бес кісілік екен. Машина есігінің жабылған жабылмағанында жұмысы жоқ, үлкен сумкасын быртық шынашағына қыса дүкенге беттеді. Іле мен де кірдім.

Жұрт біраз бар екен. Мен кезекке тұрдым. Әлгі әйел киіп-жарып алға тартты. Қазақтан сыпайы халық бар ма, тұрғандар әлгіге алдымен кезек ұсынып, бір-екі орын кейін ысырылды.

— Индийский қағаз шайың бар ма? — деді әйел дүкеншіге.

— Кеше ғапа бітіп еді.

— Қап! Әкел ендеше ана балшығыңды,— деді жуан сары,— құдай-ай, көлден кетіп, шөлге келдік пе, немене!

Дүкенші ұсылған кірпіш шайды танауын тыржита бір іскеді де, сумкасына сүңгіте салды. Сонсын:

— Кейін септесерміз,— деп шығып жүре берді.

Біз де кезегімізді бір-екі орынға ілгері жылжыттық.

— Әлгіміз кім еді? — деп сұрадым алдымдағы кісіден.

— Ойбай-ау, естімеп пе ең? Бұл...

Көңіліме бір түйсік келе қалды:

— Жаңа бастықтың әйелі болмаса игі еді?

— Дәл өзі.

— Имм, әйелі де.

Шаруамды бітіріп, дүкеннен шыға бергенімде, мектепте бір жұмысым бары есіме келді. Солай бұрылдым. Дүкеннен алыста емес-ті. Жасым қырыққа таяп қалса да, бала кезден бойға сіңіп қалған әдетім — мектеп үйінің табалдырығынан аттай бере бас киімімді қолыма аламын. Меп үшін бұл дүниенің меккесі — мектеп. Қазір де, міне, кепкемді қымқыра ұстап, залға кіргенімде, бір топ балаға көзім түсті. Соның ішінде әсіресе біреуі... кепкасын көзіне қарай бастыра киіп алған, қиғылықты салып жүр. Танауы коңқақтау біткен скен, онысын қорс-қорс тартып қояды.

— Мұнда кел, бала,— деп саусағыммен нұсқап шақырып алдым.

Келді. Ежірейіп өзімді ішіп-жеп барады.

— Бас киіммен неге жүрсің мектепте?— дедім.

Ұсқыным мұғалімге ұқсамайтын болған соң-ау деймін, бала нығын қиқаң еткізді:

— Оны қайтесің?

— Әй, не дейді мынау, кімсің сен сонша, фамилияң кім? — деп зіркілдедім.

— Мен председателдің баласымын,— деп салды ол.

— Құдайдың баласы болсаң да шеш бас киімінді,— деп ақырып қалдым.

Осыным ем болса керек, сұр кепке бастап киннала сырғып кеп қолға тұрды.

...Жаңа келген бастықтың өрен-жаранымен осылай таныстым. Ал өзін қай мезгілде, қандай жағдайда көретінімді кім білсін...

ОНДАЙ ЖАЗҒЫШТЫҒЫҢ ӨЗІҢЕ

Өлең шіркін көптен бері Қайырды да айналсоқтап шықпайтын боп алды. Қанша безінгенмен болмады. Малшы жігіттің төңірегінде енді ақындықтың мазасыз әлдепесі үнемі бірге жүретінді шығарды.

Бұлқындырып, булықтырып, бір өлең бүгін де туып қалды. Қағаз бетіне түсірмеуге Қайырдың лажы қалған жоқ. Фермадағы демалыс бөлмеде бір сұрланып, бір қызарып, лапылдап отырған қалпында бастығы кездесе кетті.

— Сені баздан ізден жүрсем, мында експіңің ғой,— деп сөйлей кірді. Жаңа ғана жазылып біткен өлеңнің ыстық әсерімен қапелімде не дерін білмей қалған Қайыр:

— Мына бір өлең... келе қап ойыма...— деп ағынан ақтарылды да, қолындағы қағазып ұсынды.

Ұсынуып ұсынып қалса да, ананың күжірейген желкесіне қарап тұрып: «Осы дәйің сынап тастап жүрмесе игі еді»,— деген ой шекесін қыздырып жіберді. Қуанышына қарай, әйтеуір, бастығы мұның шимайларын «әлдекалай шатпақ шығар» деген түйінге келе қалса керек, оқып әлек боп жатпады.

— А, жарайды, өлең жазсаң, ақшасын аларсың,— деді. Маған сенің ақындығыңнан да малшылығың бірінші өшрет керек. Анау торпақтарыңа қотыр түсе бастапты, соларыңды қарап дәріле. Әйтпесе деректорға сүйреймін. Білдің?!

Бастығының өлеңді оқымағанына тәуба жасап, Қайыр дереу мал қораға тартты. Жол-жөнскей жазғанын тағы бір оқып, бір жеріне түзету жасап келе жатқанында, оны жұмыстас жолдасы қуып жетті.

— Әй, ақын, ақын-ай! — деп қояды. Сөзінде әзілден гөрі әзәзілі басым.— Сені ақын дейді ғой, ә... Қане, көрсетші өлеңінді, көрсетші, ей!

Дегбірлеп қоймаған жолдасына Қайыр өлеңін ұсынып еді, сыдыртып оқи сала анау даурыға жөнелді.

— Ты смотри, ә! Махаббат жөнінде жазасың, ә? Күшті, күшті. Ал мұны газетке қашап жібересің?

— Қой, бір-екі ауыз бірден сүйкей сап: «Мен ақынмын, көріндер мені, тайындар былай жолдан»,— деп лепіре жөнелсің бе,— деп Қайыр абыржып қалды.

Жолдасы онан сайын дүрлікті.

— Түп, өзін бала екенсің ғой. Мұны газетке бастырсаң, қаламақы беретінін де білмейтін-шығарсың-ау осы сен. Мынауна алғаш көп қоя қоймас, сонда да екеуіміз бір тойын ішерліктей жібереді.

— Сен тіпті желпілдетіп жібердің ғой,— деп Қайыр қораға қарай жөнеле беріп еді:

— Жібер деймін газетке. Өлеңің күшті. Ақшасын алып, бір сылқия ішейік,— деп шын тілегін айтып анау қала берді...

Кешке қарай жұмысын аяқтап үйіне келгенде, інісі Қайырдың шапанын киіп бір жаққа барып келді де, есіктен кіре сала:

— Аға, мынау өлеңді сен жаздың ба? — деп манағы қағазды қалтадап ұмар-жұмар суырып алды.

— Иә,— дей салды Қайыр селсөк.

Сол сол-ақ екен, інісі Қайырдың мойнына асыла кетті. Қатты қысып құшақтаған күйі:

— Өлеңің газетке шықса, ақшасына маған бір күрте әпересің бе? — деді.

Амал жоқ, уәде беруге тура келді. Інісі келешекте ағасы әпсретін күртенің қандай болатынын қиялша суреттеп отырғанда, көршілері кіріп келді. Аяғының қарып қағуды ұмытып кетсе керек, сол калшында төрге ентелеп келеді, келісімен Қайырга:

— Сенімен бір оңаша әңгімем бар еді,— деді.

Қайыр інісін ауыз үйге жұмсады. Ол шығысымен көршісі:

— Маған мынадай бір арыз жазып берші,— деді.— Анау Жақашты білесің ғой? Сол ғой бұны «Москвич» машинасын алды. Қалай алды соны? Адал ақысына ма? Жоқ! Астарлап-жапсарлап жүріп, ұрлықпен, саудамен алды. Жарайды, еңбекақысы мол дейік, сонда да ол мұшшама соманы жинауы мүмкін бе? Мүмкін емес. Неге дейсің ғой? Мәселен, ол киім кимей ме, тамақ ішпей ме, қонақ шақырмай ма, тағы басқа ырым-жораларға қатыспай ма, ә? Міне, осы жағынан қарағанда, бұл машина заңсыз келген. Осы заңсыздыққа жоғары жақ неге көз жұмып отыр? Сен маған дәл осы туралы сүйкеп бере ғой.

Қайыр тындап-тындап болды да:

— Мен мұндайды жаза білмеймін ғой,— деді.

Сол кездегі көршінің көзін көрсеңіз. Аясына бірер үй сыйып кеткендей боп тасырая қалды.

— Не дейді! Осы жұрттың сені: «Ақын екен, көп білетін жазғыш» деп шуылдап жүргені немене? — деді.

Қайыр:

— Ақын болғанда... мен жай бір... өлең жазып едім,— дегенше болған жоқ:

— Өй, ондай жазғыштығың өзіңе! — деп көршісі шығып отырды.

КӨП ЖАСАҒЫҢ КЕЛСЕ...

— Соңғы уақытта ғой ұзақ жасаған адамдар жөнінде көп жазып жүр. Сен бұған қалай қарайсың, шамамен неше жыл өмір сүргің келер еді?

— Қайдам... Жүз болса да артық емес қой.

— Ал жарайды, жүз жасағың келді дейік, сонда ол үшін не істеу керектігін ойладың ба?

— Жоқ, ол жағын ойлап көргем жоқ әзір.

— Ендеше тыңда. Бұл жөнінде менің өз фальсафам, былай айтқанда, өз теориям бар. Мәсселен, газетшілер жазады, көп жасағандардың бәрі таза ауада көп жүреді деп. Мен айтсам, құрдан-құр таза ауа дегені бос мылжың. Алдымен тамақ, тамақ! Ендеше үш мезгіл тамағыңа сықнып тойып отыр. Бүйірін садақ атқандай боп шертіп тұрсың. Қазекем айтпай ма? «Атың сат, тоның сат, жатарыңда тойып жат» деп. Осы да ақыл сөз... Бұл бір ме?

— Бір.

— Әрі қарай тыңда. Біреулер айтады көп ұйықтаған зиян деп. Былшыл сөз. Мүмкіндігінше кешке ерте жат, таңертең кеш тұр. Ал бәрінен де қадырлысы — түскі ұйқы ғой, шіркін, түскі ұйқы! Қарынды сыздата дәмді, майлы тойып алып, дырдай екі сағат ұйықта. Соқ көп ұйқыны қорылдап, борылдап. Сілекейін шұбырып, қаймақ іркіліп жатсып жастықта. Мұндай ұйқы үшін жұмыстан кешіксең де оқа емес. Ұйқы нервіні бекітеді, шырағым, нервіні. Екі де.

— Екі.

— Әрі қарай тыңда. Нервіні сақтаудың тағы бір жолы бар. Алдымен мынаны ойға түйіп алайық қазақ осы не себепті «жұлының үзілгір» деп қарғайды, ә? Білмейсің бе? Ал мен білемін. Бақсақ, нерві дегенің осы жұлында түйіскен шым-шытырық бірдене көрінеді ғой. Сонда қазақ білмей тұрған жоқ. Жұлының үзілді деген сөз — ә дегенше жапаннамға жан бердім деген сөз екен. Ендеше бұдан шығатын ғылыми қорытынды сол — ең бастысы нервіні сақтау керек. Ол үшін не істеу қажет, ә?

— Білмедім.

— Білмесең, тыңда!

— Мен байқаймып, сенің жағымсыз, түбінде өз түбіңе жететін бір мінезің бар. Ана жұмыс бітпей қалды, мына жағында бірдемесі жетпей жатыр, күйіп жатыр, жанып жатыр деп шыжалақтайсың да жүресің. Міне, осының ұнамайды маған. Жүйкенді құрытып, жұлынды үзетін де осы мінезің болады түбінде дедім ғой? Дедім... Салмақты бол, бауырым, салмақты бол! Дүниенің бір шеті төңкеріліп, лаулап жанса да былқ етпе, былқ етпе! Маңқиып тарта бер! Мына менен үлгі алсайшы, менен. Жоспар, тапсырма орыңдалмады-ау, мерзімінен кеш қалдық-ау деген пәруайымы кіріп шықса, не дейсің. О, немене ол?! Сен істемеген істі басқа біреу бәрібір тындырады. Былтырдан қалған жұмыс жоқ. «Қолымнан бар келгені осы»,— деп отыра бер. Сонда перві дегенің сағат сайын біркелкі ғана, баппен жұмыс істеп, өміріңді ұзартып түрлендіре беретін болады... Бұл неше болды, төрт пе?

— Төрт.

— Әрі қарай тыңда...

— Қойсаңыз қайтеді...

— Немене?!

— Қойсаңыз деймін. Бұл шарттар бәрібір менің қолымнан келетін емес. Сен мені қайда итермелеп отырсың? «Жанымды алсаң да, арымды, абыройымды алма» деген қайда! Бүгін өліп кетсем де, сен айтқандай жатып ішер жалмауыз, жалқау атанарым жоқ.

— Онда, пажалыста, еркің білсің. Өзіміз өстеміз...

ИНТЕРВЬЮ

— Иә, жігітім, осы отардағы қойшы сіз боласыз ба? Мен радиодан келген тілші едім. Таныса кетейін деп...

— А, а, жөн-жөн. Қойшы десең қойшымын. Біз де керек болады екенбіз-ау. Хе-хе.

— Е-е, керек болмағанда, сіздердей еңбек адамын құрметтеу, жариялау біздің міндет қой. Мына бір жайылымыңыз тамаша скен. Сұлу жер.

— Е-е, иә, дала ғой, әйтеуір.

— Ағып жатқан Есіл, жағалай қоршаған тоғай, көкпеңбек құлпырған көгал... ғажап-ғажап!

— Иә...

— Па, шіркін, тоғайларыңыз құсқа бай-ау, сірә. Сайрап тұр ғой бәрі. Ана бір таңдайын қайта-қайта қағып, тамсанып тұрған қандай құс екен, о?

— Қайдам, сауысқан ба, шымшық па, әйтеуір біреуі шығар. Қайсы бірін соның біле бересің...

— Уау, мүмкін, ол бұлбұл шығар. Тыңдаңызшы, қалай-қалай құйқылжытады өзі?

— Уай, қойшы соны, біздің бұл жамап тоғайға неткен бұлбұл? Адасып келмесе, не бір соқыры болмаса...

— Қой, олай деменіз. Сақау көкск те болатын шығар мұнда, ә?

— Немене дейді? Адамның сақауын көруші едім, көкктің сақауы бар дегенді естуім осы.

— Жаксы, жаксы. Енді тікелей мүддесі әлгімеге көшейік. Сіз қой жаятын осы жайылымда қандай шөп, қандай гүлдің түрлері бар? Қайсысы қойға жұғымды соның?..

— Аты-затын, құнарын қайдан білсін. Шөп те шөп бәрібір. Көз алдында ғой әне бәрі де. Көр де, өзің сорттай бер.

— Ім, солай деңіз. Сонда қалай, сіз қойға қандай шөптің құнарлы екенін білмейтін болдыңыз ғой, шамасы?

— Уай, мейлің жазшы солай деп. Алдымда қойым, қолымда таяғым бар, басқа анау-мынауыңда жұмысым жоқ.

— Мұныңыз болмайды екен. Ең далада ұзақты күн жүріп жайылымның сырын, түгін тани білмегеніңіз, гүлдің шоғын, шөптің күшін сезбегеніңіз ұят екен.

— Ей, не айтып отыр мына шіркіп. Ұзақты күні несі? Танертенгі тоғыздан кешкі беске дейін жұмыс уақыты деген заң бар емес пе өзі? Әлде жоқ па? А-а, солай? Бар болар ондай заң? Міне, мен соны ұстанамын. Сағат бес болды ма, как штек қойды қорасына әкелем де қамаймын. Сегіз сағат ішінде қой бағасың ба, шөп пен тоғайдың құсын түгендейсің бе? О, несі?

— Ойбай, қойдык. Сіздікі-ақ жөн болсын. Сонда, енді әр жүз бастан қанша төл алмақшысыз?

— Мұның қалай? Радио үшін бе, әлде шын мәнінде алатыным қанша деп сұрағаның ба?

— Түсінуіңіз білсін.

— Ендеше... былтыр әр жүз бастан елу төл алып едім, биыл әр жүз бастан жүз слуден төл аламын деп айтты дерсің. Ал қой қоздай келе қанша болатынын кім білсін.

— Сонғы сұрақ. Алдыңызда қандай мақсат бар?

— Мақсат көп қой. Қайсы бірін айта берерсің. Сонда да бір үлкен арманым — штаршы шабан болу. Мына жай қойшылығынның ақысы құпсыз екен өзі. Осымды бастықтарға жеткізсең.

— А-а, солай деңіз. Сұрақ тамам. Хош-сау болыңыз... Әйтсе де мынаны айта қойыңызшы, мына ағаш қандай ағаш: үйеңкі ме, терек пе?

— Ай, қайдам соны. Маған әйтеуір саясы жақсы — түс мезгілінде рахаттанып бір мызып аламын. Ал енді ұзақ жолдан келе тұрып, дәм татып кетсең де болатын еді. Бастықтардан «айналма» ауруы бар деген тілдей бір қағаз ала қойсаң ғой, семізіп баяғыда жәукемдеп алатын едік. Түп, болмайын деген өстеді. Бір папақа еді... жарайды. Ал хош. Радио тыңдаушыларға менен жалынды сәлем.

— Ін...

ӘН САБАҒЫ

Желп егіп ашылған есіктен қолында класс журналы бар бір адам кіріп келді. Кейін қарай нұқи салынған жеңіл есік желбеңдеп тұрып қалды да, семізше тапалтақ бойлы, бітік көз мұғалім столға жетісімен қалшыып тұра қалды:

— Кезекші,— деді сызданып.

Қаймыға көтерілген бір бала бері аттады.

— Ана есікті жап, міндетің сол емес пе сенің?

Есік жабылды.

— Ал енді тақылдатып тұрып рапорт бер.

— Қалай? — деп абыржыған балаға мұғалім сұстана қарады.

— Қалай болушы еді? Кәдімгідей. Солай да солай, балалар класта түгел деп.

Өйтіп-бүйтіп рапорт та берілді. Балалар орындарына апыр-жұпыр отырып жатыр. Енді сөзді мұғалім бастады:

— Сонымен, жолдастар, яки балалар, биыл келген шыт жаңа мұғалімдерің бірі менмін. Атым — Жәкебай. Бүгінгі сабағымыз ән және күй. Оған қоса пәскалтурадан да жүгіртетін мен боламын. Тә-эк, түсіңдіндер ме?

Балаларда үн жоқ. Бір-біріне ұрлана қарап, жымнып қалды.

Мұғалім енді кластың бастықтарына тиісті.

— Осы кластың бастығы қайсың? — деді.

Балалар аң-таң.

— Әлгі... староста ма еді, советтің председателі деуші ме еді, қайсың, кәне?

Мұнтаздай киіпген бір бала көтерілді орнынан.

— Мен едім отряд председателі.

Жәкебай қуанып кетті.

— Во-во, міне, әлгі бастық деп отырғаным сол. Сен зымырап отырып біздікіне барып кел... Білуші ме едің? Былай табасың оны. Анау дожорный магазин бар ғой, әлгі арақ сататын дүкен, тап соның қасында. Пәрменмен бар да менің скрепкем мен домбырамды алып кел.

«Бастық» шапқылап кетіп отырды. Мұғалім сағатына бір қарап қойып, сөзін жалғастырды:

— Ал, қанекей, балалар, біз де анырайып жәй отырмайық. Мен сендерге бір күйдің мәселесін түсіндіріп берейін. «Ақсақ елік» деген күйді естіп не едіңдер?

— Естігенбіз,— деді бір-екі дауыс.

— Ой, бұл күйдің тарихы күшті ғой, күшті!...— деп Жәкебай әрі созды. Екі көзін тарс жұмып алып, тентселіп қояды.

Бір күні кешке таман бір топ адам мына ауыл шетіндегі котлауан сияқты бір көлдің жиегінде тұр екен дейді. Солардың ішінде Құрманғазы деген бір адам бопты. Иә, сол уақытта анадайдан күркіреп қашқан бір топ елік көрініпті. Соңында шәуілдеген бір ит тырқыратып қуып жүр екен. Құрманғазы көзін тіктеп қарап жіберсе, аяғы жаралы сияқты, тасқа соқты ма, әлде ит тістеп алды ма, әйтеуір шоңқалаңдап қалыпты.

Мұғалім әңгімесі осы араға жеткенде, бір бала қолын көтеріп еді, Жәкебай жаратпаған кейіппен:

— Иә, не боп қалды?— деп сұрады.

— Ағай, осы күйдің аты «Ақсақ киік» емес пе еді? — деді бала қаймығынқы, бірақ батыл дауыспен.

Әп-күй мұғалімі әп-сәтте жадырап қоя берді.

— Бәсе, бәсе, мападан неменепі ұмыттым деп мазам кетіп тұр еді, рахмет, айналайып, отыра ғой. Сонымен әлгі ақсақ киік котлауанға жетісімен тұмсығын суға бере сұлай кетіпті. Жарықтық сол арада жап тапсырыпты. Құрманғазы содан үйіне келісімен «Ақсақ киік» деген күй шығарыпты. Міне, қандай сабаздар болған... баяғыда.

Балалардың алды есіней бастағанда, ситігіп, алқынып бастық «бала» да жетті. Қолында скрипка мен домбыра.

Быртық саусақтар домбыраны бытырлатып шертіп-шертіп жіберді де, ізінше асау ат ала қашқан тараптас арбаның данғырындай бір дыбыстар түйдектеле жөнелді. Домбырашының нығы күжірейіп, аузы мұрындықсыз қалған доңғалақтай қиқаң-қиқаң етеді. Данғырлатып, данғырлатып біраз жерге барды да тоқтай қалды.

— «Ақсақ киік» деген күйің осы, балалар,— деп сәл дамылдады.

Содан кейін скрипканы қолына алды.

— Енді иттің шәуілдеп үргенін естисіңдер,— деді ол. Алайда, әп-күй мұғалімінің концертті ұзаққа бармады. Жартылай ашылған есіктен мектеп директоры көрінді де:

— Бір минутке...— деп оны шақырып әкетті.

Шала жабылған есіктен коридордағы әңгіме балаларға естіліп қалды.

— Сіз кешірініз,— деді директор бірден,— мектебімізге музыкалық училище бітірген бір жігіт келді. Сіздің орныңызға енді сол мұғалім болады. Осы сабақпен аяқтарсыз...

Жәкебай түсініксіз бірдеңе айтып, миңгірлеп кетті. Балалардың бар түсінгені:

— Мен жоғары ізденем, жоғары барам,— болды.

— Ол өз еркініз,— деп директор кетіп қалды.

Класқа қайта кірген мұғалім абыржыған кейіппен бар мұқәмәлін асығыс жинап:

— Ал, балалар мені аудан шақыртып, бір тығыз мемлекеттік жұмыспен кетіп барам,— деп апыл-гұпыл шығып жүре берді.

ТЕРГЕУШІ

Көрші ауылдағы бастауыш мектепті тексеріп кел. Біз сегізжылдық мектеп болғандықтан, оларға үлгі берер дәрежеде болуымыз керек. Ішкі-сыртқы жұмысын бірдей көр. Кемшілік жағына баса көңіл бөлерсің!

Директордан осындай нұсқау алысымен автомат қаламды сияға толтырып, үлкенірек бір блокнотты қойып қалтаға салып алып, тарттым да кеттім. Шанаға жеккенім сыңар езу, жыңды торы құнан. Шыға шапқан түріне қарағанда, нағыз тексеруші мінетін ат екен дерлік.

Құйындатып ауылға да келдім. Сабақ жүріп жатқан кез. Аттың басын тура мектепке тіредім. Ентелей басып кеп, есікті жұлқып қалып едім, мен ойлағандай шалқан етіп ашыла кетпеді. Сәл бөгеліп, күш жұмсауға тура келді. Кіріп алып қарасам, ара тісті дөңгелек бір темірді байлап, есікті қымтап жауып тұратын сырғыма істеп қойыпты. Тұра қалып ойландым. «Мына темірдің салмағы шамамен қанша болар екен? Осынша зілді бастауыш мектеп баласы көтере беруге мұршасы келе ме? Мүмкін емес. Мектеп басқарушысы бұл жайға көңіл бөлмеген. Толық мәніндегі әлгі... «қамқорлық жоқ». Блокнотқа түртіп алдым.

Сөйткенше қоңырау соғылды да, балалар жапыр-жұпыр дуылдап, коридорға толып кетті. Жасыл күрте-шалбар киген адырақ көздеу бір баланы шақырып алдым да:

— Кәне, бала, мына темірдің салмағы қанша? — дедім.

Әлгі бала қибыжықтап тұрды да.

— Білмеймін,— деді.

— Нешіншіде оқисың?

— Үшіншіде оқимын.

«Балалар көз мөлшерімен есептеуге шорқақ. Шорқақ смес-ау, мүлде білмейді»,— деп түртіп алдым.

Быттыр Актрек сегіз жылдығына методикалық мәжіліске барғанымызда мынадай бір қызық болған: мектепте мұғалімдермен сөйлессек, қағаздарып қарасак, бар жұмыс тап-түйпақтай. Тиісетін ештеңе таппадық. Сонсоң кешке қарай интернатты аралап балалармен сөйлескенде, талай қоқиларын тапқанбыз.

Осы жолы сондай әдіске басуды жөн таптым. Мұғалімдермен көп отырмай, үзіліс уақытын пайдаланып, залға шықтым. Балалар қол ұстасып, ән салып жүр екен. Дауыстары біркелкі смес. Менің құлагыма жамырап шыққандай болып естіледі. «Эстетикалық тәрбие нашар деп жазып қойсам ба експ»,— деп бір ойлап қойдым.

Бір кезде қол ұстасқан балалар тұра қалып, ортаға бағанағы мен есеп сұраған адырақ көзді шақырды. Манағыдай имену жоқ, ол батыл басып ортаға шықты да, Ыбырай Алтынсариннің «Кел балалар, оқылық» өлеңін тақпақтай жөнелді.

«Кел балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық...» —

деп тық-тық етеді. Тақпағы көкейіме қошып барады. Сонда да, тексерушілік пнғылым майдай еріп бара жатқан көңілді қайта қатайтты. Тақпақ бітіп, әлгі адырақ көзім жұртқа қошеметтей басын не бергенде, көлденең сұрақты қойып қалдым:

— Осыны кім айтты?

Әлгім сарт еткізіп, жауабын берді де салды.

— Қуантай айтты.

— Иә, Қуантайың кім?

— Мен.

— Менің кім?

— Мен бе, мен Қуантай.

«Оқушылар Ыбырай Алтынсаринді білмейді»,— деп түйіп қойдым ішімнен...

Мұнан соң сабаққа қатыстым. Мұғалім класты түгендеп болып, жаңа сабақты түсіндіруге кірісті. Сөзі жатық, ұғымға жеңіл. Балалар ынтамен тыңдап отыр. Екі көзім әсіресе Қуантайда. «Осы не бітіріп отыр?» — дегендей, ол да маған көз кныгымен ұрлана қарап қояды.

Осындай тыныштықпен жүріп бара жатқан сабақ бір кезде дүр етіп бұзылды да кетті. Еш сыбырсыз отырған балалар ду етіп кейбіреуі орындарынан ұшып тұрып мойын-

дарын ілгері соза түсті. Не істерін білмей, сасып қалған мұғалім аңырып тұр. Мен балалар қараған жаққа қарасам кіре беріс бұрышта жылтың-жылтың етіп тышқанның басы көрініп тұр екен. Жалма-жап блокнотқа «Оқушылар тұрақты зейінге тәрбиеленбеген, сабақты ұқыпсыз тыңдайды»,— деп сүйкеп те жібердім. Жылтып тұрған тышқанды сылтау етіп, «Мектеп үйі жаңа оқу жылына нашар дайындалған»,— дегенді де қосып қойдым.

Сабақтан тапқан фактілерім осы болды да, неде болса түбірлеп шықпақ бои манағы құдай берген Қуантайды келесі үзіліс тағы әуреледім. Әкесі қойшы, шешесі сауыншы скен. Өзінің үлгерімі орташа көрінеді. Оны-мұныны сұрап айналдырып біраз тұрдым да, кете бердім. Сөйткенімше, мынадай әңгіме құлағыма шалынды:

— Әй, Қуантай, бұл қандай мұғалім?

— Әй, бұл мұғалім емес.

— Кет-ай, снді кім?

— Шопыр.

Таң қалғаным сондай, тоқтай қалдым. «Мені шофёр дейді, онысы несі? Кнiмiме қараймын, мүлтік жоқ, не бір тамшы бензин, не бір тамшы автол дағы болсайшы. Қызыл ала тоқыма галстук, жағасын крахмалдап қатырған ақ көйлек, модалы көк костюм, тек жолға шыққан соң пицца мен сары галифе шалбар киіп едім, содан күдіктеніп жүрмесе бұл Қуантай».

Келесі баланың кезекті сұрағы да естілді.

— Өй, қойшы, сықпыртып тұрсың ғой. Осындай шопыр бола ма скен?

— Өзің қызық екенсің,— деді Қуантай.— Қамарбек шопырды білмейсің бе, ол біздің мектепке кіргенде малақайын шешпейді. Мынау да малақаймен жүрген жоқ па, әне. Мұғалім болса сөйте ме?

— Міне саған безгелдек. Шап беріп басымды ұстасам, малақайым, шынында, қауқып басымда тұр. Адырақ көз Қуантайға қарай алмай, мұғалімдер кабинетіне жыл етіп кірдім де кеттім. Балалар мектептен тарағанша қайтып залға шыққарым жоқ.

СОНДА МӘСЕЛЕ НЕ ТУРАЛЫ БОЛДЫ?

Қамтуы, көлемі шағындау демесе, бұл да бір шамасына қарамай, «өйту керек, бүйту керек» деген сарында құшақ-құшақ шешімдер қабылдап та жібере салатын нөпір жиналыстардың бірі болатын. Келгендер — осы шағын ғана ауылдың белсенділері.

Далабай әдетінше кешігін, президиумы сайланған, мәжіліс бастығы ұйғарылып қойылған үстінен түсті. Есіктен сипалай кіріп, бүккендеген қалпы ол кейіндеу жаққа орналасып бола бергенде, стол басы күн тәртібін де хабарлап жіберді.

Мал қыстату туралы көрінеді. Енді қол көтеріліске салмақ боп тұрғанда:

— Жолдастар, бір міндет, бір міндет, — деп Далабай сопақ ете қалды.

Маузырап тыныш отырған жұрт елең етті. Далабай іс-міс жоқ, салдыратып отырып трибунаға тартты:

— Жолдастар! — деді ол қабағын қалындата түйіп. — Мал қыстату, әрине, қажет мәселе ғой. Сонда да мен дәл бүгінгі таңда кезек күттірмейтін, бүкіл қауыммен жұмылатын, ұйымшылдық, белсенділік дегенді дәл осы араға төгетін бір... енді сондай бір керемет мәселені қойғалы тұрмын алға.

— Ей, болсаңшы енді шұбалтпай, — деп біреу шыдамсыздапды.

— Тоқта, тоқта, жолдас, — деп Далабай тікенек жирен мұртын ширатып бір тастады. — Мәселен, мен айтайын, серьезный. Мәселе... түлкі туралы...

— Осы немене деп былығып тұр өзі? — деп біреулер шіміркеніп еді, тонып қаудырлата бір сілкіп тастап:

— Қайталап айтайын: түлкі болғанда, мәселе жынданған түлкі жайында, — деді.

Тосып хабарын оған сайып нығыздай түсу ниетімен «ал ендеше» дегендей, шегір көзін ежірейтіп қойды.

— Ә, қойшы осыны, — деп біреулер қолды сілтеп еді, жұрттың біразы Далабайдың мәселесіне қарай ойысып қалды:

— Тұра тұр, тындайық, — десті. — Білген бірденесі бар шығар...

— Жана, — деп Далабай енді еркінірек сөзін жалғастырды. — Көршіміз шеке беріп, сонда қонақта отырғанда... кездейсоқ біреулермен кездесіп қап... солар айтты. Осы маңайда жынданған түлкі қаптап кетіпті дейді.

Осы «дейдімен» жұртты бір ықтырып алған Далабай енді трибунаға емін-еркін жайғасып, омырауып ашыңқырап тастаған күйде жынданған түлкі жайындағы әңгімеге кеңінеп кірісті. Оның айтуынша, бұл бір лаулап тұрған пәле көрінеді. Ол арс етіп қапқан адам табынында мүлгіп жүре берсе керек. Оның сілекейі ерекше улы екен де, әсіресе байлауда тұрған малға кесенат дейді. Тіпті түлкін, кездесе қалса, жолбарысынды шопақ құрлы көрмесе керек, тіліп түседі дейді.

— Тіпті бар ғой,— деді Далабай,— сендерге өтірік, маған шын, мына бір көрші ауылда бар ғой, әлгі анау кім еді... әлгі теке сақал, қыли көз бар ғой, аты кім еді көп жасағырдың? Иә... соның прәмі үйіне кіріп, қойнына жатып алыпты дейді. Сорлыға осы күні докторлар шыңғыртып иіс сұққылап жатқан көрінеді...

Осындай «дейді, көрінеділердің» тығыздауымен отырған жұрттың көзіне айтылмыш түлкілер құтырған кейіпте ап-айқын елестей бастады.

— Ойбай-ау, семіртіп отырған соғымым далада байлаулы еді,— деді бірі, екіншісі:

— Қораның қақпағы ашық қалды ма деп қорқып отырғаным,— деп алаңдай бастады.

— Ау, жолдастар,— деп тағы ұран салды.— Осы құтырған түлкі қорамызға қашан келіп өзі кіреді деп қарап отырамыз ба? Құртайық та жауызды. Құртайық! Ағаш-ағаш, орман-тоғайды сүзіп, қағыстырып, қыр соңына түсу керек жауыздардың.

Стол басы осы тұста:

— Жолдастар, біз осы негізгі мәселеден ауыңқырап кеттік пе, қалай? — деп мәймөңкелей бастап еді, оны тыңдаған жұрт болмады.

— Тұра тұр, алдымен мынаны шешіп алайық та, — десті. Оны арқаланған Далабай:

— Менің ұсынысым — осы түлкілерді құрту жөнінде жиырма кісіден арнайы комиссия құрайық,— деп салды.

Оны қолдаушылар да табыла кетті.

— Дұрыс, бөлейік...

— Тек жиырмаң көп соғар, он бес кісіден болсын...

— Бөлгенде, сақадай сай сақылдаған жігіттер болсын. Шәлтірік-мәлтіріктің керегі жоқ. Тіпті, қажет етсек, жұмыстан да босатып жіберуден тайынбайық. Менің ойымша, Сәлкенді бастық етіп шығарайық, жортуға аты жүйрік,— деді Далабай.

Мұнан соң ұсыныстар бірінен соң бірі қаптады:

— Көркепді ұсынамын. Оның мылтығы тиімпаз.

— Мәлкебайды қалдырмайық. Із кесуге шебер пәлскет.

— Бөлкебай қайда? Оны да қосындар. Атқа тақымы мықты.

Мәселені тұжырымдай келгенде, жиналысқа қатысып отырғандардың жартысынан көбі таң ата сарт-сұрт сайланып, атқа қонатын болды. Осылай шешім тамамдала бергенде, аң құмарлардың бірі:

— Ой, жолдастар, Далакәң қайда қалады сонда? О кісі де жүрсін,— деп еді, Далабай:

— Ойбой, атама, шырағым,— деп шоршып түсті.—
Өздерін де бір-бір елді басқаратын дырдай-дырдай жігіт-
тер емессіңдер ме, менсіз де бірдене етерсіңдер. Мен осы
жақта күніне пеше түлкі соғылғаны жөнінде ілгері жаққа
мәлімет беріп отырушы болайын да...

— О да болсын,— деп келісе салды жұрт. Стол басы:

— Уақыт түптің жартысынан ауып кетіпті. Мал қыс-
тату жөніндегі мәселені талқылап тастаймыз ба, қайте-
міз?

— Қыстың өзі келіп қалған жоқ па, көп созбай тал-
қылай салайық. Алдымен управлайші не дер екен? — десті.

Бұған жауап қысқа болды:

— Жұрт қатарлы бірдене етіп шығармыз қыстан...

Сұрақ:

— Біргадір ше?

Жауап:

-- Көштен қалып, аштан өлмеспіз...

Сұрақ:

— Форажір не айтады, форажір?

Жауап:

— Ы, орталық жақ жемді көбірек берсе болды ғой...

Сұрақ:

— Тағы пікір бар ма?

Тағы Далабай көтерілді.

— Не пікір бар айтатын. Қыс көп болса алты айға со-
зылар. Қолдан келмей бара жатса, көрші-қолаң шаруашы-
лықтар бар. Жылда өстіп аллалап жүргеміз жоқ па?— деп
басу айтты.

Төк етер түйін осылай болған соң, енді қаулыға келген-
де, күні бұрын дайындалып қойылған жарты беттей шимай
бірдене бар екен, соны оқысты. Қорытындысында: «Мал
қыстату науқанын жоғары сапада өткізу үшін, малшылар
арасында саяси-үгіт жұмысын қаулатып, көпшілік мәдени
істерді жандандырып, дүрілдетейік. Мал базаларында оқу-
шылардың күшімен тез арада бірнеше концерт берілсін»,—
деген қаулы алынды.

Осындай қарармен қанағаттанған белсенділер алдағы
үлкен-үлкен істерге құлшына кірісу үшін, есінеп-пысынап
таң-ата бұгжең-бұгжең тарасты. Үйді-үйіне кетіп бара жа-
тып олар бір-бірінен: «Осы бүгінгі біздің талқылаған мәсе-
леміз не туралы болды», — деп сұрап бара жатты.

МАЗМУНЫ

Жол басы	3
Эке	34
Парыз	41
Бір күй бар домбырада тартылмаған	47
Адасқаншың айыбы жоқ	54
Тыныш тұрмыс	58
Айып кімде	65
Даудың басы	67
Тосын азап	68
Көңіл шіркіп құйкылжып	71
Ондай жазғыштығың өзіңе	75
Көп жасағың келсе	77
Интервью	78
Ән сабағы	80
Тергеуші	82
Сонда мәселе не туралы болды	84

ЕРМЕК ҚОНАРБАЕВ

НАЧАЛО ПУТИ

Рисскказы

(на казахском языке)

Редактор *Ж. Қарменов*. Рецензенты: *Ж. Молдағалиев*,
Б. Сарбалаев. Худ. редактор *Х. Абаев*. Художник *А. Та-*
менов. Техн. редактор *Т. Алышбаев*. Корректор *С. Утс-*
генова.

Бумага № 2. Формат 84×108¹/₃₂—2,75—4,62 усл. п. л. (5,23
уч.-пзд. л.).

УГ13713. Тираж 10 000 экз. Цена 35 коп.

Издательство «Жалын», 480003, г. Алма-Ата, ул. Гоголя, 111.

Заказ № 3871. Типография оперативной и билетно-бла-
почной продукции производственного объединения поли-
графических предприятий «КІТАП» Государственного ко-
митета Совета Министров Казахской ССР по делам
издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-
Ата, ул. К. Маркса, 15/1.

35 т.

